«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Жұлдыздар» ересектер тобы

# Вариативтік журналы

Тәрбиешілер: Асемова Н.

Қамытбекова Ұ.

2021-2022ж

**«Ойнайық та, ойлайық» Вариативтік компонентінің жылдық жоспары**

| Р/с | Сағат саны | Мерзімі | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 7.09.2021ж | «Ойлаймыз да,ойнаймыз» | Балаларға жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту |
| 2 | 1 | 14.09.2021ж | «Тиісті торға орналастыр» | Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау |
| 3 | 1 | 21.09.2021ж | «Ойнайықта ойлайық» | Заттардың құрылысын салыстырып айтып беруге үйрету |
| 4 | 1 | 28.09.2021ж | «Бастырғыш» | Балалардың ойлау қабілетін дамыту |
| 5 | 1 | 05.10.2021ж | «Қоянды тап» | Қоянның суретін салу арқылы,түрлі сызықтар,пішін салу |
| 6 | 1 | 12.10.2021ж | «Біздің көңіл күйіміз» | Смайликтер арқылы көңіл-күйлерін орнына қою |
| 7 | 1 | 19.10.2021ж | «Үй құстары» | Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату. |
| 8 | 1 | 26.10.2021ж | «Қарама- қарсы» | Ой-өрісін кеңейту,ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | 1 | 02.11.2021ж | «Жеке атауын ата» | Ойлау қабілетін дамыту және қызығушылықтарын арттыру. |
| 10 | 1. | 09.11.2021ж | «Геометриялық пішіндерді тап» | Бірдей геометриялық пішіндерді тауып ,орнына қою. |
| 11 | 1 | 16.11.2021ж | «Өз үйіңді тап» | Пішіндердің көмегімен жануарларға үй құрастыру |
| 12 | 1 | 23.11.2021ж | «Қарап алда есіңде сақта» | Ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту,тапсырманы бұлжытпай орындауды үйрету. |
| 13 | 1 | 30.11.2021ж | «Әдемі суреттер» | Балаларды шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету,суреттерді дұрыс құрастыру. |
| 14 | 1 | 7.12.2021ж | «Сыңарын тап» | Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу,тапсырманы орындау,шатасқан суреттерді орнына қоюды қадағалау. |
| 15 | 1. | 14.12.2021ж | «Ғажайып орман» | Орманның құпияларымен таныстыру,суретке қарап талдау жасау. |
| 16 | 1 | 21.12.2021ж | «Бұл киімдерді қай кезде киеді?» | Киім түрлерімен таныстыру.сұлулыққа. ұйымшылдыққа баулу. |
| 17 | 1. | 28.12.2021ж | «Кім көңілді» | Адамгершілік.мейірімділікке баулу.жан-жағындағы тіршілікті тану. |
| 18 | 1 | 11.01.22ж | «Заттың атын ата» | Заттардың түрлерін танып,оның қолдану,оларға талдау жасау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 1. | 18.01.2022 | «Дастархан мәзірі» | Адамдар еңбегін бағалау.нанның дастарханға қалай келетінін білу,дәстүрді сақтауға тәрбиелеу. |
| 20 | 1 | 25.01.2022г | «Жайлауда» | Танымдық қызығушылықтарын арттыру,сурет бойынша әңгіме құрастыру |
| 21 | 1. | 1.02.2022г | «Мамандықтың бәрі жақсы» | Үлкендердің еңбегін бағалау,мамандық таңдауға қызығушылығын тудыру |
| 22 | 1. | 8.02.2022г | «Сөйлемді аяқта» | Ойлау қабілеттерін арттыру,сөздік қорларын молайту,суретпен жұмыс жасай білуді үйрету. |
| 23 | 1 | 15.02.2022г | «Нан қалай жасалынады» | Нанды қадірлеуге үйрету,адам еңбектерін бағалау, ұннан жасалатын тағам түрлерін біліге үйрету. |
| 24 | 1 | 22.02.2022г | « Бұл қай мезгіл» | Табиғат сұлулығын сезіне білу,қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. |
| 25 | 1. | 1.03.2022г. | «Орнын тап» | Балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып,ойлау арқылы құрастырып,мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |
| 26 | 1 | 15.03.2022г | «Бізде де ойын» | Баланың ой-өрісін кеңійту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. |
| 27 | 1. | 29.03.2022г | «Бірге ойлап табайық» | Балалардың ойлау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру,табиғат мезгілінің ерекшеліктерін қимылмен білдіруге үйрету. |
| 28 | 1 | 5.04.2022г | «Кім жылдам» | Отбасы туралы әңгімелеу,ұқыптылыққа,ұйымшылдыққа,мейірімділікке баулу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | 1 | 12.04.2022ж | «Жалпы атауын ата» | Өз бетінше жұмыс жасай білуге,санау,салыстыру дағдыларын қолдана білуге баулу. |
| 30 | 1 | 19.04.2022ж | «Дәмін ажырат» | Балаларды сезімталдылыққа тәрбиелеу,жемістер мен көкеністерді ажыратуға үйрету. |
| 31 | 1 | 26.04.2022ж | «Суретті таңдап ал» | Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету. |
| 32 | 1 | 3.05.2022ж | «Телефон» | Телефон түрлерін ажырыта білуге,ойлау қабілеттерін арттыру,телефон арқылы ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. |
| 33 | 1 | 10.05.2022ж | «Сөйлемді аяқта» | Оқу құралдарын атау,сөздік қорын арттыру,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| 34 | 1 | 17.05.2022ж | «Жеке атау» | Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістермен,табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы түсінігін молайту,ойлау қабілеттерін нығайту. |
| 35 | 1 | 24.05.2022ж | « Қарама-қарсы сөздер» | Балалардың ой-өрісін кеңейту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. |
| 36 | 1 | 31.05.2022ж | «Тиісті торға орналастыр» | Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау, ойлау,есте сақтау қабілеттерін ояту. |
| | Барлығы | | | |

Тексерілді

«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Жұлдыздар» ересектер тобы

Вариативтік компонент

# Тақырыбы: «Ойнайықта ойлайық»

Тәрбиешілер: Асемова Н.

Қамытбекова Ұ.

2021-2022ж

Күні: 7.09.2021ж

**Тақырыбы:** «Ойлаймыз да, ойнаймыз»
**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Балалар суретке қараңдаршы, қане боялған қанша сурет бар, боялмаған қанша сурет бар?<br><br>Ойланып көрейік және санайық.<br><br>Мына жердегі суреттер ұлу, құлпынай, бұлт, жыланның суреттері боялған екен. Түстеріне назар аударайық.<br><br>Ал мына суреттер машина, бағдаршам, терезе боялмаған екен. Ал енді осы суреттерді санына қарай топтастырып көреміз. Ойланайық және санайық.<br><br>-Дұрыс айтасыңдар балалар, санды жақсы біледі екенсіңдер.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Біздің топта ұл-қыздар,<br><br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br><br>Айналаға адамға,<br><br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br><br>«Ойлан тап» ойыны.<br><br>Шарты: Тәрбиеші балаларға қорапшадағы ойыншықты жұмбақ жасыру арқылы айтады. Балалар ойыншықты ойланып атауын тауып береді. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Балалар боялған және боялмаған суреттерді көрсетіп атауын атап, олардың құрылымы мен түр-түсін атап береді.<br><br>Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті орындалады.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Балалар ойлау арқылы ойын ойнауды.
Игереді: Жұмбақ шешуді.
Меңгереді: Ойыншықтарды санауды және топтастыруды.

Текс. [signature]

Күні. *14.09.2021ж*

**Тақырыбы:** «Тиісті торға орналастыр»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін ояту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау.
**Көрнекі құралдар:** Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты,<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз,<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындарында тұрып орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Бір айда неше апта бар?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі жексенбі.<br>-Бүгін аптаның қай күні?<br>-Балалар мына қараңдаршы, Ас бөлмесінің заттары шашылып жатыр екен. Осы заттарды тиісті торға орналастырсақ ас бөлмесі жиналып қалады. Ол үшін үлгіге қарап, қандай зат қай жерде тұрады, көріп алайық,<br>Мына қазан газ плитасының үстінде тұрады.<br>Ал мына кесе үстелдің үстінде тұрады екен. Ал жастық болса төсектің үстінде жиналып тұрады екен. Көрдіңдер ме, балалар барлық заттарды тиісті торға орналастыру арқылы ас бөлмесін жинап алдық.<br>Ал мына суретте қоянның үйінде шашылып жатыр екен. Қане, бәріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.<br>Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.<br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Біз шаттығу жасаймыз. | -Қыс<br>-Үш ай бар.<br>-Төрт апта бар.<br>- Жеті күн бар.<br>-<br>-Сәрсенбі.<br>Балалар берілген тапсырманы орындап, тиісті орынға қоюды үйренеді.<br>Сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар біз бүгін қандай заттарды тиісті торға орналастырдық.<br>Қоянға тордың ішінен несін тауып бердік? | • Қазан, жастық, кесе.<br>• Сәбізін. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Заттарды тиісті орынға орналастыруды.

**Нені игерді:** Ұқыпты жұмыс істеуді.

**Нені біледі:** Артық заттарды торға орналастыруд

*Тексерілді* [signature]

Күні: 21.03.2021ж

**Бөлімі:** Ойлайық та ойнайық

**Тақырыбы:**«Суретті таңдап ал»
**Мақсаты:**Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету.Байқағыштықпен дәлдікке тәрбиелеу.
**Құрал- жабдықтар:** Көрнекіліктер мен суреттер.

| Оқу іс- әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеттері | Балалардың іс- әрекеттері |
|---|---|---|
| **Мотивациялық- қозғаушылық** | Шаттық шеңбері: | Шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын қайталайды.<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашанда, қайдада!<br>Дос болып бәріміз<br>Сенімді боламыз! |
| **Ұйымдастырушылық- іздеңістік** | -Балалар қазір қай мезгіл?<br>-Көктем мезгілінде қандай айлар бар?<br>Балалар тақтаға қараңдаршы қандай суреттер көріп тұрсыңдар?<br>Суретші әртүрлі суреттер таңдапты соның ішінде табиғаттың суретіне қараңдаршы тауды қоңыр түспен, күнді сары түспен, шөптерді , талдарды жасыл түспен, суды көк түспен бояпты. Суреттерді дұрыс таңдай білу керек.<br>**Сергіту сәті** | -көктем<br>-наурыз, сәуір, мамыр айлары бар.<br>Балалар суретке қарап жауап береді.<br>Лағым, лағым,<br>Тентек болма шырағым,<br>Секеңдемей тіліңді ал,<br>Селтеңдемей құлағың<br>(Өлең шумағына қарай қимылдар жасайды) |
| **Рефексиялық- түзетушілік** | **Қорытындылау**<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. | Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** суретті дұрыс таңдай білуді

**Игереді:** байқағыштықпен , дәлдікті

**Меңгереді:** контурлық бейнемен суреттерді салыстыра білуді

Текс: [signature]

Күні: 18.05.2021ж

**Тақырыбы:** «Басқатырғыш»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көрнекіліктер мен суреттер.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>-Қайырлы таң балапар!Бүгін күн қандай керемет! Қане барлығымыз бірбірімізге жылы,көтеріңкі көңіл сыйлайық.<br>Дос болайық,бәріміз<br>Жарасып тұр өніміз<br>Тыныштықты сақтаймыз<br>Атсын күліп таңымыз | Шеңбер бойында тұрып өлеңді қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Сұрақ-жауап арқылы балалардан сұрау,жауаптарын тыңдау.<br>-Жылдың неше мезгілі бар?<br>-Қандай мезгілдері бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі<br>**Суретпен жұмыс жүргізу:**<br>-Балалар,тақтадан не көріп тұрсыңдар?<br>-Суреттер араласып кетіпті ия балалар, қане бәріміз бірге топтастырайық.<br>-Бірінші суретте жемістердің ішінде қандай сурет кіріп кетіпті?<br>-Ал екінші суретте?<br>-Ия дұрыс балалар . Сендерге әдейі шатастырып берген суреттерді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Қолды белге қоямыз<br>Бұрыламыз оңға бір<br>Бұрыламыз солға бір<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз<br>Жаттығулар жасасақ<br>Жақсы сергіп қаламыз. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Суреттер<br>Суреттердің араласып кеткенін ажыратады.<br>-Сандар<br>-Аңдардың ішінде киімдер артық.<br>Барлығы қимылмен орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Суретте көрсете отырып,сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылайды.Балаларды мадақтайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

Күтілген нәтиже:

Нені білу керек: суреттерді топқа ажырата .

Нені игереді: ойлау қабілеті арқылы ой өрісін дамыту.

Нені біледі:Басқатырғыштың не екенін білу.

Текс: [signature]

Күні: 05.10.2021ж

Тақырыбы: «Қоянды тап»
Мақсаты: Балаларға қоянның сурет арқылы әңгіме құрауға дағдылау. Сызық сызу арқылы ой өрісін дамыту.
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Балалар суретке қараңдаршы, нелер адасып жүр екен?<br><br>-Қанеки баріміз осы қоянға өз үйін тауып жол көрсетейік.<br><br>Ол үшін алдымыздағы қағаздан қоянды тауып алайық<br><br>-Жарайсыңдар, балалар. Енді нүктелерді бір – біріне қосу арқылы қоянды үйіне жеткіземіз. Қане, балалар бұл жерде шапшаң қимылдайық.<br><br>Әйтпесе қояндар секіріп қашып кетуі мүмкін.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Ұзын құлақ сұр қоян<br><br>Естіп қалып сыбдырды.<br><br>Ойлы қырлы жерлермен,<br><br>Ытқып, ытқып жүгірді.<br><br>Қарап еді артына,<br><br>Қиылып сап өзінің,<br><br>Келе жатқан томпаңдап,<br><br>Көжегі екен өзінің.<br><br>Ал енді балалар үйіне жеткен қоянмен қоштасамы | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Қоянға көмектесейік.<br><br>Балалар нүктені бір-біріне сызық сызу арқылы қосады.<br><br>Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті орындалады.<br><br>Қимыл-қозғалыстар жасайды |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>Нүктені бір-біріне қостыңдар ма?<br><br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар. | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Қоянды өз үйіне апаруды.
Игереді: Нүктені бір-біріне қосуды.
Меңгереді :Қоянға қамқорлық жасауды

Таксі [signature]

Күні: 12.10.2024ж

**Тақырыбы:** «Біздің көңіл күйіміз»

**Мақсаты:** Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, смайликтер.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br>-Балалар мына суреттегі балалардың көңіл күйлері өте көтеріңкі екен. Бұл балалар қармен ойнап, аққала тұрғызып, шаңғы тебін жүр. Бір-бірлерімен тату-тәтті ойнап, қыс қызығын тамашалап жүр.<br>-Балалар үйде ата-аналарың қастарыңда болса, сендерге сыйлық жасаса көңіл күйлерің көтеріліп, мәз боласыңдар, иә?<br>-Ал топта бір-біріңмен ойнап, тәрбиешілеріңді тыңдап жүрсеңдер де көңілдерің көтеріліп жүреді.<br>-Балалар көңілсіз жүрсең мазаларың болмай, тырысып, бүрісіп, бір-біріңмен ойнамай жүресіңдер. Сол үшін әрқашан көңіліміз көтеріңкі болсын.<br>Көңіл күйлер түрлі смайликпен де бейнеленеді.<br>Мысалы: Көңілі көтеріңкі смайлик күліп тұрады.<br>Көңілі көңілсіз смайлик бұртиып тұрады.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жаттығуды жасаймыз.<br>«Көңілін тап» ойыны.<br>Шарты: Балалардың алдында суреттерде қоянның көңілін табу үшін сәбізді сыйға беру керек. Сол кезде қоянның көңілі көтеріледі. | -Қыс.<br>-Қар жауады.<br>Балалар тақтадағы суретке назар аударады. Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br>-иә қуанып қаламыз<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Балалар қоянға сәбізін тауып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен?<br>-Ойында қоянның көңілін қалай көтердік? | -Анамыз қасымызда болғанда.<br>-Сәбізін тауып бердік. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Смайликті көңіл күйге сәйкес орнынан қоюды меңгеред

Күні: 19.10. аталы.

Тақырыбы: «Үй құстары»

**Мақсаты:** Үй құстарының тіршілігі туралы мәлімет беру. Олардың көбеюі, адамға әкелетін пайдасы туралы айта отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер:** Үй құстарының суреттері, жұмыртқа.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br><br>«Көңілді балапандар» музыкасын қояды. | Әуен ырғағымен би билейді. |
| **Ұйымдастыру-**<br><br>**шылық- ізденістік** | Тәрбиеші балаларға тауық пен қораздың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы сұрақтар қояды. Балалардың жауабын тыңдап, болғаннан кейін қосымша ақпарат береді.<br><br>-Балалар сендер білесіңдер ме, қораз бен тауық бірнеше жылдар бұрын жабайы құс деп аталған. Қораз бен тауықтың бірнеше түрі болады. Олардың көпшілігін адамдар етін, жұмыртқасын жеу үшін, және мамықтарынан жастық т.б. тұрмыстық заттар жасау үшінжағдай жасайды. Сол себепті оларға жемін беріп, қорасын жасап, өнімді көп беру үшін жағдай жасайды. Денегмен олар суыққа төзімді болып келеді.<br><br>-Олар жемді қалай жейді?<br><br>-Қораз бен тауықтар басқа құстар сияқты дыбыс шығарады.<br><br>-Қане есімізге түсірейік қораз қалай дыбыстайды.<br><br>-Ал, тауық ше?<br><br>-Тауықтың өзі он шақты дыбыс шығарады екен.<br><br>Олар өздеріне және балапандарына қауіп төнгенде де дыбыс шығарады екен.<br><br>-Балапан қалай дыбыс шығарады екен?<br><br>-Енді балапар балапандарды басқа да ит, мысық, жыртқыш құстардан да қорғау керек екен.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>«Шежелерім» әні<br><br>«Балапанды қорға» дидактикалық ойын.<br><br>Шарты: Балалар суреттегі балапандарды ит, мысық, жыртқыш құстардан қорғау керек. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына мұқият тыңдап, жауап береді.<br><br>Балалар тауық пен қораздың дауысын салады.<br><br>Әуеннің ырғағымен би билеп, бой сергітеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Тәрбиеші бүгінгі жиыннан алған әсерлерімен бөліседі, көңіл күйлерін сұрайды. Мақтау мадақ сөздер айтады. | Балалар үй құстары туралы әңгіме құрады. |

Күтілетін нәтиже:

Нені білуkерек: Қораз, тауық, балапан олардың тіршілік әрекеті туралы сипаттама беруді.

Нені игереді: Олардың ұқсастығымен айырмашылықтарын салыстырмалы түрде атап беруді.

Нені біледі: Оларға қамқорлық жасауды.

Тиіс. [signature]

Күні: 26.10.2021ж

**Тақырыбы:** «Қарама-қарсы сөздер»
**Мақсаты:**Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардыңой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама- қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.
**Көрнекіліктер:** доп, карточкалар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** -Құдыретті Күн, мен сені жақсы көремін!-Құдыретті Күн, мен сенен өтінемін.-Құдыретті Күн, маған тыныштық бер, қайырымдылық бере гөр.-Құдыретті Күн, маған денсаулық пен жылылық бере гөр! | Шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Қарама – қарсы сөздер антоним деп аталады. Мысалы, үлкен – кіші, көп – аз, артық – кем.**Ойын «Қарама – қарсы сөздер».**Шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады, допты ұстап алған бала кері лақтырып, айтылған сөзге қарама – қарсы сөзді айту керек.**Ойын «Кім жылдам?»**Шарты: Тақтаға қарама – қарсы суреттер ілінеді, балалар тез жауап беру керек.<br><br>**Ойын «Ащы - тәтті».**Шарты: Суреттерде әртүрлі көкеністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы – тәтті екенін айту керек.<br><br>**Сергіту сәті**Қолды күнге созайық, Күннен қуат алайық.Құстар қалай ұшады.Қанаттарын қағады.1-2-3 құс аспанға ұш.1-2-3 құс аспаннан түс.**Суретпен жұмыс:**Суреттерден қарама – қарсы суреттерді тауып, оларға сөйлем құрату. | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Алма – тәтті, бұрыш – ащы.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br><br>Балалар тапсырманы жылдам орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Сұрақ – жауап әдісі арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: суреттермен жұмыс жасауды;

Нені игерді: қарама – қарсы сөздерді айтуды;

Нені біледі:суреттерге қарап әңгіме құрауды.

Тексерілді

Күні: 09.11.2021ж

**Тақырыбы:** «Бірдей геометриялық пішіндерді тап?»
**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Бірдей геометриялық пішіндерді тауып, орнына қою.Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету. .
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де<br>Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде,<br>Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай<br>Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл? | -Қыс. |
| | -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? | -Аққала, шырша, сыйлық. |
| | Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. | |
| | -Балалар мына суреттерде геометриялық пішіндерден құралған неше түрлі қыс мезгілінің қызықтары бейнеленген. Шеңбердің көмегімен аққала жасалған. Үшбұрыштың көмегімен шырша, төртбұрыштың көмегімен сыйлықтар бейнеленген. Осы геометриялық пішіндерден тағы да неше түрлі бейнелер құрастыруға болады екен. Енді мына геометриялық пішіндердің бірдейін табыңдаршы? | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. |
| | Мысалы мына суреттегі шыршаның ойыншығы дөңгелек болса, аққала да дөңгелек. Шырша үшбұрышты болса, аққаланың мұрныда және түймелеріде үшбұрышты екен. Сыйлық төртбұрышты болса, аққаланың шелегідә төртбұрышты екен. | ойланады |
| | -Көрдіңдер ме балалар, геометриялық пішіндердің бәрі күнделікті өмірде қолданылады екен. | |
| | Сергіту сәті:<br><br>Қолды белге қоямыз,<br><br>Оңға, солға шайқалып,<br><br>Бір отырып, бір тұрып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз. | Сергіту сәтін орындайды. |
| | «Геометриялық пішіндерді тап?»<br><br>Ойыны.<br><br>Шарты: Балалар алдарындағы бірдей геометриялық пішіндерді тауып, санына қарай санап, орнына қояды. | Ойынды қызыға ойнайды.Пішіндердің атауын айтады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | -Бірдей геометриялық пішіндерді. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қою.
Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.
Меңгереді :бірдей геометриялық пішіндерді табу

Тексе: [signature]

Күні: 16.11.2024ж

Тақырыбы: «Өз үйіңді тап» Өткенді пысықтау
Мақсаты: Балаларға адамдар мен жан-жануарлар және құстардың да өз үйлеру болатыны туралы мағлұмат беру. Пішіндердің көмегімен үй құрастыруға үйрету
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қаксын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Балалар сендер қайда және неде тұрасыңдар?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар.<br><br>-Балалар біріміздің өз үйіміз бар. Үйімізде әкеміз, анамыз, ағамыз, тәтеміз, атамыз, әжеміз тұрады. Бәріміз бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреміз. Үйімізді жыл мезгілдеріне сай әрлейміз.<br><br>Жиһаздар мен төсектермен жабдықтаймыз.<br><br>Ал енді балалар<br><br>Мына суреттегі үйлердің иесін тауып көріңдерші. Аң құстардыңда өз үйлеру бар. Қоянның, пілдің құмырсқаныңда өз үйі бар<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br><br>Қолды белге қоямыз.<br><br>Оңға бір бұрылып, солға бір бұрылып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз.<br><br>Геометриялық пішіндер беріледі. Балалар сол пішіндердің көмегімен үй құрастырып, сол үйде кім тұратыны жайлы әңгіме құрау керек.<br><br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Үйіміз бар.<br><br>-Мынау қоянның үйі, аюдың үйі, құстардың үйлері деп жауап береді.<br><br>Балалар орындарынан тұрып өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Пішіндердің көмегімен үй құрастырады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Балалар сендер қайда тұрасыңдар?<br><br>-Геометриялық пішіндерден не құрастырдыңдар?<br><br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар. | -Үй құрауды.<br><br>-Үйде.<br><br>-Өз үйімізді. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Әр адамның жан-жануарлар мен құстардың үйі болатынын біледі
Игереді: Пішіндердің көмегімен үй құрастыруды
Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды

Тексерілді

Күні: 23.11.2021ж.

Тақырыбы: «Қарап алда есіңе сақта»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қаксын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар<br><br>-Балалар біз жан-жаққа қарап көрген заттымызды суретіміз есімеге тез сақтап қаламыз. Сол суреттер мен заттардың түр-түсіне де қатты назар аударып, көрген заттымызды алуға асығамыз.<br><br>Суретпен жұмыс:<br><br>Осы суреттің түсіне де назар аударыңдар.<br><br>Біздің айналамыз қоршаған ортамызда да түрлі әлем бар. Біз балабақшаға келер жолды да есімізге жақсы сақтап алғанбыз. Қандай кедергілер бар екенін де білеміз<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br><br>Қолды белге қоямыз.<br><br>Оңға бір бұрылып, солға бір бұрылып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз.<br><br>«Қарап алда есіңе сақта» ойыны.<br><br>Шарты: Балаларға белгілі уақытта сурет беріледі. Сол суретті есте сақтап, орнына қойып, түр –түсіне назар аудар | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Суретке назар аударады.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | -Түлкіні, саңырауқұлақты, алмына. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қояды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Текс. [signature]

Күні: 30.11.2021ж.

Тақырыбы: «Әдемі суреттер»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету. .

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br><br>-Балалар мына суреттер өте әдемі екен.<br><br>Қыздардың шашы өте әсем сәнделген, киімдері жинақы киілген, киімдерінің түстері бір-бірімен үйлесіп тұр екен.<br><br>Ал ұлдардың киімдері де әдемі екен. Жейделерінің түстері шалбардың түсіне үйлесіп тұр екен.<br><br>Балалар ал мына суреттегі торғайларға қараңдаршы, жап-жасыл ағашқа қонақтап отыр. Ал мына суретте балалар ойын алаңында ойнап жүр. Осы суреттердің бәрі әдемі суреттерге жатады. Адамдар суретке түсу үшінде әдемі киімдер киіп сәнделеді. Қазір жаңа технологиялардың көмегімен де әдемі суреттер бар.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Біз кішкентай балдырған,<br><br>Сескенбейміз жаңбырдан.<br><br>Табемізде қолшатыр,<br><br>Алдымызда жол жатыр.<br><br>«Әдемі суретте тап» ойыны.<br><br>Шарты: Балалар көп суреттің ішінен өте әдемі, бояуы қанық суретті табу керек. | -Күз.<br><br>-Жаңбыр жауады, жапырақтар түседі.<br><br>Балалар суреттерге қарап талдау жасайды.<br><br>Тәрбиешінің түсіндірмесін мұқият тыңдайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | Әдемі суреттер таңдауды.<br><br>Бояуы қанық суреттерді орнына қойдық. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қоюды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Берілген тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Тексерілді

Күні: 7.12.21ж

**Тақырыбы:** «Сынарын тап» Өткенді пысықтау
**Мақсаты:** Балаларға суреттен сыңарын табуға үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын кегершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>-Апта күндерін атап беріңдер ші?<br>-Балалар суретке қараңдаршы мына доптың бірдей түсті сыңарын тап. Саны қанша санаймыз. Оларды топтастырамыз және түр түсіне назар аударамыз. Ал мына суреттегі құстың сыңарын табыңдаршы.<br>Балалар бірдей етіп боялған суретті табады.<br>Сергіту сәті.<br>Күшік мысық, балапан,<br>Қуыршағым балақан.<br>Қане, бәрің тұрыңдар,<br>Ойынсауық құрыңдар.<br>«Сыңарын тап» ойыны.<br>Шарты: Балаларға суреттер шатастырылып беріледі.<br>Балалар бірдей суретті белгілеріне қарап, салыстырып сыңарын тауып, орнына қояды.<br>Мақсаты: Балалардың қызығушылығын ояту, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Сенсорлық танымын ояту. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>-Доп.<br>-3.<br>-2қызыл,1сары.<br>-Құс.<br>Сергіту сәтін іс қимылмен қайталайды.<br>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Балалар қандай заттардың сыңарын таптыңдар?<br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар. | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Тапсырма бойынша сыңарын табуды
.Игереді: Шатасқан суреттен табуды игереді.
Меңгереді: Шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға үйрене

Тексерілді

Күні: 17.12.21ж

**Тақырыбы:** «Ғажайып орман»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Суретке қарап талдау жасауға тәрбиелеу. Орманның құпияларымен таныстыру. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін.<br><br>Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай<br><br>Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- іздеңістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br><br>Суреттен ғажайып орманды көреді.<br><br>-Балалар сендер ғажайып орманға саяхатқа шыққыларың келеме?<br><br>Ғажайып орманға барар жолымызда көптеген кедергілер бар. Кәне, бәріміз сол кедергілерден құламай өтіп барайық.<br><br>-Балалар қараңдаршы айнала аппақ ақ мамықпен оралған орманымыз та әдемі көрік беріп тұр. Орманның өз сырлары құпиялары да бар екен.<br><br>Тып-тыныш орманда аюлар ұйықтап, тиіндер ағаштан ағашқа секіріп бүрлерін жеп ойнап жүреді. Тоқылдақ діңдерді тоқылдатып, азық іздейді екен.<br><br>-Көрдіңдер ме, балалар орманның іші тыныш болғанмен бұл жерде де тіршілік бар екен. Енді сендер орманды білесіңдер, өз қиялдарыңмен орманға саяхатқа шығыңдар,- жарай ма. Сендердің қиялдарыңдағы орман қандай екен?<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Ормандағы жидың,<br><br>Құлпынайы көп екен.<br><br>Теріп-теріп алайық,<br><br>Қаптамызға салайық.<br><br>«Ғажайып орман» ойыны.<br><br>Шарты: Балалар орман тіршілігін және кейіпкерлерін өз қиялдарымен іс қимылдарын жасау керек. | -Қыс.<br><br>-Аққала, шырша.<br><br>-Иә.<br><br>Балалар кедергілерден сүрінбей өтеді.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Балалар іс-қимыл жасау арқылы ойынды ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Ғажайып орманның қандай сырлары бар ?<br><br>-Аңдар не істеп жатыр екен? | -Орманға бардық.<br><br>-Көп екен.<br><br>-Ұйықтап, секіріп, азық аулап жүр екен. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Суретке қарап, талдау жасауды.
**Игереді:** Балалардың қызығушылығын арту
**Меңгереді:** Орман кейіпкерлерін сомдауды

Күні: 21.12.23ж.

**Тақырыбы:**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»
**Мақсаты**: киім туралы білімдерін кеңейту, киім түрлерімен таныстыру, сөздік қорларын толықтыру, сұлулыққа, ұйымшылдыққа баулу.
.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.**Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, тақтаға назар аударайықшы, ненің суреті бейнеленген?-Жарайсыңдар, балалар. Киім туралы түсінік беру.Әр жыл мезгілінде әртүрлі киенеміз. Қыста – қалың, көктемде – жылы, жазда – жұқа, күзде – жылы.Қыста киетін киімдер: Бас киім, малақай, шәлі, күртеше, бәтеңке, қолғап, қалың жейделер. Көктемде, күзде – жылы сыртқы киім, жылы аяқ киім, көйлектер, шалбарлар, туфли.Жазда – көйлектер, футболка, жеңі қысқа киімдер, сүйретпе аяқ киімдер, бас киім (жаздық)<br>**Сөздік жұмыс**Малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын.Туфли – жылы ауа райы кезінде киетін сәнді аяқ киім.**Сергіту сәті:**<br>Тоңса біздің қолымыз<br>Қолғапты киіп аламыз<br>Сарт - сарт - сарт<br>Шапалақты соғамыз<br>Тоңса біздің аяғымыз<br>Етікті киіп аламыз<br>Топ - топ - топ<br>Топылдатып билейміз<br>Д/о: **«Қуыршаққа киім кигізу»** | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br>-Киімдердің суретін көріп тұрмыз.<br>Балалар сөздерді қайталайды.<br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br>Балалар ойындықызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу қызметін қорыту:**<br>Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау. | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: әр жыл мезгіліне қарай киімдердің ерекшелігін;

Нені игерді ;байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі: сұраққа толық жауап бере біледі.

Тексерілді

Күні: 25.12.21ж

**Тақырыбы:** «Кім көңілді?»
**Мақсаты:** Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, смайликтер.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br>-Балалар қоянның, арыстанның көңіл күйі неге жоқ?<br>-Олар несін жоғалтып алды?<br>-Оларға кім көмектесті?<br>-Тиін не үшін көмектесті?<br>-Көрдіңдер ме, балалар тиін орман аңдарына көмектесіп бәріне көтеріңкі көңіл күй сыйлауды біледі екен.<br>Балалар бәріміз бір-бірімізге қамқорлық жасап, көмек көрсету керекпіз. Жақсы көңіл күйде болу үшін әрқашан жақсы бала болуымыз керекпіз.<br>Сергіту сәті:<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды қолына допты,<br>Қойды жолына допты,<br>Оңға қарады, солға қарады.<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>«Кім көңілді» ойыны.<br>Шарты: Балалар суреттегі балалардың көңіл күйін анықтап смайлик арқылы белгілеп қою керек. | -Қыс.<br>-Қар жауады.<br>-Олар сәбіз бен етін жоғалтып алған.<br>-Иә.<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Смайлик қою арқылы ойынды ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен?<br>-Ойында қоянның көңілін қалай көтердік? | -Анамыз қасымызда болғанда.<br>-Сәбізін тауып бердік. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.
**Игереді:** Балалардың қызығушылығын ояту.
**Меңгереді:** Смайликті көңіл күйге сәйкес орнынан қоюды меңгере

Текс: [signature]

Күні: 11.01.22ж

.**Тақырыбы:** «Заттың атын ата»

**Мақсаты:** Балаларға ұлттық ыдыстардың түрлерімен таныстыру, ыдыстар туралы мағлұмат беру

.**Көрнекіліктер:** ұлттық ыдыстардың суреттері

| **Іс-әрекеткезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шуғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Суретпен жұмыс.-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?-Бұл ыдыстарды қалай атаймыз?-Ұлттық ыдыстарды не үшін қолданамыз?-Ұлттық ыдыстарды неден жасайды?-Ұзақ жолға шыққанда жолаушы торсыққа қымыз немесе сусын толтырып алып шығады.-Ұлттық ыдыстар ұлттық ою-өрнектермен безендірілген?-Ою-өрнек элементтерін естеріңе түсіріңдерші?<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаздық, жаздық, көп жаздық,<br>Шаршады біздің саусақтар.<br>Бір, екі, үш<br>Демаламыз, жинап күш. | -Қазан, ожау, тостақ, торсық,т.б.<br>-Қазақтың ұлттық ыдыстары деп атаймыз.<br>-Ағаштан.<br>Құсқанаты, қошқармүйіз, бұғымүйіз, қызғалдақ.<br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>-Қазақтың қандай ұлттық ыдыстарын білесіңдер?-Қазақ халқы ыдыстарды неден жасайды? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: ұлттық ыдыстардың атауын;

Нені игерді: ыдыстардың аттарын жазып, оған дыбыстық талдау жасауды;

Нені біледі:дәптермен жұмыс жасай біледі.

Күні: 18.01.22ж

**Тақырыбы:**«Дастархан мәзірі»
**Мақсаты**: Асты қадірлеп, қастерлеуге үйрету.
Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру, балаларды дәстүрді сақтауға, нанды қастерлеуге ас ішу тәртібін есте сақтауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, аудиотаспалар..

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері** Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауадан салайық,<br>Жүрек жылуын салайық<br>Мейірім шоғын салайық.<br>Жиналған осы шуақты,<br>Достарыма шашайық. | Балалар деңгелене тұрып шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-іздеиістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.**Дастархан туралы түсінік беру**Үстел үстіне алдымен дастархан жайылады. Қазір сауда орындарында дастархандардың түр-түрі бар. Жаялықтардың әдемі безендірілген әр түрлі матадан болғаны дұрыс. Дастарханның негізгі маталары — зығыр (лен) мен мақта-мата болып табылады. Ең дұрыс шешім – ақ матадан тігілген дастархан. Егер тым қысқа болса, үстелдің аяқтары сырт көзге оттай басылып, дөрекі көрінеді, тым ұзын болса да, қонақтарға жайсыздық тудырады | Балалар мұқият тыңдайды. |
| | **Дастархан жабдықталуына арнайы тәртіп белгіленген:**— Алдымен фаянс ыдыс пен фарфор ыдыстар қойылады;— Келесі ретте ас ішу аспаптары қойылады;— Соңынан барып сусын ішетін шыны стақандар қойылады;— Майлық төселеді.Дастарханды жабдықтау әр түрлі болады. Ол күн мезгілі мен астың құрамына байланысты— *Таңғы ас— Түскі ас— Кешкі ас.* **Сергіту жаттығуы.**<br>Күнде аспанға қараймыз,<br>Қайтқан құсты санаймыз.<br>Үшбұрыш боп тырналар,<br>Көк жүзінде сырғанар.<br>**«Асхана»сюжетті – рөлді ойыны.** | Балалар айтылған ескертулерді зейін қойып тыңдайды.<br><br>Балалар сергіту жаттығуларын қимылмен орындайды.<br><br>Ойынды аса қызығушылықпен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту.«Не білдік, не білгіміз келеді?»**Сұрақтар қою арқылы алған білімдерін тексеру | Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. |

Күтілетін нәтиже
Нені білу керек: дастарханның мәзірін;
Нені игерді:дастарханда өзін ұстау ережелерін;
Нені біледі: байланыстырып сөйлеуді.

Текс: [signature]

Күні: 25.01.22ж

Тақырыбы: «Жайлауда»

**Мақсаты**: Жайлау және оның орналасқан жері, ағаш үйдің құрылысымен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрап өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйрету.

**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, аудиотаспалар..

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз,Шұғылалы таңдаймыз.Жарқыраған күндейміз,Ренжісуді білмейміз! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, таңертең ұйқыдан тұрғанда ең алдымен нені көреміз?<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар?<br>- Күн бізге жылуын шашады ма, әлде суығын төгеді ме?<br>- Олай болса, алақанымызды жылытайықшы, Алақанымыздағы жылуымызды жүрегіміздің, тұсына әкеліп, күннен алған күш қуатымызды бойымызға таратайық,<br>Балаларға слайд арқылы жайлау туралы көрсетеді, Көрсете отырып, балалармен; жайлау табиғаты, тау, өзен, ағаш, шөп, гүлдер, жайлаудағы киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар, жан - жануарлар гүлдер, жайлаудағы киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар жан - жануарлар жайында әңгімелеседі,<br>Балалар атаны жайлау көрінісін елестете отырып М.Хамзинның,»Жайлау» күйін тыңдатады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бүкпе бойды тік ұста<br>Еркін тұрып тыныста<br>Жәй оң қолды сол жаққа<br>Жәй сол қолды оң жаққа<br>Балалар атаға арнап тақпақ айтып береді.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Мына саусағым атам,<br>Мына саусағым әжем,<br>Мына саусағым әкем,<br>Мына саусағым анам,<br>Мына саусағым мен,<br>Бәріміз біз жанұя,<br>Дидактикалық ойын; **«Өрнектерді құрастыр»** | - Күнді<br><br>-Алақай! Шапалақ ұру.<br>-Жылуын<br>-қолдарын күнге созады.<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>«Жайлау» күйін тыңдайды.<br>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br><br>Балалар саусақ жаттығуларын орындайды.<br>Балалар ойынға қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Тәрбиеші атаға балалардың жұмыстарын көрсетіп мадақтайды. | Балалар қуанады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жайлаудағы тіршілікті;

Нені игерді:табиғат ерекшеліктерін меңгерді;

Нені біледі:ауызекі сөйлеу дағдысын

Тексерілді

Күні: 1.02.22ж

**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы»
**Мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру, сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылықтарын тудыру.
.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Балалар дөңгелене тұрып, бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді. -Сен ақылдысың! Біздің денсаулығымыз мықты. Біз онйап күлеміз, айналадағы дүниені танып білеміз | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Міне, көрдіңдер ме?балалар, болашақта әртүрлі мамандық иесі болу үшін ақылды, білімді, тәрбиелі болу керек.А) Жұмбақ шешкізу.Кірпіштен сарай үй салады,Ол адам кім болады? Құрылысшы да мамандық иесі. Біздің ақ сарайдай балабақшамызды аспанмен таласқан зәулім ғимараттардың барлығын құрылысшылар салуда.Негізгі бөлімД/о «Мамандықты ата» Дәптердегі мамандық иедлері бейнеленген суреттерге қарап, мамандық иелерін айту. Сұрақ – жауап.-Дәрігер не істейді?-Ғарышкер ше?-Полиция қызметкері не іс тейді?-Тағы қандай мамандықты білесіңдер? «Кімге, не керек?».Сұраққа ауызша жауап беріңдер. Дәптердегі аспан әлемі бейнеленген суретті аяқтаңдар. Осы суретті әңгімелеңдер. Ғарышкер мамандығы туралы түсіндіре кетейін. Ғарышкер – ғарышта аспан денелерін зерттейтін адам. Ұшқыш мамандығы туралы әңгімелеу.-Ұшқыш ұшақты жүргізеді. Жолаушыларды тасымалдайтын ұшқыш, әскри ұшқыш болады.-Полиция қызметкері елдің тыныштығын қадағалап жүреді.**Сергіту сәті:**<br>Көтереміз, қолымыздыСозыламыз жоғары.Бір, екі, үш.Денеңді солға бұр.Қолыңмен көмектес.Беліңді шынықтыр. | -Құрылысшы.<br><br>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді. -ұшақ. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>-Мамандық түрлерін атаңдаршы?-Бізге әріп үйрететін, тақпақ жаттататын қай мамандық иесі? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже
Нені білу керек: мамандық иелерінің атауларын
;Нені игерді: мамандық иелерінің қызметін;
Нені біледі: дәптермен жұмыс жасай біледі

Тексерілді

Күні: 8.02.22ж

. **Тақырыбы:**«Сөйлемді аяқта»
**Мақсаты**: Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын арттыру.
. **Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Ненің суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. -Оқу құралдарын айтайықшы?**Суретпен жұмыс** Суреттегі іс – әрекетті баяндау. **«Жоғалған әріптер»** ойыны **Шарты:** тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді. Мысалы, Көктем...... жылынды. Құстар ........ келді. Балалар құстарға ....<br>Жоғалған сөздерді тауып, сөйлем құрайды.<br><br>**Сергіту сәті** Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық<br>Басты солға бұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық.<br>Д/о «Сөз ойла, тез ойла» | -Оқу құралдарының суреті. -Кітап, қалам, қаламсап, түрлі – түсті қарындаштар, бояма,тар, түрлі түсті қағаздар<br>Суретке қарап әңгіме құрайды.<br><br>Сөйлемді толықтырып құрайды.<br><br>Балалар өлең мазмұнына қарай қимыл көрсетеді.<br><br>Балалар ойынға қызыға атсалысады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -оқу құралдары туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: сөздерден сөйлем құрауды

Нені игерді:байланыстырып ауызекі сөйлеу дағдыларын;

Нені біледі:оқу құралдарының атауын.

Текс

Күні: 15.02.22ж

. **Тақырыбы:** «Нан қалай жасалынады?»

**Мақсаты:**Нанды қадірлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған келтеген адамдардың еңбегі арқылы келетіндігін түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** Нан туралы салынған суреттер, ұннан жасалған тағамдар түрлері.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбер -Балалар адам жанының, жүрегінің кілті біздің езуімізде.Егер біз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек біз мейірімді,ақылды болып өсеміз. Жан- жағымызға күлкі сыйлайық.Олай болса кел,балалар күлейік!Кел балалар күлейік,Күлкіменен түлейік. Қабақ шытқан не керек, Күліп өмір сүрейік! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | **Ғажайып ағаштың пайда болуы.**Балалар біздің топта ғажайып ағаш пайда болды.Ғажайып ағаш туралы өтірік әңгіме оқып береді.Баяғы өткен заманда бір патшалықтағы балабақшаның тобының балалары жерге бидайдың дәнін отырғызыпты Бұл жерде көп дәндер.Ол дәнді олар терезенің алдынан тауып алыпты.Біраз уақыт өте келе ғажайып ағашта алма емес. Алмұртта емес, апелсинге де ұқсаматын.Нан, тоқаш,бауырсақ,печенье өсіпті.балалар болса, түскі асқа да,кешкі асқа да осы ағаштан жұлып жей беріпті.Ал нан қалай дастарханға келеді?Оны білу үшін балалар бүгін біз әр оталықта жұмыс істейміз.Қолымыздағы фишкалар бойынша орнымызды табамыз. Ережелерді түсіндіріп өту. Олай болса іске сөт, балалар.Суретпен жұмысНанның дастарханға қалай пайда болуы туралы әңгімелейді.-Астық жинау. Дәнді егістіктен жинау.Элеватор және қоймалар.**Дидактикалық ойын « Нан пісірейік»**Нан пісірудің ретін еске түсірейік.Қамыр илеу үшін не керек екенін өздері табады.Әр түрлі азық түліктің суреттері тұрады, балалар өздері тауып қосады.**Сергіту сәті**Жайқалады ақ бидай, басын иіп аққудай Трактор мен комбайн жүргізуге дайын..Балалар,мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер. | Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Балалар тапсырмаларды орындауға тырысады.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Бүгінгі оқу іс – әрекетінде не туралы айтылды?-Нанды кімдер пісіреді екен?-Нан қайда жасалады? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** нанның жасалу жолдарын

;**Нені игерді:** адамдардың еңбегін бағалауды;

**Нені біледі:**шаттық шеңберін дөңгелене тұрып орындауды.

Тексер: [signature]

Күні: 22.02.2022ж.

. **Тақырыбы:** «Бұл қай мезгіл?»

**Мақсаты**:Жыл мезгілдері туралы ұғымдарын кеңейту, ақыл - ойын, сөйлеуін тілін дамыту. Табиғат сұлулығын сезіне білу, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| **Іс-әрекеткезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Алдын ала тақырыптық суреттермен жұмыс жүргізу | Қызығушылықтары артады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>-Балалар неше жыл мезгілі бар?-Қандай?<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар! Ендеше өз түстерімізге барып отыра қойыңы!<br>-Ендеше балалар көне көзімізді жұмайық (музыка естіледі)<br>(осы кезде тәрбиеші сиқыршы киімін киіп алады)<br>-Балалар, қараңдаршы мені сиқыршы сиқырлап кетті. Мен енді сиқыршымын, міне сиқырлы таяқшам бар! Мен сендерге сиқырымды көрсетпес бұрын бір жұмбақ жасырамын! Сендер мұқият тыңдап шешуін табыңдар!<br>Жұмбақ<br>Аяз қысып, өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап жастар ойнайды.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Жарайсыңдар, бұл қыс мезгілі екен!<br>Ендеше мен сиқырлы таяғыммен сиқыр жасаймын.<br>(сиқырмен «қыс» мезгілінің слайд көрсетіледі)<br>Жұмбақ<br>Қар мұз еріп, су көбейіп,<br>Сай салаға толады.<br>Бүршік жарып, жарық ашып,<br>Гүл бәйшешек басады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>-**Сергіту сәті**Жел тұрды гуілдеп,<br>Ағаш біткен уілдеп.<br>Аспанды бұлт торлады,<br>Найзағайлар ойнады.<br>Жаңбыр жауды себелеп,<br>Кемпір қосақ көрінді.<br>Жарқыраған күн шықты. | Төрт жыл мезгілі бар. Қыс, Көктем, Жаз, Күз<br><br>Қыс мезгілінде<br><br>-Көктем мезгілінде.<br><br>Балалар қимылмен көрсетеді |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>-Балалар, міне біздің бүгінгі ҰОІӘ - міз таңғажайып сиқырлы болды.<br>Сендер не көрдіңдер? Нені білдіңдер? | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарын

Нені игерді:әр жыл мезгілінің ерекшелігін;

Нені біледі:жыл мезгілдерін ажырата біледі

Тексерілді

Күні: 1.03.2022ж

**Тақырыбы:** «Орнын тап»
**Мақсаты:** Балаға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету, өз бөлмесіндегі мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу
..**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларға балалар бөлмесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, әңгімелесу. | Қызығушылықтары артады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, таңертең ұйқыдан тұрғанда ең алдымен нені көреміз?<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар?<br>- Күн бізге жылуын шашады ма, әлде суығын төгеді ме?<br>-Олай болса, айтыңдаршы, үйдегі әркімге тиесілі не бар?-Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы.Біздің бөлмемізде қандай жиһаздар бар?-Ендеше, балалар балалар бөлмесімен танысайық, ия?Балалар бөлмесі – сәби көп уақытын өткізетін орын. Сондықтан оның интерьеріне аса жауаптылықпен қарау қажет.Нәресте өмірінің алғашқы жылдарындағы психологиялық, дене және ой қабілетінің дамуы өз бөлмесінен басталады. Яғни, ата-ананың міндеті - бала дамуына қажетті жағдай жасау. Ал мұндай қиын мәселеде мамандардың кеңесіне жүгінген дұрыс. Сонымен, балалар бөлмесі орналасу тәртібі.<br>**Сергіту сәті**<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Он саусақтың саласындай,<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Бір адамның баласындай.<br>Дидактикалық ойын**«Не артық?»** | - Күнді<br>-Алақай! Шапалақ ұру.<br>-Жылуын<br>- Бөл<br>-Төсек, үстел, орындық, ойыншықтар<br>-Жарайды.<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br>Балалар ойынға қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы айтылды?-Бөлменің түсі қандай болуы қажет?-Бөлмеде қандай жиһаздар болады? | Балалар қуанады.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

**Нені білу керек:** бөлмедегі жиһаздардың атауын;

**Нені игерді:**жиһаздарды ұқыпты ұстауға;

**Нені біледі:**ауызекі сөйлеу дағдысын.

Тексерілді

Күні 15.03.2022ж.

**Тақырыбы:** «Бізде де» ойыны

**Мақсаты:** Баланың ой- өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекті құралдар:** көрнекіліктер мен суреттер.

| Оқу іс- әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеттері | Балалардың іс- әрекеттері |
|---|---|---|
| **Мотивациялық- қозғаушылық** | Балалардың шеңбер құрып тұрып бір- біріне жақсы тілектерін айтады. | Бір- біріне тілектер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде қандай айлар бар?<br>-Дұрыс балалар .Балалар бізде балабақшада түрлі ойын түрлері бар ия топта ойналатын ойындар, үстел үсті ойындары және сыртта ойналатын ойындар. Мысалы біз далада қандай ойын түрлерін ойнаймыз?<br>-Ия әр ойынның өз ойын шартына қарай ойнаймыз.<br>Ойын шарттарын түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті:** | Қыс мезгілі.<br>Желтоқсан,қаңтар,ақ-пан<br>Балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдайды.<br>-Мысық пен тышқан, қасқыр мен жеті лақ, ақсерек пен көксерек.<br>Топ- топ түсіп төрт тұяқ,<br>Шоқырақтап шап атым.<br>Құйрық жалың сусылдап,<br>Ұш оғындай садақтың<br>Өзен кешіп, тау асып,<br>Шабысыңнан таңбас ем,<br>Дүрсілдетіп дүниені<br>Ытқып -ытқып зула сен<br>Өлеңнің мазмұнына қарай қимылдар жасайды. |
| **Рефлексиялық- түзетушілік** | Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін сұрайды. Сонымен қатар қандай ойын ойнағандарын, не үйренгендерін сұрайды. | Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**ойын түрлерін

**Игереді:**ой өрісін дамыту арқылы ойын түрлерін ажырата білуді

**Меңгереді:** ойындарды ойнай білуді

Тексерілді [signature]

Күні: 29.03.2022ж.

**Тақырыбы** «Бірге ойлап табайық»

**Мақсаты**: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру.

**Қолданылған көрнекілік**: Суреттер мен үлестірмелі материалдар

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жылулық шеңбері. | Күлімде,күн, күлімде,<br>Жер жасарып көгерсін.<br>Кешегідей бүгін де<br>Қанат қақсын көгершін.<br>Күлімде,күн,күлімде,<br>Жайнап түсті күнімде.<br>Жарқыраған жұлдыздай<br>Жарқ-жарқ еткен түнімде. |
| | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші сурет көрсетеді<br>Суреттен ғажайып орманды көреді.<br>-Балалар сендер ғажайып орманға саяхатқа шыққыларың келеме?<br>Жұмбақты шешу:<br>Қар, мұз еріп,су кебейіп,<br>Сай -салаға толады.<br>Бүршік жарып ,жапырақ ашып,<br>Гүл- бәйшешек басады.<br>Бөбектерім айтыңдашы<br>Бұл қай кезде болады?<br>Саусақ жаттығуы: | -Қыс.<br>- Жерді аппақ қар басқан.Аққала,шырша.<br><br>-Ия.<br><br>-Көктем мезгілінде.<br>Мына саусағым атам,<br>Мына саусағым әжем,<br>Мына саусағым әкем,<br>Мына саусағым анам,<br>Мына саусағым мен,<br>Бәріміз біз жан ұя.<br>(Қимылмен орындайды). |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Жұмбақ шешу арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Байланыстыра отырып сөйлеуді.

**Нені игереді:** Мезгілінің табиғатының ерекшелігін айту.

**Нені біледі:** Жұмбақ шешу арқылы балалардың ой өрісін дамыту.

Тексерілді

Күні: 5.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Кім жылдам?»

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс айта білуге машықтандыру, ой – өрісін дамыту, ауызекі сөйлеуге, алған білімдерін шығармашылыққа қолдана білуге дағдыландыру, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа баулу..

**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | -Балалар бүгінгі күнге жақсы тілектер тілейік. | Жылулық шеңберін тілектер айта отырып, орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Ауа райын бақылау<br>Отбасы туралы әңгіме жүргізу.<br>- Мынау не?<br>- Балабақшада не бар?<br>- Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>- Ал, үйдің отбасы мүшелерін атайық?<br>- Балалар үйден әкелген суреттерімен өз отбасылары туралы әңгімелейді.<br>- Атың кім?<br>- Сенің ағаң бар ма?<br>- Сенің әпкең бар ма?<br>- Сен қай балабақшаға келесің? бала:<br>Бақшасында балалар<br>Іні, әпке, аға бар<br>Ойыншықтар көп онда<br>Машина, ат, түйе бар<br>- Өлеңде отбасы мүшелерінен кімдердің аттары бар?<br>- Әже туралы не дейді?<br>- Әжең үйге қандай көмек береді?<br>- Өзің үйде қандай жұмыстар істейсің?<br>- Анаң үйде қандай шаруамен айналысады?<br>- Сендер өз отбасыларың туралы әңгімелеп беріңдер?<br>- Әр қайсыңның отбасында неше адам бар?<br>- Әкеңнің, анаңның, әжеңнің, атаңның есімдері кім?<br>- Сендердің неше аға, әпкелерің бар?<br>- Сендердің қайсыларың үлкен, ал қайсыларың кіші?<br>**Сергіту сәті:** Бас бармақ –әкем<br>Балаң үйрек-шешем<br>Ортаң терек-апам<br>Шылдыр шүмек-әпкем<br>Кішкене бөбек-мен<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Бір үйде бесеуміз | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ағам,әпкем,інім бар<br><br>-Әже туралы тақпақ<br><br>-Әжемізге көмектесеміз.<br><br>-Тамақ әзірлейді, кір жуады, үй жинайды, балаларға қамқорлық жасайды.<br><br>Қимылмен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау. | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Отбасына деген жылы сөздер айтуды, мейірімді, адал болуды

Нені игерді: байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі:Отбасы мүшелерін ажыратуды және олармен дұрыс қарым қатынас жасауды біледі.

Тekс.

Күні: 12.04.2022ж

Тақырыбы: «Жалпы атауын ата»
**Мақсаты**:Балалардың ойлау қабілетін арттыру, жалпы және жалқы атауларды ажырата білуге үйрету.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үлестірмелі материалдар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-Қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашан да , қайда да!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз ! | Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-Ізденістік** | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады?<br>-Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыңдар?<br>Бұларды жалпылай қалай атаймыз?<br>-Жалпы атаулары қандай?<br>-Жарайсыңдар,балалар,бұлардың жалпы атаулары болады.Бұлардың жалпы атауларын жабайы аңдар дейміз.<br>Тәрбиеші әңгімелесу,сұрақ-жауап әдістерімен тақырыпты ашады.<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Алақанды ұрамыз<br>Оңға қарай иіліп,солға қарай иіліп<br>Бір отырып,бір тұрып<br>Біз шынығып аламыз. | -Күз<br>-Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады.<br>Балалар жауап беруге тырысады.<br>Түлкі,аю,қасқыр.<br>-Жабайы аңдар<br>Балалар суретке қарап,<br>сұрақтарға жауап береді.<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балаларды соңынан оқу іс-әрекетке белсенділік танытқаны үшін мақтап,мадақтау. | Балалар қуанышты сезімде болады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:Бірінің сөзін бірі тыңдай білу;жалпы атауларын біледі.
**Игереді**:Аңдардың жалпы атауын және жалқы атауын игереді;
**Меңгереді:** әңгімелей білуді; Технологиялық картаны толтырған:

Жанібек

Күні: 19.04.2022 ж

**Тақырыбы:** «Дәмін ажырат»

**Мақсаты:** Балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу, жемістер мен көкөністердің дәмін ажырата білуге үйрету. . **Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Ненің суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қандай жемістердің суреті?-Алманың дәмі қандай?-Ал, лимонның дәмі қандай?**Суретпен жұмыс**Көкөністердің сипаттау. Дәмін, пішінін айту.Жемістер туралы тақпақтарӨрік, алма, шие, алша<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз,<br>Дүкендерге түседі.Мен шиемін, шиемін,<br>Күннің көзін сүйемін.<br>Қышқыл шырын менде бар,<br>Төмен басты иемін.Жапырақта тасалап,<br>Өскен жері бақша – бақ.<br>Күрең қызыл шіркін –ай,<br>Оның аты- құлпынай.Жүзім пісті бір-бірлеп,<br>Үзіп мезбіз біз енді.<br>Қоңырауы күмбірлеп,<br>Қыркүйекте күз келді.**Сергіту сәті**Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық.<br>Басты солға бұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық. Д/о «Танып алда, дәмін ажырат»<br>**Мақсаты:** Балалар жемістің дәмін татып ажырату керек.<br>- Балалар жемісімізді жеместен бұрын жақсылап жуып жеуіміз керек, әйтпесе балалар ішіміз ауырады.<br>Балаларға жемісті кесіп, жегізіп дәмін ажыратады. | -Жемістердің суреті.<br>-Алма, лимон<br>-Тәтті болады.<br>- Қышқыл болады.<br><br>Балалар тақпақты қайталайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін орындайды.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -жемістердің дәмі туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жемістердің дәмін ажырата білуі керек;

Нені игерді:ащы мен тұщы дәмді сезінуді;

Нені біледі:ауызекі сөйлеу дағдысын.

Тек-ш

Күні: 26.04.2022ж

**Тақырыбы:**«Суретті таңдап ал»
**Мақсаты:**Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету.Байқағыштықпен дәлдікке тәрбиелеу.
**Құрал- жабдықтар:** Көрнекіліктер мен суреттер.

| **Оқу іс- әрекетінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеттері** | **Балалардың іс- әрекеттері** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық- қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашанда, қайдада!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз! | Шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір қай мезгіл?<br>-Көктем мезгілінде қандай айлар бар?<br>Балалар тақтаға қараңдаршы қандай суреттер көріп тұрсыңдар?<br>Суретші әртүрлі суреттер таңдапты соның ішінде табиғаттың суретіне қараңдаршы тауды қоңыр түспен, күнді сары түспен, шөптерді , талдарды жасыл түспен, суды көк түспен бояпты. Суреттерді дұрыс таңдай білу керек.<br>**Сергіту сәті**<br>Лағым, лағым,<br>Тентек болма шырағым,<br>Секеңдемей тіліңді ал,<br>Селтеңдемей құлағың | -көктем<br>-наурыз, сәуір, мамыр айлары бар.<br>Балалар суретке қарап жауап береді.<br>Өлең шумағына қарай қимылдар жасайды |
| **Рефексиялық- түзетушілік** | **Қортындылау**<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. | Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: суретті дұрыс таңдай білуді

Игереді: байқағыштықпен , дәлдікті

Меңгереді: контурлық бейнемен суреттерді салыстыра білуді

Тексерілді. [signature]

Күні: 3. 05. 2022 ж

Тақырыбы: «Телефон»

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін арттыру, телефон арқылы ауызекі сөйлеуге дағдылау.

Қолданылатын көрнекі құралдар:Үлестірмелі материалдар, телефон құралы.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашан да , қайда да!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз! | Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады. |
| Ұйымдастырушылық-іздеhistік | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады?<br>-Балалар тыңдаңдаршы ненің дауысы естіледі?<br>Ия дұрыс айтасыңдар бұл телефонның дауысы.<br>Қане балалар үйде кімде телефон бар? Айерке айтшы. Балалар сендер білесіңдерме телефонның түрлері көп: ұялы телефон,сымды телефон, радиотелефон. Біздің қазіргі қолданып жүргеніміз ұялы телефондар. -Балалар тақтаға қараңдаршы телефонның екі тетігі бар екен. Жасыл тетік жанғанда телефонды аламыз, ал қызыл тетік жанғанда телефонды қоямыз .<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Қолымызды жайық,<br>Құс боп қанақ қағайық, | -Күз<br>-Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады.<br>Телефонның дауысы<br>Анамда, әкемде, ағамда .<br>Балалар телефон түрлерін қайталайды.<br>Шеңбер болып тұрады қимыл-қозғалыстар жасайды |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балаларды соңынан оқу іс-әрекетке белсенділік танытқаны үшінмақтап,мадақтау. | Балалар қуанышты сезімде болады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Телефон түрлерін ажырата біледі.

Игереді:Телефон туралы ұғымды толықтай игереді.

Меңгереді: Телефон тетікшелерін меңгереді.

Тексерілді

Күні: 10.05.2022ж

**Тақырыбы:**«Сөйлемді аяқта»
**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын арттыру. ,
**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Нені̇ң суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. -Оқу құралдарын айтайықшы?**Суретпен жұмыс** Суреттегі іс – әрекетті баяндау. **«Жоғалған әріптер»** ойыны **Шарты:** тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді. Мысалы, Көктем...... жылында. Құстар ........ келді. Балалар құстарға ....<br><br>Жоғалған сөздерді тауып, сөйлем құрайды.<br><br>**Сергіту сәті** Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық,<br>Басты солға бұрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық.<br><br>Д/о «Сөз ойла, тез ойла» | -Оқу құралдарының суреті. -Кітап, қалам, қаламсап, түрлі – түсті қарындаштар, бояма қтар, түрлі түсті қағаздар<br><br>Суретке қарап әңгіме құрайды.<br><br>Сөйлемді толықтырып құрайды.<br><br>Балалар өлең мазмұнына қарай қимыл көрсетеді.<br><br>Балалар ойынға қызыға атсалысады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -оқу құралдары туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: сөздерден сөйлем құрауды

Нені игерді:байланыстырып ауызекі сөйлеу дағдыларын;

Нені біледі:оқу құралдарының атауын.

Элес: [signature]

Күні: 17.05.2022ж

**Тақырыбы** «Жеке атауын ата»

**Мақсаты**: Балалардың ойлау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру.

**Қолданылған көрнекілік**: Суреттер мен үлестірмелі материалдар.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көкөністердің аттарын жеке- жеке атап түстерін,пішіндерін ажырата білу.<br>Жалпы мен жеке атаудың мағынасын түсіндіру. | Балалардың шеңбер бойына тұрып,өлең жолдарын сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Сұрақ-жауап арқылы апалардан сұрау жауаптарынан тыңдау.<br>-Жылдың неше мезгілі бар?<br>-Қандай мезгілдері бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Бүгін аптаның қай күні?<br>-Бір аптады неше күн бар?<br>Ойын»-Ащы тәтті».<br>Шарты:Суреттерде әртүрлі көкөністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы-тәтті екенін айту керек.<br>Сергіту сәті.<br>Қолды күнге созайық.<br>Күннен қуат алайық.<br>Құстар қалай ұшады.<br>Қанаттарын қағады.<br>1-2-3 құс аспанға ұш.<br>1-2-3 құс аспаннан түс.<br>Көрдіңдер ме ,балалар жеке,жеке атауын атау керек.Қане беріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді. | Алма-тәтті,бұрыш-ащы.<br>Барлығы қимылмен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі ауа-райында далада серуендеген ұнады ма?<br>Жарайсыңдар,балалар. | -Иә.<br>-Аспанда. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Ойлау қабілеті арқылы ой өрісін дамыту.

Нені игереді: Мезгілінің табиғатының ерекшелігін айту.

Нені біледі:Әңгіме құрауды үйрету

Тексерілді!

Күні: 24.05.2022 ж

Тақырыбы: «Қарама-қарсы сөздер»
Мақсаты:Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардыңой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама- қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.
Көрнекіліктер: доп, карточкалар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** -Құдыретті Күн, мен сені жақсы көремін!-Құдыретті Күн, мен сенен өтінемін.-Құдыретті Күн, маған тыныштық бер, қайырымдылық бере гөр.-Құдыретті Күн, маған денсаулық пен жылылық бере гөр! | Шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Қарама – қарсы сөздер антоним деп аталады. Мысалы, үлкен – кіші, көп – аз, артық – кем.**Ойын «Қарама – қарсы сөздер».**Шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады, допты ұстап алған бала кері лақтырып, айтылған сөзге қарама – қарсы сөзді айту керек.**Ойын «Кім жылдам?»**Шарты: Тақтаға қарама – қарсы суреттер ілінеді, балалар тез жауап беру керек.<br><br>**Ойын «Ащы - тәтті».**Шарты: Суреттерде әртүрлі көкөністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы – тәтті екенін айту керек.<br><br>**Сергіту сәті**Қолды күнге созайық, Күннен қуат алайық,Құстар қалай ұшады,Қанаттарын қағады,1-2-3 құс аспанға ұш,1-2-3 құс аспаннан түс.**Суретпен жұмыс:**Суреттерден қарама – қарсы суреттерді тауып, оларға сөйлем құрату. | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Алма – тәтті, бұрыш – ащы.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br><br>Балалар тапсырманы жылдам орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Сұрақ – жауап әдісі арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: суреттермен жұмыс жасауды;

Нені игерді: қарама – қарсы сөздерді айтуды;

Нені біледі:суреттерге қарап әңгіме құрауды.

Тексерілді [signature]

Күні. 31.05.2022ж

Тақырыбы: «Тиісті торға орналастыр»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау.
Көрнекі құралдар: Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындарында тұрып орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Бір айда неше апта бар?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі жексенбі.<br>-Бүгін аптаның қай күні?<br>-Балалар мына қараңдаршы, Ас бөлмесінің заттары шашылып жатыр екен. Осы заттарды тиісті торға орналастырсақ ас бөлмесі жиналып қалады. Ол үшін үлгіге қарап, қандай зат қай жерде тұрады, көріп алайық.<br>Мына қазан газ плитасының үстінде тұрады.<br>Ал мына кесе үстелдің үстінде тұрады екен. Ал жастық болса төсектің үстінде жиналып тұрады екен. Көрдіңдер ме, балалар барлық заттарды тиісті торға орналастыру арқылы ас бөлмесін жинап алдық.<br>Ал мына суретте қоянның үйінде шашылып жатыр екен. Қане, бәріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.<br>Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.<br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Біз жаттығу жасаймыз. | -Қыс.<br>-Үш ай бар.<br>-Төрт апта бар.<br>- Жеті күн бар.<br>-<br>-Сәрсенбі.<br>Балалар берілген тапсырманы орындап, тиісті орынға қоюды үйренеді.<br>Сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар біз бүгін қандай заттарды тиісті торға орналастырдық.<br>Қоянға тордың ішінен несін тауып бердік? | • Қазан, жастық, кесе.<br>• Сәбізін. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Заттарды тиісті орынға орналастыруды.

**Нені игерді:** Ұжымды жұмыс істеуді.

**Нені біледі:** Артық заттарды торға орналастыруд.

Тексерілді: [signature]

«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Жұлдыздар» ересектер тобы

Вариативтік компонент

# Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат»

Тәрбиешілер: Асемова Н.

Қамытбекова Ұ.

2021-2022ж

«Ертегілер еліне саяхат» Вариативтік компонентінің жылдық жоспары

| Р/с | Сағат саны | Мерзімі | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 03.09.21ж | «Бақша ағаштары» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету |
| 2 | 1 | 10.09.2021ж | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 3 | 1 | 17.09.2021ж | «Күшік пен мысық» ертегісі. | Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. |
| 4 | 1 | 24.09.2021ж | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. |
| 5 | 1 | 01.10.2021ж | «Алтын балта» ертегісі. | Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-әимылдарын, көрсете алуға үйроету.Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 6 | 1 | 08.10.2021 | «Дос іздеген бота» ертегісі. | Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөйлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. |
| 7 | 1 | 15.10.2021ж | «Мақтаншақ қоян» ертегісі. | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. |
| 8 | 1 | 22.10.2021ж | «Түлкі мен ешкі» ертегісі. | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | 1 | 29.10.2021ж | «Әдеп» ертегісі. | Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. |
| 10 | 1 | 05.11.2021ж | «Тышқанның өсиеті» ертегісі. | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| 11 | 1 | 12.11.2021ж | «Мақтаншақ бақа» ертегісі. | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту.Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| 12 | 1 | 19.11.2021ж | «Бір уыс мақта»ертегісі. | Мақта туралы білімін арттыру Есте сақтау қаблетін дамыту Көз көлген затты ысырап жасамай пайдаға жарту,әрқашанда көмектесе білуді. |
| 13 | 1 | 26.11.2021ж | «Күн, ай және өтеш» ертегісі. | Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. |
| 14 | 1 | 3.12.2021ж | «Құмырсқаның серуені» ертегісі. | Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу. |
| 15 | 1 | 10.12.2021ж | «Үш торай»ертегісі. | Үш торай туралы білімдерін толықтыру,ой-өрісін, есте сақтау қабілетіндамыту.адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу |
| 16 | 1 | 24.12.2021ж | «Жеті лақ» ертегісі. | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 17 | 1 | 31.12.2021ж | «Бауырсақ»ертегісі | Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме беру,қызығушылықтарын дамыту. |
| 18 | 1 | 14.01.2022ж | «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі. | Ертегінің мазмұнын түсіндіру.Ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке,адал достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 1. | 21.01.2022ж | «Жеті қазынаның бірі»ертегісі. | Балаларға «Жеті қазынаның бірі» ертегісінің мазмұнын түсіндіру.Жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға жататынын түсіндіру арқылы халқымыздың осындай таным-түсініктері көптігін айтып,олардың тәрбиелік мәнін ұғындыру. |
| 20 | 1. | 28.01.2022ж | «Алтын сақа» ертегісі. | Бойларындағы икемділік,сымбаттылық,қабілеттілік,инабаттылық,ізеттілік, біліктілік қасиеттерін дәріптеп дамытуға баулу.Жаңашырлыққа,әдемілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| 21 | 1. | 4.02.2022ж | «Қаңбақ шал» ертегісі. | «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыр:есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. |
| 22 | 1 | 11.02.2022ж | «Үш дос» әңгімесі. | Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.Сыйластық туралы түсінік беру.Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу.Білімдерін кеңейте отырып,әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету. |
| 23 | 1 | 18.02.2022ж | «Алма» ертегісі. | «Алма» ертегісін түсіндіру.Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.Ертегі желісі арқылы балалар өз көзқарастарын білдіруге,әңгімелесуге баулу.Эмоцияларын білуге үйрету.Сахналауда кейіпкерлерді дұрыс қолдануды үйрету. |
| 24 | 1 | 25.02.2022ж | «Маша мен аю» орыс халық ертегісі. | Балалардың зейінін аударып,ертегіге деген қызығушылығын арттыру.Оның мазмұнын,мағынасын түсініп,өз ойымен жеткізе білуге үйрету.Ойын қиялымен ұштастыра білуге,кейіпкерлерді өздігімен ажырата білуге дағдыландыру.Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.Балалардың сөздік қорын молайту,жаңа сөздерді айта отырып,тіл жаттығуларын жасауға дағдыландыру.Ойындар арқылы ойлау қабілеттерін аттыру. |
| 25 | 1 | 4.03.2022ж | «Түлкі мен ешкі» ертегісі. | Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін қалыптастыру(қатты немесе жай,тез немесе ақырын).Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді қолдануға үйрету. |
| 26 | 1 | 11.03.2023ж | «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі. | 1.Ертегі мазмұнын түсіндіру.2.Сөздік қорларын толықтыру,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27 | 1. | 18.03.2022ж. | «Нан қайдан келеді?» ертегісі. | Балаларға көрнекі құралды пайдалана отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру. |
| 28 | 1. | 25.03.2022ж. | «Алтын сақа» ертегісі | Балалардың грамматикалық тілін театрланған қызмет амалымен қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлері арқылы баланың тілін,ойын дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.Балаларды мейірімділікке,кішіпейілдікке,шыншыл болуға тәрбиелеу. |
| 29 | 1 | 1.04.2022ж. | «Торғай мен түлкі» ертегісі. | «Торғай мен түлкі» ертегісін айтып беру.Үлкендердің сөзін тыңдай білуге,түсінуге,адамдармен қарым-қатынас жасауға әдеттендіру.Сөздік қорын молайту,тілін дамыту. |
| 30 | 1. | 8.04.2022ж. | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. | Халық ертегілеріне деген қызығушылықтарын арттыру.Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету. |
| 31 | 1 | 15.04.2022ж. | «Қасқыр,түлкі,өтеш» ертегісі. | 1.Ертегі мазмұнын түсіндіру.2.Сөздік қорларын толықтыру,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| 32 | 1 | 22.04.2022ж. | «Жалқау мысық» ертегісі | Балалардың сөздік қорын молайту,тіл байлығын дамыту,байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Ересектермен қарым-қатынастың ережелерін сақтауға үйрету,жалқаулық жаман әдет екенін кішкентай кездерін ұғындыру,қамқорлық қатынасты білдіруді ниеттеуді жалғастыру. |
| 33 | 1 | 29.04.2022ж. | «Күшік пен мысық» ертегісі. | Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. |
| 34 | 1 | 6.05.2022ж. | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. |
| 35 | 1 | 13.05.2022 | «Ертегілер еліне саяхат» ертегісі. | Ертегі,ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру. |
| 36 | 1 | 20.05.2022ж. | «Шаруа мен аю»ертегісі. | Ертегі мазмұнын жеке түсіндіріп,оны тыңдауға деген қызығушылығын арттыру,өз ойын қиялмен ұштастыру. |
| | Барлығы | | | Тексерілді! |

Күні: 03.09.2021ж.

**Тақырыбы:** «Бақша ағаштары»

**Мақсаты:**ертегі тыңдап,оқиғаның ербуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер**:ертегі кейіпкерлері,ағаш суреттері

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер жасап тұрады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Тәрбиеші мен сендерге өткен сабақта «Бақша ағаштары» атты ертегі айтып бергенмін.<br>Тәрбиеші балаларды ойландыру мақсатында қисық өскен ағаш<br>қасына күтуші бағбанды қояды,<br>ал түзу ағаш өзі өсіп тұрады.<br>Тәрбиеші балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын көрсете алуға үйретеді.<br>Тәрбиеші: «Мен ертегі айтамын, ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br>Тәрбиеші ертегіні оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан Әкесінің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Ертегіні ойнау барысында балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай бұталар<br>Биік болып өседі<br>Сөздік жұмыс: түп-түзу,қисық.<br>**Дідактикалық ойын «өсімдікке не қажет?»**<br>**мақсаты:**ойлау қабілетін дамыту | Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді ертегі желісі бойынша<br>орналастырады.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды,мазмұнын түсінуге тырысады.<br>Балалар ертегіні ойнайды.<br>Сергіту сәтінде мәтінді қайталап,қимылын көрсетеді<br>Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді.<br>Балалар суреттің қателігін табады.<br>Балалар ойында ағаш әдемі өсу үшін не қажет<br>қасына қояды(су күй -тыш ,күннің көзі, күй шы,тырма күрек) |
| Рефлексиялық түзетушілік | Біз бүгін не туралы айттық?<br>Ертегі қалай аталады?<br>Сендерге ертегі ұнады ма?<br>Ертегі не жайында айтылған?<br>Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен?<br>Мына ағаш түп-түзу әдемі болса,ал мына ағаш неге қисық өскен екен?<br>Балаларды мақтау. | Балалар кейіпкерлерді сипаттайды,ертегі мазмұнын айтып береді.<br>Мақтауға риза болады. |

Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Ертегі тыңдай, ондағы оқиғалардың өрбуін бақылай біледі,мағынасын түсінеді.

**Түсінігі бар:** адамдардың табиғатқа әсері жайында түсінігі бар.

**Орындай алады:** ертегі мазмұнын әңгімелеп айта алады

Тексерілді:

Күні: 10.09.2024ж

**Тақырыбы:** Мақта қыз бен мысық (ертегіні сахналау)

**Мақсаты:** мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің маскалары.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңі | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездыға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлері бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен мақта қыз бен мысық ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.<br>Д/о « Таңдап ал,да атын айт »<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын<br>дұрыс жеткізе білуге үйретеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Менің атым балапан.<br>Сенің атың балапан,<br>Балапандар шоқиды.<br>Балапандар оқиды.<br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»<br>Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырата білу. | Балалар поездыға отырып саяхатқа барады.<br>Балалар мақта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады.<br>Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді.<br>Балалар балапанның қимылдарын келтіріп жаттығуды қайталап жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгін қайда саяхатқа бардық?<br>Қандай ертегі әңгімеледік?<br>Қандай ертегі кейіпкерлері ұнады? | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлерінің қимыл –әрекеттері, мінезі жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ертегі кейіпкерлерің рөлінде ойнай алады.

Тексерілді

Күні: 17.09.2021ж

**Тақырыбы:** «Күшік пен мысық»

**Мақсаты:** Балалар ертегінің қарапайым модельдерін құруды үйренеді.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің суреті, шапкалары.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Тәрбиеші балаларға ойын ойнайтынын хабарлайды. | Балалар ойын ойнауға дайындалады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік** | Тәрбиеші балаларға сұрақ қоя отырып «Күшік пен мысық» ертегісінің мазмұнын сұрайды.<br>-Балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?<br>-Күшікті неге мақтаншақ деп айтты?<br>-Сендерге ертегі ұнады ма?<br>**Д/о:** «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қою арқылы ертегі мазмұнын айтуға үйрету.<br>Тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br><br>Кейіпкерлер дауыс ырғағын сала отырып ойнайды. |
| **Рефлексиялық - түзетушілік** | Балаларға erттегі жөнінде сұрақтар қойылады. Балалардың жетістіктерін бағалап, мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді.Баланың көңіл- күйі көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегінің мазмұнын біледі.

**Түсінігі бар:** Күшік, мысық, қасқыр, түйе жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып , сұрақтарға жауап береді.

Тексерілді: [signature]

Күні: 04.09.2024ж

**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)

**Мақсаты:** Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** түлкі, тырна, ертегі желісі бойынша суреттер.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға саяхатқа шығатындарын хабарлайды. | Балалар саяхатқа дайындалады. |
| Ұйымдастырушылық, ізденістік | Тәрбиеші балаларға ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен баратындарын айтып, кілеммен ертегілер еліне келеді.<br>Жұмбақ жасыру<br>Д/о « Кім тапқыр»<br>Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту.<br>Өзі қу, жүрген жері айғай да шу.<br>Ол не ? ( Түлкі)<br>Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп бірнеше рет оқып береді.<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Ертегі қандай сөздермен басталады?<br>- Тырна не деп айтты?<br>- Ал түлкі қалай жауып береді?<br>- Тырна құтылатын қандай амал табады?<br>-Ертегі қалай аяқталды?<br>**Сергіту сәті:**<br>"Түлкі, түлкі түлкішек"<br>Жаңа сөздер: амал-шешім, құтылу-қашып кету, шыбық салыпты- соқты.<br>Балаларға сөздердің мағыналары түсіндіріледі.<br>**Мақал жаттаймыз:**<br>"Алпыс амал түлкіде, алпыс екі амал адамда"<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Әрекетерін ата»<br>Мақсаты: Балаларды суретті қарай отырып істеген әрекеттері бойынша әңгіме құрату. | Балалар ертегілер еліне кілеммен ұшатындарына қуанады.<br>Балалар тәрбиешінің айтқан жұмбағын шешеді.<br>Балалардың назары сандықтан шыққан кітапқа ауады.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар ертегі желісі бойынша жетектеуші сұрақтар арқылы ертегіні айтып шығады.<br>Балалар тәрбиешімен бірге қимылдарын келтіре отырып сергіту жаттығуларын жасайды.<br>Балалар қайталап айтады.<br>Балалар мақалды бірнеше рет қайталап жаттайды.<br>Балалар үстел үстіне суретті алып ондағы, қимыл әрекеттері бойынша әңгіме құрайды.<br>Мысалы: Түлкі жүгіріп келе жатыр.<br>Тырна ұшып келеді. Тырна апанға кіреді.<br>Адам інді қазады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сурет бойынша әңгіме құрастыру , оларды сипаттау.<br>Түлкі суреті қандай?<br>Тырна суреті қандай?<br>Балалардың жетістігін әңгімелеу. | Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр. Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Түлкі , тырна, апан, амал сөздері туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып, сұрақтарға жауап береді.

Тексерілді. [signature]

Күні: 01.10.2024ж

**Тақырыбы:** « Алтын балта» ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

| Оқу іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездыға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлер бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен алтын балта ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.<br>Д/о « Таңдап ал да, тап»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін таба білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді. | Балалар поездыға отырып саяхатқа барады.<br>Балалар алтын балта ертегі кейіпкерлерін тәрбиешімен бірігіп таңдап алады.<br>Балалар кедейдің байға барып, балтасын сұрау әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. |
| Рефлекциялық түзетуші. | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрап, кейіпкерлерді ататады. | Балалар қандай ертегімен танысқандықтары жөнінде баяндайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жайлы түсінігі бар.

**Біледі:** Балалар балта жайлы біледі.

**Орындай алады:** Сұрақтарға жауап беріп, ертегіні баяндай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 08.10.2021ж

**Тақырыбы:** «Дос іздеген бота» ертегісі

**Мақсаты:** балалардың бота мен оның достары туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** ертегі кітап, кейіпкерлердің суреттері, медальдар

| **Оқу іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Тәрбиеші балаларды жылулық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер құрып тұрады |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді.Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік.<br>-Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші.<br>Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық.<br>Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын,дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br>**"Жалғасын тап"**<br>М/ы: балалардың ойлауын,тілін дамыту.<br>Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын айтады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br>Ертегіні сахалауға дайындалады.<br>Балалар ертегілерді атайды.<br>Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды.<br>Ертегіні сахналайды<br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. Жалғасын айтады |
| **Рефлекциялық түзетушілік** | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды<br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>• Ертегі қызықты болдыма?<br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Бота мен оның достары жөнінде біледі

**Орындай алады:** Ертегінің кейіпкерлерін ажырата алады.

**Түсінігі бар:** Ертегіні сахналай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 15.10.2021ж.

**Тақырыбы:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі

**Мақсаты:** « Мақтаншақ қоян» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып, мазмұндай білуге үйрету, ертегі желісі бойынша сахналауға үйрету

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегісінің кітабы, ертегі кейіпкерлерінің суреттер, кейіпкердердің атрибуттары.

| **Оқу іс-әрекет, кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға қонақ келетінін хабарлайды. Есікті қағып топқа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. | Балалар қонақты күтеді. |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік** | Сәлеметсіңдерме балалар.<br>Менің досым қоянды жоғалтып алдым.<br>Қасқыр: Қоян менде. Сендер досың жайлы маған тақпақ, өлең, ертегі айтып берсең мен оны қайтарамын.<br>Айша қуыршақ: Балалар маған көмектесесіңдер ме?<br>Қасқыр: - Балалар қоян туралы не білесіңдер? -Ол қандай жануар?<br>-Қоян туралы тақпақ айтып беріңдер<br>Қасқыр:Қандай өлең білесіңдер?<br>Қасқыр:Қоян туралы ертегі білесіңдер ме? Айтып беріңдер.<br>Айша қуыршақ: Енді қоянымды жібер.<br>Қасқыр:<br>Маған ертегіні сахналап берсеңдер жіберемін.<br>Тәрбиеші: Балалар «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналап берейік.<br>Тәрбиеші көмегімен сахналайды.<br>Қасқыр: Жарайсыңдар балалар мен қоянды жіберім. (қасқыр шығып кетеді, қоян келеді)<br>Маған көмектескендеріне көп рахмет.<br>Сергіту сәті: «Қоян тұршы»<br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»<br>Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырата білу.<br>Айша қуыршақ пен қоян қоштасып, рахметтерін айтып кетеді. | Балдлалар амандасады. Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар білген тақпақтарын айтып береді.<br>Балалар қоян туралы тақпақ, өлеңдерін айтады.<br>Балалардың біреу ертегіні айтып, әңгімелеп береді.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын киіп, сахналай бастайды.<br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br>Балалар қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | -Балалар сабаққа кім келді?<br>- Біз Айша қуыршаққа қалай көмек көрсеттік?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

Тексерілді: [signature]

**Біледі:** Балалар ертегі мазмұның, желісін біледі.

**Түсінігі бар:** Балалардың ертегі жайлы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Балалар кейіпкерлерді ажыратып, сұрақтарға толығымен жауап бере алады, сахналай біледі.

Күні: 22.10.2024ж

**Тақырыбы:** « Түлкі мен ешкі» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту..

**Қолданылған көрнекіліктер**:Конустық театр

| **Оқу іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиешіге балаларға сиқырлы сандық тауып алғанын көрсетеді. | Балалар сиқырлы сандыққа қызыға қарайды. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Балалар егер мына жұмбақты шешсеңдер,мына сиқырлы сандық ашылады. | |
| | Балаларға жұмбақ жасырылады | Балалар жұмбақты шешеді |
| | Сыр сандық ашылып ішінен түлкі мен ешкінің суреттері шығады. | |
| | -Балалар мынау ненің суреті? | Балалар суреттерді атайды |
| | Енді қазір мен сендерге түлкі мен ешкі ертегісімен таныстырады. | |
| | Бір күні түлкі келе жатып апанға түсіп кетеді,апаннан шыға алмай тұрғанда.бұны өтіпбара жатқан ешкі көреді: «-Әй,түлкі батыр онда неғып тұрсың?» «ой, неғыласың, қырда сусып жүр едім, бұл жер салқын,суыда тып-тыныш екен»бұны естіген ешкі су ішейін деп апанға секіріп түскенде түлкі ешкінің үстіне сосын мүйізіне секіріп апаннан шығып өз жөніне кетеді. | Балалар сұраққа жауап береді.<br><br>Балалар ертегіні қызыға тыңдайды. |
| | Сергіту сәті:<br>Күн сияқты күлейік<br>Жел сияқты соғайық<br>Секіреміз асланға<br>Отырамыз жерге | Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы жасайды. |
| | Д/о: «Үй жануарларын ажырат»<br>м\ты:үй жануарларын ажырата білуге үйрету. | Балалар ойынды аса қызығушылықпен ойнайды. |
| Рефлекциялық түзетушілік | -Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?<br>Ертегі сендерге ұнады ма? | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап береді. |
| | Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды. | Балалар мақтауға риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі туралы біледі

**Түсінігі бар**: Түлкі мен ешкі ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады**.сұрақтарға жауап бере алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 29.10.2021ж

**Тақырыбы:** « Әдеп»

**Мақсаты:** балалардың әңгіме желісіне байланысты сөйлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету.

**Көрнекіліктер:** суреттер

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Топқа қонаққа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады | Балалар қуыршақпен амандасады |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Мұнда қандай әдемі балалар жиналған.<br><br>Тәрбиеші балаларға Айша қуыршақ тың әкелген қызықты әңгімелер жинағынан жақсы бір әңгімен танысқанбыз.<br><br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br><br>• Әңгіме не туралы болып еді?<br>• Балалар әңгіме не туралы?<br>• Сендерге ұнады ма?<br>• Бай деген кім?<br>• Әдеп деген не?<br>• Әкім деген кім?<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Біз қандаймыз<br><br>Шуақаны таңдаймыз<br><br>Күлімдеген күндейміз<br><br>Еш уайымды білмейміз.<br><br>***Д/О «көршіңді ата»***<br><br>Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру<br><br>Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп ойнауды ұсынады.<br><br>Тәрбиеші: «Мен әңгімені айтамын , ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br><br>Тәрбиеші әңгімені оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br><br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Әңгіме желісі барысында ойнау. балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді. | Балалардың назары тәрбиеші мен қуыршаққа ауады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Әдеп дегеніміз- үлкенді үлкен деп кішіні кіші деп сыпайылық көрсету.<br><br>Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Сонында кейіпкерлерді ретімен орналастырады.<br><br>Балалар рөлдерге бөлініп ойнайды.<br><br>кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге тырысады.<br><br>Қалған балар кейіпкерлерге мұқият қарап, тыңдап отырады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | **Сұрақ- жауап:**<br><br>• Әңгіме не турал?<br>• Неліктен әкім кедейден төмен иіліп сәлемін қабыл алды?<br>• Әкімнің істегені дұрыс па ?<br>• Рөлдерге бөліп ойнаған ұнады<br><br>ма?<br><br>Қуыршақ балалармен қоштасады. Үздік қатысқан балалар марапатталады. | Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді<br><br>Айшан қуыршақпен қоштасады.<br><br>Балалар қуанады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әдепті болуды біледі.

**Орындай алады:** Әңгімені рөлдерге бөліп сомдай алады.

**Түсінігі бар:** Бай , кедей, әкім, әдеп туралы түсініктері бар.

Тексерілді [signature]

Күні: 05.11.2021ж

**Тақырыбы:** «Тышқанның өсиеті»жандандыру

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**Қолданылған көрнекіліктер:** тышқанның, ірішік, қақпанның суреттері.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен таныскандарын сұрайды. | Балалар ертегіні естеріне түсіреді. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Бұл сабақта тәрбиеші балалармен ертегі кейіпкерлерін алмастырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне байланысты жұмыс жасалады.<br>Тәрбиеші балалрға ертегінің кейіпкерлері және олардың заттары бейнеленген карточкаларды көрсетеді.<br>Тәрбиеші әр кейіпкерге тиісті заттарды таңдап алуларын тапсырады.<br>Д/о: Қай зат дұрыс тұр?<br>Барысы: Тәрбиеші ертегіге байланысты бірнеше заттардың орнын ауыстырып қояды.<br>Тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер рөлін таңдап оны ойнауын ұсынады. Рөлдерді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br>Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші рөлін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар карточкаларды ертегі желісі бойынша орналастырады.<br>Балалар заттарды ертегі желісі бойынша өз орнына қояды.<br>Балалар медальдарды алып рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерін баяндап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атайды |
| Рефлекция-түзетуші | Тәрбиеші қорытындылай келе, осы сабақта балалардың еміп еркіндігін дамытады және жеке тұлға болуына жол бағыттайды. Жетекші сұрақтар қойылады<br>Тәрбиеші балалрдың ертегіні мұқият тыңдап кейіпкерлерді дұрыс орналастырғаны үшін мақтау, мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**. Ертегіні сахнай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 12.11.2021ж.

**Тақырыбы:** « Мақтаншақ бақа» ертегісі

**Мақсаты** Ертегіні толық білуге және жандандыра білуге үйрету. Актерлік шеберлік қасиеттерін, тілдерін дамыту.

**Қолданылған көрнекіліктер**: суреттер, маскалар

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға қонаққа қуыршақ келетінін хабарлайды. | Балалар қуыршақтың қонаққа келетініне қуанады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | -Тәрбиеші балалар өткен сабақта қуыршақ өзімен бірге ертегі кітабын алып келген болатын, сендер кітаптан қандай ертегімен таныстан едіңдер?.<br>-Тәрбиеші сұрақ қоя отырып, ертегінің мазмұнын сұрайды.<br>-Біз қандай ертегімен танысып едік?<br>-Неге бақаны мақтаншақ деп атады?<br>-Бақа кесірткеге не деп мақтанды?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>Д/о: «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін рет-ретімен орналастыруға үйрету.<br>Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау.<br>**Сергіту сәті:** "<br>Сергіту сәті: «Балық»<br>Балық суда жүзеді,<br>Өте таза, тынық су.<br>Біресе ашылады,<br>Біресе керіледі.<br>Біресе құмға тығылады. | -Балалар мақтаншақ бақа ертегісімен танысқандарын айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>балалар рөлдерді белгілеуде кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады да рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>Балалар шеңберге тұрып сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлекция-түзету | Тәрбиеші балаларға бірнеше сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылайды.<br>Үздік қатысқан балалар марапатталады. | Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарды айтып береді |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлерін атай алады.

**Түсінігі бар**: бақа, инелік, жылан, бозторғай, тасбақа,кесіртке түсінігі бар.

**Орындай алады**: балалар мақтаншақ бақа ертегісін сахналай алады

Тексерілді: [signature]

Күні : 19.11.2021ж

**Тақырыбы:** « Бір уыс мақта» ертегісі

**Мақсаты:** мақта туралы білімдерін арттыру,есте сақтау қаблеттерін дамыту

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Мақта, кейіпкерлердің суреттері және торғайдың суреті.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әркеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастыру-ізденіс | Тәрбиеші балалармен амандсып, Бір уыс мақта ертегісін естеріне түсірулерін өтінеді.Бұл сабақта тәрбиеші балалардың ертегі кейіпкерлерін алмстырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне жұмыс жаслады. .Онда мақтаның қажетті тұрмыстық заттарға жататынын, ондғы кейіпкерлерді сипаттап, әженің, ананың ақылын тыңдау керектігін, торғайдың іс – қимылын, бпапандарына деген қамқорлығын, ұянын не екені жөнінде айтады.<br>Балаларға «бір уыс мақта» әңгімесінің желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахнаулары ұсынылады<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға түзу тұр,<br>Солға түзу тұр.<br>Алға бір адым<br>Артқа бір адым.<br>Оңға бұрылып,<br>Солға үңіліп<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>ДІО: «Қажетті кейіпкерді тап»<br>Мақсаты: басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табу | Балалар естеріне түсіріп жауап беред<br>Мақтаның қандай жағдайда қолданылатыны жөнінде білгендерін баяндайды.<br>Балалар әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахналайды.<br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br>Балалар дидактикалық<br>басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табады |
| Рефлексия – түзету | Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша сұрақтар қояды<br>Үздік қатысқан балалар мадақталады | Балалар әңгіме желісі бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже.**

**Біледі:** Кейіпкерлерді біледі

**Түсінігі бар:** Мақтаның пайдасы жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Әңгіме желісі бойынша сахналай алады.

Күні : 26.11.2021ж

**Тақырыбы:** « Күн, ай және әтеш» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісімен толықтай таныстыру. Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін, ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттері.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.<br><br>Балалар, сендермен кездесеніме өте қуаныштымын. Бір-бірімізге қарайықшы. Мен сендердің сөздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Бүгінгі күндерің сәтті өтсін!<br><br>Балалар бір бірімізге тек жақсылық тілейік | Балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар, сендерге ертегілер елінен сандықша жіберіпті. Ашып көрейік пе? Ішінде не бар екен?<br><br>• Ертегілер елінен «Күн, ай және әтеш» деген ертегіні жолдапты.<br><br>• Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін. Сендер мұқият тыңдаңдар<br><br>Ертеде аспанда ағайынды үш бала өмір сүріпті. Үлкені-Күн, ортаншысы-Ай, кішісі-Әтеш екен. Күн жерде тіршілік ететін адамдарға, өсімдіктер мен жануарларға жарық пен жылу таратуға кеткенде, үйдегі кіші інілері Ай мен Әтеш үнемі келіспей қала береді екен. Бір күні әбден ыза болған Ай Әтешті айдарынан ұстап алып жерге лақтырып жіберіпті. Кешке үйге келген Күн болған жағдайды естіп біледі. Ашуға булығып Айға:<br><br>-Туған інінді көзің қиып, қалай лақтырдың? Сендей рақымсызды көргім келмейді. Бұдан былай аспанға мен күндіз, сен түнде шығатын боламыз. Ал Әтеш жақын інім болып қала береді. Ол мені ұмытпайды,-дейді.<br><br>Сол уақыттан бастап Әтеш таң атысымен, Күнді көргенде «Кукареку!» деп айғай салатын болыпты. Бұл «Амансыз ба Күн-аға!» дегені екен. Ал кеш түссе, қонақтауға кетеді. Өйткені, аспанға шыққан Айды көргісі келмейтін көрінеді. **Сергіту сәті:**<br><br>Орнымыздан тұрайық<br><br>Алақанды ұрайық<br><br>Бір отырып бір тұрып<br><br>Сәл демалып алайық<br><br>Д/о: Кейіпкерлерді тап<br><br>мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыт | Балалар қуана келіседі.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар мұқият тәрбиешіні тыңдайды.<br><br>Ертегі желісі бойынша көрсетілген суреттерге назарларын аударады.<br><br>Сергіту сәтінде балалар қимылмен бірге орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды |
| Рефлекциялық түзету | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды<br><br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br><br>• Ертегі қызықты болдыма?<br><br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br><br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

<u>Күтілетін нәтиже:</u>

Тексерілді: [signature]

**Біледі:** Ертегіні біледі

**Түсінігі бар:** Кейіпкерлер жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Ертегі желісі бойынша бейндай алады.

Күні: 3.12.21ж

**Тақырыбы:** Құмырсқаның серуені. Оқу, әңгімелеу.

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру.

**Қолданылған көрнекіліктер**: ертегі кейіпкерлерінің үстел үсті театры, муляждары. Ұшақ шапкасы.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларға жәндіктер әлеміне көрмеге баратынын айтады. | Балалар көрмеге баруға дайындалады. |
| Ұйымдастыру ізденуші | Балалар көрмеге қандай көлікпен барғыларың келеді?<br>Ендеше ұшаққа отырып жәндіктер әлеміне барайық.<br>Тәрбиші балалар біз жәндіктер көрмесіне келдік. Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?<br>д\о «Қандай жәндік»<br>Мақсаты.Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу.<br>Балалар жәндіктерді бақылап , тәрбиеші көмегімен әңгімелейді.<br>Балалар осы жәндіктер туралы ертегі тыңдағыларың келеме?<br>Тәрбиеші балаларды кілем үстіне шақырады. Балаларға құмырсқаның серуені ертегісін әңгімелейді.<br>Білесіңдер ме, балалар?Ертеде құмырсқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда –санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да еріне шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен:<br>-Ah, ah.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе келіпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс істемеймін.,-деп ойланған құмырсқа, ойын жүзеге асыруға кірісіпті.Құмырсқа жолға шығыпты. Бір араның үйіне келіпті . Есік қағыпты. Есіктің арғы жағынан «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде құмырсқа:<br>- Есігіңді аш, бауырым. Мен құмырсқа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе қарынымды тойдыруға келдім. Үйіңдегі барыңды құмырсқа бауырыңа бер депті.<br>Ара есігін ашып ,үйіндегі бар дәмдісін беріп, құмырсқаның көңілін көтеріпті.Кешке құмырсқа араға рахметін айтып үйіне келіпті. Төсегіне жатып.Ох мен жұмыста істеген жоқпын, шаршаған да жоқпын қарынымды тойдырдыдепті.<br>Құмырсқа келесі күні өрмекшіге барыпты.Өрмекшінің дәмді тамақтарын жеп, рахметірн айтып үйіне қайтыпыты. Осылай қыдырып жүріп қарынын тойдырған құмырсқаға қатты ұнапты. Үшінші күні құмырсқа көбелекке келіпті. Көбелек бар тапқан асын құмырсқаның аузына төсепті. Көбелек құмырсқаны қанатына отырғызып гүлден-гүлге қондырып ,биіктерге | Балалар ұшақпен барғылары келетінін айтады.<br>Балалар ұшаққа отырып музыка ырғағымен табиғат бұрышына келеді.<br>Құмырсқа, көбелек, өрмекші, шегіртке.<br>Құмырсқа еңбекқор жәндік. Көбелек өте нәзік әрі әдемі жәндік. Олар гүлдердің үстінде ұшып – қонып жүреді.<br>Иә. |

| | | |
|---|---|---|
| | самғап ұшып көңілін көтеріпті. Құмырсқа рахметін айтып үйіне қайтыпты. Қандай керемет .Жұмыс та істеген жоқпын, қарынымды тойдырыдым-депті. Сөйтіп жылжып күндер өтіпті. Құмырсқаның қонаққа баоратын достары таусылыпты. Енді не істесем екен?Достарыма қайтадан қонаққа барсам ба екен деп ойланыпты. Ұйқысынан тұрғанда біреулер есік қағыпты. Сөйтсе достары оған қонаққа келіп тұр екен. Құмырсқа қатты сасып, не сітерін білмепті. Сонда ұялып тұрып:<br>-Сендерді қонақ қылғым келеді? Бір-ақ үйімде сендерді отырғызаитын орын жоқ, не бір тілім наным доқ –депті.<br>Достары құмырсқаға қатты ренжігені соншалық енді оған көмектеспеуге бел байлапты. Құмырсқа өзінің достарын ренжіткені үшін, әрі өзінің жалқаулығына қатты ренжіпті. Сөйтіп, балалар , құмырсқа жалқаулықтың өте жаман нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап тыным таппай еңбек ететін болыпты.<br>Сергіту сәті: «Құмырсқа»<br>Д\о «Кім не істеді»<br>Ертегі желісін балалрмен бірге әңгімелеу.<br>Балалар енді ұшағымызға отырып тобымызға оралайық. | Балалар құмырсқаның әрекеттерін келтіріп сергіту сәтін жасайды.<br>Ертегі кейіпкерлерінң қимыл әрекетін әңгімелейді.<br>Балалар ұшаққа мініп топқа келеді. |
| Рефлексия-түзету | -Балалар қайда қонаққа бардық?<br>- Қандай көлікпен бардық?<br>-Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?<br>-Қандай ертегіні әңгімеледік?<br>Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады. | Жәндіктер көрмесіне бардық.<br>Ара , құмырсқа, көбелек, шегіртке.<br>Құмырсқаның серуені. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар**: Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**.Ертегіні әңгімелей алады.

Тексерілді

Күні: *10.12.21ж*

**Тақырыбы:** «Үш торай»ертегісі

**Мақсат:**ертегі білімдерін кеңейту, адамгершілікке,еңбек қорлыққа,мейірімділікке тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер:** Үш торай,үйшік т.б

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастыру<br><br>іздену | Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр»<br><br>Мақсаты:<br><br>Ертегі кейіпкерлерін есте сақтау. Ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ертегіге деген қызығушылығын ояту.<br><br>Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы.<br><br>Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі.<br><br>Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. «Осал-орнықты-берік» сериясы, «сенімсіз-сенімді-өте сенімді» сериясымен байланысты, немесе «қорқынышты өте қорқынышты емес-қорқынышты емес» т.б. екендігін бала түсіне бастайды. Сонымен қатар, рөлдердің жалғасы баланың жеке тұлға болуына ықпалын тигізеді. | Балалар ойынды қызыға ойнайды Ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп, ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға тырысады.<br><br>Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады).<br>Кейіпкерлердің дауысы ырғағын салады<br><br>Ертегіні қуана сахналайды |
| Рефлекция-түзету | Тәрбиеші балаларға ертегі жөнінде бірнеше сұрақтар қояды.<br><br>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтау,мадақтау. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.<br><br>Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлері туралы біледі

**Түсінігі бар**: үш аю ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады.** Ертегіні сахналай алады.

*Тексерілді:* [signature]

Күні: 24.12.2021ж

**Тақырыбы :** « Жеті лақ» ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.

**Көрнекіліктер:** Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің суреті

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді. |
| **Ұйымдастыру іздену** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br><br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді. Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік. Ол үшін<br><br>Үйірме барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді.<br><br>Тәрбиеші балаларға «Мен қазір ертегіні оқимын, сендер сәйкес суреттерді көтересіңдер» дейді. Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді. Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама береді.<br><br>Егер бала қателессе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олар мен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды.<br><br>Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, балалар сәйкес суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді). Үйірме соңында тәрбиеші мынадай ойын ұсынады.<br><br>Ол суреттерді әдейі қате орналастырады да, балалардан «қай сурет өз орнында тұрған жоқ» - деп сұрайды. Одан кейін ойынды қиындатады.<br><br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды. Бұндай тапсырмалар балалардың сюжетті ашу тізбегін және кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды түсінуіне үйретеді.<br><br>Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі. Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br><br>Ертегіні сахналауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>Балалар сәйкес суреттерді көтереді.<br><br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды.<br><br>Балалар кейіпкерлердің суреті бар дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланған медальдарды алады.<br><br>кезекпен сахнаға шығып рөлдерді ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету** | Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>Үздік қатысқан балалар мадақталады. | Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

Тексерілді: [signature]

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жөнінде түсініктері бар.

**Орындай біледі:** Ертегіні сахналай алады.

Күні: 31. 12. 2021ж.

**Тақырыбы:** Орыс халық ертегісі «Бауырсақ»

**Мақсаты:** Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме беру, қызығушылықтарын дамиту.

**Қолданылған көрнекіліктер:** Ойыншықтар, зпаттар және қуыршақ театры.

| **Әрекет кезеңдері** | **Педагогтың іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы** | Ғажайып сәт.<br><br>Балаларға бауырсақ қонаққа келеді. Ол ата мен әжеден қалай кетіп қалғаны, балалардан да қашып кететіні жайлы өзінің сүйікті әнін шырқауда. | Балалар бауырсақтың келгеніне таң қалып, амандасады. |
| **Ұйымдастырушы-ізденуші** | - Бауырсақ-бауырсақ, өткен жолы сен сияқты Бауырсақ ата мен әжеден қашып кетіп еді, оны түлкі жеп қойды. Одан да бізбен қалып ертегі тыңдап алайықшы.<br><br>Тәрбиеші ертегіні айтып қуыршақ театры арқылы көрсетеді.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Педагог ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын көрсетеді, ал балалар оны қайталайды.<br><br>- Қоян қалай секектеп жүгіреді?<br><br>- Қасқыр қалай қарсы алдынан кезікті?<br><br>- Бауырсақтың алдынан Аю қалай қарсы шыға келді?<br><br>- Түлкі қалай айлакерлікпен құйрығын бұландатты?<br><br>- Бауырсақ қандай ән айтты?<br><br>- Ол кімнен қашып кетті?<br><br>- Тілазар болуға бола ма?<br><br>- Ал балалар Бауырсақ туралы тақпақ білеміз бе, қане айтайықшы?<br><br>Апам менің пісірген<br><br>Қызыл күрең бауырсақ<br><br>Шыжылай қояр түсінен<br><br>Біраз жемей сағынған | Балалар ертегіні зейін қойып тыңдап, қызығушылықпен қарайды.<br><br>Балалар іс-қимылмен көрсетіп, сұрақтарға белсене жауап береді.<br><br>Бауырсақ туралы тақпақ айтады. |
| **Рефлексивті-түзетуші** | Бауырсақ балалармен қоштасады.<br><br>Педагог сұрақ қоя отырып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | |

**Күтілетін нәтиже.**

**Білуі керек:** Бауырсақ туралы ертегіні

**Игеруі керек:Мазмұнын түсініп,айтуды**

**Үйренуі керек:** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру

Тексерілді: [signature]

Күні: 14.01.2022ж

**Тақырыбы: «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі**

**Мақсаты**: 1. Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу
**Көрнекі құралдар**: ертегі кейіпкерлерінің суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.<br>- Дос болайық.<br>- Бүгінгі күн сендерге сәтті күн болсын! | Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Дидактикалық ойын:** «Ойлан, тап». Шарты: балалардың білетін шығармаларынан үзінді оу. Балалар оның қай шығарма екенін тауып айтады.<br>**Дәптермен жұмыс:** «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқып беру. Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.<br>• Ертегі қалай аталады?<br>• Ертегінің басы қалай басталады?<br>• Ертегі қалай аяқталады?<br>• Жыл басы қай жануар болды?<br>• Түйе неге жыл басы бола алмады?<br>**Сөздік жұмысы.**<br>*Жусан – ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп.*<br>*Жабағы – қой мен түйенің көктемде қырқып алған қысқы жүні.*<br>*Бақташы – мал бағушы.*<br>*Өркеш – түйенің арқасында бір немесе екі айыр болып тік шанышылған қомы.*<br>**Сергіту сәті:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық.<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып.<br>**«Қайсысы қалай дыбыстайды?» ойыны.**<br>**Тыныштық сәті.** | Оқылған шығармаларды үзінді арқылы тауып ойнайды.<br>Ертегіні зейін қойып тыңдайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Сөздік жұмысын жүргізеді. Жаңа сөздермен танысады.<br>Орындарынан тұрып сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br>Берілген ойындарды ойнап, зеректіктерін шыңдайды.<br>Тыныштық сәтін өткізеді. |
| **Рефлексиялық түзетуші** | Е. Өтетілеуұлының «Жыл аттары» өлеңін оқып беру, жаттату.<br>қазақша жыл аттарын атату: Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз жылы. | Өлеңді тыңдап, жатқа айтады.<br>Жыл аттарын жаттап келеді. |

**Біледі**:жыл басына таласқан жануарларды.

**Игереді**:әр жануарладың көрегі мен тіршілігін.

**Меңгереді**:жануарларды күтіп-баптауды, ертегінің мазмұнын.

Тексерілді!

Күні:. *21.02.2022ж.*

**Тақырыбы: «Жеті қазынаның бірі» ертегісі**

**Мақсаты:** 1.Балаларға «Жеті қазынаның бірі» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға не жататынын түсіндіру арқылы халқымыздың осындай таным-түсініктері көптігін айтып, олардың тәрбиелік мәнін ұғындыру.

.**Көрнекіліктер** :ертегі кейіпкерлерінің суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. | Бір-бірінің қоларын ұстап, жылы лебіздерін білдіреді. |
| Ізденістер. Ұйымдастырушы | Жеті саны неліктен киелі екендігіне түсінік беру.<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. Дәптердегі ертегі мазмұны бойынша салынған сурет арқылы мазмұнын түсіндіру.<br>**Сөздік жұмысы.**<br>*Мадақтау – біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу.*<br>*Аластау – біреуді ығыстау, қуып тастау.*<br>*Жағымпаздана – жағыну, жарамсақтану, жалбақтау.*<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу.<br>-Аң патшасы – Арыстан ормандағы аңдарға қандай сұрақ қойды?<br>- Аңдар қалай жауап береді?<br>- Аңдар неге ашуланды?<br>- Иттің жауабын кімайтады?<br>**Жеті қазына туралы мағлұмат беру.**<br>Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады.<br>1.Жүйрік ат – қанаты.<br>2. Құмай тазысы – абыройын асырар сенімді серігі.<br>3. Қыран бүркіт – қуаты.<br>4. Берен мылтық – қаһарлы оты.<br>5. Қақпан – серті.<br>6. Майланғыш ау – әдіс-айласы.<br>7. Өткір кездік – сұсы.<br>*Қазақ халқы жеті қазынаны **жеті ырыс** деп те атайды. Оларға төмендегідегі ұғымдарды жатқызады:*<br>1.Адамның ақылы, ой-санасы.<br>2. Денсаулық.<br>3. Ақ жаулық (ана). | Жеті саны туралы біледі.<br>Ертегіні зейін қойып тыңдап, мазмұнын игереді.<br>Сөздік жұмысын жүргізіп жаңа сөздермен танысады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Жеті қазынаға нелер жататындығымен танысып, жаттайды.<br>Жеті ырысты танып |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Бала.<br>5. Көңіл.<br>6. Жер.<br>7. Ит. | біледі. |
| Рефлексия түзетуші | Мақал –мәтел: Ақылды адам айтқызбай біледі,<br>Қыран қаққызбай іледі.<br>• Ертегі қалай аталады?<br>• Ертегі қандай сөйлемнен басталады?<br>• Арыстан өзі туралы не білгісі келеді?<br>• Түлкі Арыстанды қалай мақтады?<br>• Арыстан итке не деді?<br>• Ал сонда дүниедегі ең қайратты, ең ақылды, әділ әрі епті қайсысы екен?<br>• Ит Арыстаға қандай жауап қайтарды? (Мен үшін дүниедегі қайратты әрі ақылды, ол тек-адамзат)<br>• Неге итті «жеті қазынаның бірі» деп айтады екен? | Мақал-мәтелді тыңдайды. Мазмұнын түсінеді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |

**Біледі:**жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға не жататынын.

**Игереді:**жеті қазынаның мағынасын.

**Меңгереді:**халқымыздың таным-түсініктерін.

Тексерілді: [signature]

Күні: 26.01.2022 ж

**Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі.**

**Мақсаты:** 1.*Бойларындағы икемділік, сымбаттылық, қабілеттілік, инабаттылық іздеттілік, біліктілік, қасиеттерін дәріптеп дамытуға баулу. Жанашырлыққа, әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.*

**Көрнекіліктер**:Ертегі кейіпкерлерінің суреттері,үй жануарларының суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. | Бір-біріне жақсы тілектерін білдіріп сәлемдеседі. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Суретпен жұмыс:** суретке қарап «Алтын сақа» ертегісінің мазмұнына түсінік беру.<br>Сурет бойынша балаларды сөйлету.<br>Ертегіні бөлім бойынша оқып беру. Мазмұнын түсіндіру.<br>Балаларға бөлім бойынша бөліп сахналауды тапсыру.<br>**Сөздік жұмысын жүргізу.**<br>**Мақал – мәтел жаттау.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Үй жануарлары» . Шарты: балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі.әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетін немесе өз ойын, пікірін баяндайды.<br>*Сиыр, жылқы* сөздеріне дыбыстық талдау жасату.<br>Асық туралы мәлімет беру. Асықты үй жануарлары , атап, айтсақ малдарда болатыны туралы айтып түсіндіру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>**Сергіту сәті:** Құстар біздің досымыз,<br>Бау-бақшаны қорғайды.<br>Ұя жасап қарсы алсақ,<br>Құстар бізді қолдайды. | Суретке қарап ертегі туралы білімдерін ашады.<br>Балалар өздері білетін ертегі туралы әңгімелейді.<br>Сөздік жұмысына мән береді.<br>Мақалдарды жатқа айтады.<br>Шарты бойынша ойынды ойнайды.<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>Жұмбақты шешеді.<br>Сергіту сәтін орындарынан тұрып орындайды. |
| **Рефлексия қозғаушы** | Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Біледі:**ертегі кейіпкерлерін танып, біледі.

**Игереді:**ертегінің мазмұнын.

**Меңгереді:***жанашырлықты, әдемілікті, ұқыптылықты.*

Тексерілді! [signature]

Күні: 4.02.2022 ж

**Тақырыбы:** «Қаңбақ шал» ертегісі

**Мақсаты:** «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыру:есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

**Құрал-жабдық:** конверт, хат, «Қаңбақ шал» ертегісі, дәудің, Қаңбақ шалдың суреттері, түлкінің бет –пердесі.

| Іс – әрекетінің кезеңдері | Педагогтың іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Тосын сый: есік қағылып, тәрбиеші топқа хатты алып кіреді.<br>Тәрбиеші: «Бұл хат кімнен келді екен?»-деп хатты ашып оқиды.<br>«Сәлеметсіңдерме балалар! Мен ертегі періштесімін. Сендердің ертегіні жақсы көретіндеріңді білемін. Сондықтан да сендерге «Қаңбақ шал» ертегісін сыйға тартамын. Ертегі сендерге ұнайды деп ойлаймын. Сәлеммен ертегі періштесі. | Балалар «кім келді?»-деп қызығушылық танытады.<br>Балалар хат кімнен келді екен деп қызығушылық танытады.<br>Балалар қол шапалақтап қуанады.<br>Балалар хаттың мазмұнын тыңдайды. |
| **Ұйымдастырушылық - ізденістік** | *Тәрбиеші ертегіні оқиды*<br>*Тәрбиеші ертегі бойынша сұрақтар қояды.*<br>-Ертегі кім туралы?<br>-Оны неліктен Қаңбақ шал –деп атады?<br>-Қаңбақ шал дәуді қалай алдады?<br>-Жарайсыңдар балалар! Ертегіні жақсы түсініпсіңдер. Енді мен сендерге «Түлкі мен балапандар» ойынын ойнауды ұсынамын.<br>*Тәрбиеші санамақтың көмегімен түлкі* | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>-Қаңбақ шал туралы.<br>Балалардың жауабы.<br>«Түлкі мен балапандар» ойынын ойнайды.<br>Түлкі ұйықтап отырады. Балапандар түлкіге жақындап, оны оятады. Түлкі балапандарды қуып |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | *болатын баланы сайлап алып, қалған балаларға балапан болатындарын айтады*<br>-Жарайсыңдар балалар, бәрің епті екенсіңдер.<br>-Сендер ертегілерді білесіңдер ме?<br>– Мен сендерге «Ертегілер вальдамасы» ойынын ойнауды ұсынамын.<br>-Балалар сендерге кімнен хат келді?<br>– Ертегі періштесі бізге қандай ертегі<br>– Қаңбақ шал қандай адам? | ұстайды. Ұсталған балапан ойыннан шығады.<br>-Иә, білеміз.<br>Балалар шеңбер бойы айналып жүреді. Егерде сендер арасында ертегілер атаулары аталса тоқтайды.<br>-Ертегі періштесінен<br>– Қаңбақ шал ертегісі<br>Жеңіл, кішкентай адам. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ертегі мазмұнын

**Игереді:** ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

**Меңгереді:**ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Тексерілді: [signature]

Күні: *11.02.2022ж*

**Тақырыбы:** «Үш дос» әңгімесі

**Мақсаты:** Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Сыйластық туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу. Білімдерін кеңейте отырып, әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету.

**Қажетті көрнекі-құралдар:** Терек, жапырақтар мен гүлдер, суреттер, аудио, бейне таспалары.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық кезеңі** | **Жылулық шеңбері.**<br>Кел, балалар, күлейік.<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>- Балалар, сендер дос дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Сендердің достарың бар ма?<br>Тақтадағы суреттермен жұмыс. | Балалар шеңбер болып тұрып, бір-бірімен амандасады<br>Достар бір-бірін алдамайды, ренжітпейді, бір-біріне көмектеседі.<br>Балалар әңгіме құрап айтады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі** | - Мен сендерге қазір «Үш дос» әңгімесін оқып беремін , мұқият тыңдаңдар<br>Бір күні Серік далаға өзінің өрт сөндіретін машинасын алып шығады. Оны көрген Қанат, біз доспыз ғой, бірге ойнайық,-дейді. Серік бірге ойнауға келіседі. Қанат, машина келе жатыр, былай тұрыңдар, -деп айғалай бастайды. Оны естіген балалар бізде бірге ойнайық деп жүгіреді. Ал, Қанат болса, мен Серіктің досымын, мен ғана ойнаймын, -деп, машинаны оларға бергісі келмейді.<br>Балалар оған ренжіп қалады. Ал екінші күні Арман далаға вагоны бар паравоз алып шығады. Қанат тағы Арманға жүгіріп келіп, Арман мен сенің досыңмын ғой, бірге ойнайықшы, - дейді. Екеуі ойнап жүргенде Серік келіп, менде ойнаймын ,- дейді. Жоқ, сен ойнамайсың ,-дейді Қанат. Кеше сен менімен дос едің ғой, - дейді Серік. Қанат болса, ол кеше болатын, ал бүгін мен Арманмен доспын, өйткені ол паравоз әкелді, -дейді.<br>**Сергіту сәті.**<br>- Шеңбер құрып тұрайық.Біз шеңберге<br>Достар бірге жүреміз.<br>Бірге ойнаймыз күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне біздер қандаймыз.<br>Орман, көлге шыңға біз<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Белінбейді іргеміз. | Балалар зейін қойып, мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әрқашан да біргеміз.<br><br>- Енді бәрің де отырып, қолдарыңа айнаны алыңдар. Айнаға қарап көңілсіз адамды көрсетеміз, енді күліп, қуанамыз. Жақсы енді достарыңды көргенде қандай көңіл-күйде болатындарыңды алдырыңдағы шарға бейнелейміз.<br><br>Сұқ саусақтарыңды суға бір малып алып сұйық бояуға маласыңдар да, шарға басып саласыңдар. Шарды сол қолдарыңмен ұстап отырасыңдар. Енді жұмысқа кірісейік.<br><br>Әр баланың қасына барып, бағыт беріп, қадағалау. | Шеңберге тұрып, қимылмен көрсетіп орындайды.<br><br>Балалар өз көңіл-күйлерін бейнелейді.<br><br>Қимылмен көрсетіп орындайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | **«Достық неден басталады?»** ойынымен қорытындылайық. Мен сендерге достық туралы сөздер айтамын, сендер оған «иә» немесе «жоқ» деп шапшаң жауап бересіңдер.<br><br>(Татулықтан, сыйластықтан, алдағаннан, көмектесуден, төбелескеннен, өтірік айтқаннан, бірге ойнағаннан, шымшудан, ренжісуден, ойыншығы мен тәттілерінен бөліскеннен.)<br><br>Жиналамыз сәтті күні бәріміз де,<br>Үлкен кіші жасымыз, кәріміз де.<br>Дендеріңіз сау болсын, қонақтарым,<br>Гүл-гүл жайнап жүріңіздер төрімізде. | Балалар шапшаң жауап береді.<br><br>Балалар бірге қосылып айтады. |

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасай біледі: :** Әр баланың досының болуы, достықтың маңызын білу керек.

**Түсінеді:** Достық екі жақтың бір-біріне деген сенімі, көңілі, көмегі арқылы мықты болатынын түсіну.

**Қолданады:** Әр түрлі жағдайларды көрсету.

Тексерілді: [signature]

Күні: 18.02.2022ж.

**Тақырыбы:** «Алма» ертегісі.

**Мақсаты:** «Алма» ертегісін түсіндіру. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі желісі арқылы балалар өз көзқарастарын білдіруге,әңгімелесуге баулу. Эмоцияларын білуге үйрету. Сахналауда кейіпкерлерді дұрыс қолдануды үйрету.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер, алма ағашы,қарға, аю,қоян, кірпі, үстел-үсті театры.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | ***Шаттық шеңбер***<br>*Сәлем,сәлем, басым,*<br>*Сәлем,сәлем, көзім,*<br>*Сәлем,сәлем, бетім,*<br>*Сәлем,сәлем, тісім,*<br>*Сәлем,сәлем, балалар,*<br>*Сәлем,сәлем, апайлар!*<br>*- Балалар,біз ертегілер еліне саяхатты жалғастырамыз.*<br>*- Біз бірнеше ертегілерде қонақта болдық.* | Балалар шаттық шеңберге тұрып,өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Балалар өздерінің естерінде қалған ертегілердің аттарын айта түсіреді. |
| **Іздену ұйымдастырушы** | *- Бүгін де біз сендермен ертегіге қонаққа барайық. Ал,*<br>*қай ертегі екенін мынау сиқырлы қорапша арқылы білеміз.*<br>***Ғажайып сәт.***<br>*- Балалар, қараңдаршы, мына әдемі қорапты,ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?*<br>*(ашылмайды)*<br>*-Ой! Балалар, мына қорап ашылмай жатыр!*<br>*- Бұл не болғаны?*<br>*(Хат жатады)*<br>*-Қораптың үстінде хат жатады. Хаттың сыртында: «Осы жұмбақты шешсеңдер ғана қорап ашылады»,- екен.*<br>*Олай болса, балалар, жұмбақты шешеміз бе?*<br>***Жұмбақ:***<br>*Әрі қызыл, әрі тәтті,*<br>*Татқан жанды таңырқатты.*<br>*Жарайсыңдар, балалар!*<br>*Сендер жұмбақтың шешімін таба білдіңдер. Олай болса, балалар, ертегіміздің аты қандай екен, қалай ойлайсыздар?* | Балалар қызығушылықтарын білдіреді.<br><br>Балалар қызыға қорапқа назарларын аударады .<br><br>-иә<br><br>-иә<br><br>Балалар жұмбақтың шешімін табады.<br>- Алма<br><br>-«Алма» ертегісі. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық түзетушілік | *Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі ертегіміздің аты-*<br>*«Алма»ертегісі*<br>*«Алма» ертегісін тірек-сызба арқылы көрсету*<br>*Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қою*<br>*-Алма қандай ағашта өседі?*<br>*- Алмаға кімдер таласады?*<br>*-Аю алманы қалай бөліңдер деді?*<br>*Бәре келді! Енді, балалар,*<br>*үстел үсті театры арқылы кім маған сахналап береді?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Музыкамен орындайды.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Төлдерін ата»*<br>***Мақсаты:****Жануарлардың төлдерін таба білу.*<br>*«Береке басы бірлікте»*<br>*дегеніміз - дос болу керек. Барлығын ақылымен шешу керек.*<br>*Аю дұрыс жасады ма?*<br>*Ал кірпі, қоян, қарға қателерін түсінді ме?*<br>*Сұрақ-жауап арқылы балаларды мадақтау* | Балалар ертегіні тамашалайды<br>Балалар сұрақтарға жауап беред<br>-Алма ағашында<br>-Қоян,кірпі,қарға.<br>-Тең бөліп алыңдар деді<br>Балалар көрсетіп береді<br>сиыр-бұзау, бие-құлын, түйі-бота, мысық-марғау.<br>-Иә.<br>-Иә, түсінді. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Білуі керек:** «Алма» ертегісін, тәрбиелік мәнін.

**Түсінді:** үстел театры арқылы сахналауды.

Тексерілді: [signature]

Күні: 25.02.21ж

**Тақырыбы:** «Маша мен аю» орыс халық ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қимылмен ұштастыра білуге, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, жаңа сөздіктерді айта отырып, тіл жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Ойындар арқылы ойлау қабілеттерін арттыру

**Көрнекі-құралдар:** жануарлардың суреттері,аюдың үйінің суреті

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Қызығушылықты ояту** | – Бүгін – тамаша күн. Біздің көңіл-күйіміз жақсы сендерді шеңберге шақырамын.<br><br>Қонақтармен амандасып, топқа бөлу | Балалар қонақтармен амандасады.қызығушылығын көрсетеді.Топқа суреттер арқылы бөлінеді. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденушілік** | . Балалар бұл қандай ертегі<br><br>«Маша мен аю» деген орыс халқы ертегісімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп, келтіріп оқып беру. **Сергіту сәті** Қорбаңдаған аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп – теріп алайық Себетке біз салайық! Балалар енді осы ертегінің рөльге бөліп ойнап көрейікші.<br><br>**Топтық жұмыс:**<br><br>**1-топ** Машаның тобы машаның суретін бояу<br><br>**2-топ** Аюдың тобы аюдың суретін бояу<br><br>Балалар әдемі боялған суретті тақтаға ілеміз. | Қандай ертегі екенін табады.<br><br>Балалар қимылмен сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар ертегіні рөльге бөліп ойнайды<br><br>Балалар топтық жұмыс жасайды<br><br>Машаның суретін бояйды<br><br>Аюдың суретін бояйды<br><br>Әдемі боялған суретті тақтаға іледі |
| **Рефлекстік-түзету** | «Ыстық орындық»әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерді қорытындылайды. Сұрақ-жауап: Ертегі қалай аталады ? -Маша құрбыларымен қайда жиналды? - Орманда не жинады? - Адасып қайда шықты? -Аю Машаға не деді? - Маша аюдан қалай құтылды?<br><br>- Көрдіңдер ме, балалар, екеуі бір-біріне көмек көрсетіп, осындай ауыр сәтте қиындықты жеңіп шықты.<br><br>Ендеше сендер де, балалар, бір-бірлеріңе мейірімді, қайырымды болып өсулерің керек. | Балалар ыстық орындыққа отырып сұрақтарға жауап береді.Бір-бірінің жауаптарын тыңдайды<br><br>Маша мен аю<br><br>Орманға |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ертегінің мазмұнын біледі.

**Игереді:** өз ойларын еркін айта білуді,рөльге бөлініп ойнайды.

**Меңгереді:** көмектесу арқылы бір-біріне жақсылық жасай алатынын

Тексерілді! [signature]

Күні: 4.03.2022ж

**Тақырыбы**: "Түлкі мен ешкі" (ертегі сахналау)

**Мақсаты:** Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін қалыптастыру (қатты немесе жәй,тез немесе ақырын).Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді қолдануға үйрету.

**Көрнекілік:** Ертегілердің суреттері,түлкі мен ешкінің қуыршақтары,апан

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-Қозғаушы** | Балаларды шеңберге отырғызып көңіл-күйлерін сұраймын.<br>Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?<br>Тосын сәт:Ертегілердің суретін көрсету.<br>.Жаңа ертегімен таныстыру. | Балаларшеңбергеотырады<br><br>Біздіңкөңіл-күйіміжақсы<br><br>Таңғалыпқарайды,таныертегілерін атапбереді. |
| **Ұйымдастырушы-Ізденушілік** | Балалар қазір ертегінің ішінде сендерге таныс емес сөздер кездеседі,алдымен сол сөздердің мағынасын түсініп алайық<br>Абайсызда-байқамай.<br>Апан-ойық терең жер.<br>Сусап-шөлдеп.<br>Ырғып-тайғанап.<br>Балалар мен сендерге қазір "Түлкі мен ешкі" деген халық ертегісін оқып беремін, Сұрақтар.<br>Балалар мен қандай ертегі оқыдым,ертегі қалай аталады?<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>Түлкі қайда түсіп кетеді?<br>Ол апаннан қалай шығып кетеді?<br>Ешкі қайда бара жатыр еді?<br>Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге?<br>Ол қандай аң?Ал ешкі қандай?<br>"Өтірікке алданба басың бәлеге душар болады" дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Сергіту сәті | Балалар мұқият тыңдап отырады<br><br>Жинақталып,тыныштальп ертегіні тыңдап отырады<br><br>Түлкі мен ешкі ертегі<br><br>Ертегіде түлкі және ешкі бар<br><br>Түлкі апанға түсіп кетеді<br>Ешкіні алдап оның үстіне мініп онан соң мүйізіне табан тіреп шығып кетеді<br>Түлкі су іздеп жүрген болатын<br>Түлкінің жасағаны дұрыс емес.Өйткені өтірік айтып,алдауға болмайды.<br>Түлкі-қу,шапшаң<br>Ал ешкі-аңқа<br>Балалар өз ойларын айтады |
| **Рефлексттік-Түзету** | Бекіту сұрақтары:<br>Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?<br>Сонымен ертегіде қандай кеіпкерлер бар екен?<br>Ертегі сендерге ұнады ма? | Ешкі мен түлкі ертегісімен таныстық.<br>Ертегіде түлкі мен ешкі бар.<br><br>Иә ұнады. |

**Күтілетіннәтиже:**

**Ұғынады:**Кейіпкерлердің дауыс ырғағын,мимикасының көрсетілуін

**Түсінеді:**Кейіпкерлердің дауыс ырғағын,мимикасын көрсетуге

**Қолданады:**Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді

Тексерілді: [signature]

Күні:. 22.03.2022ж

**Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі**

**Мақсаты**: 1. Ертегі мазмұнын түсіндіру.. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту.

.**Көрнекіліктер**:ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

| **Іс-әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңберіне тұрғызу. | Шеңберге дөңгелене тұрып жылы лебіз білдіру |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Тыныштық сәті.**<br>а) «Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісін оқып, мазмұнын дәптердегі сурет арқылы түсіндіру.<br>**ә) Сөздік жұмысы:**<br>*Мұржа – пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік.*<br>*Күлтеле – шоқтау, шоғырлау. Түлкінің күлтеленген құйрығы.*<br>**б) Сұрақтарға жауап беру:**<br>1.Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>2. Қасқыр, Түлкі және Әтеш не салмақ болды?<br>3. Түлкі Қасқыр мен Әтешке қандай тапсырма берді?<br>4. Түлкі өзі не істеді?<br>5. Ертегі қалай аяқталды?<br>**в) Балалардың пікірлері тыңдалады.**<br>**г) «Қасқыр, Түлкі және Әтештің жолын тап» ойыны.** Дәптерге ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолын сызып көрсету.<br>**ғ) Жұмбақ шешу.**<br>Жұмбақтың шешуі: әтеш, түлкі.<br>Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мысалы: әдемі әтеш, қу түлкі. Әтеш шақырады. Түлкінің құйрығы ұзын. Ол күлтеленіп тұрады. | Тыныштық сәтін өткізеді.<br>Ертегіні зейін қоя тыңдайды. Сурет арқылы мазмұндайды.<br>Сөздік жұмысын жүргізіп, жаңа сөздермен танысады.<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>Дәптердегі ойынды ойнап, сызықпен қосады.<br>Жұмбақтың шешуін табады.<br>Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады. |
| **Рефлексия түзетуші** | • Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, әділ, адал болуға үйретеді. Бірлік болған жерде кез келген жұмысты да аяқтауға болады. | Ертегінің мазмұнын меңгереді. Мазмұндап айтуды үйренеді. |

**Біледі**:. ертегі мазмұнын, кейіпкерлерін.

**Игереді**:. қоршаған ортаға мейірімді болуды.

**Меңгереді**:ертегінің мазмұнын меңгереді.

Тексерілді: [signature]

Күні:. 18.03.2022ж

**Тақырыбы:** М. Етекбаевтың «Нан қайдан келеді?» ертегісі

**Мақсаты:** 1. Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып, ертегінің мазмұнын түсіндіру.

**Көрнекілік құралдар**: бидай суреті егін қырман суреті т.б.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңбері. | Жақсы тілектерін айтып, амандасады. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Суретпен жұмыс:**<br>-Мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>- Нанды неден пісіреді?<br>- Ұнды қалай жасайды?<br>- Мынау бидайдың сабағы, масағы, мұртшалары. Егер бидайдың қауызын аршитын болсақ, ішінен бидайдың дәні шығады. Бидайды ұнтақтаса, ұн болады. Наубайханада осы аппақ ұнға тұз, су, ашытқы араластырып, қамыр илеп, нан пісіреді.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Наубайхана – нан пісіріп, жабатын орын.*<br>*Наубайшы – наубайханада нан пісіретін адам.*<br>*Диірмен – дәнде-дақылдарды тартып, ұн шығаратын кәсіпорын.*<br>*Комбайн – әр алуан дақылдарды жинап, бастыруға арналған машина.*<br>**Жұмбақ шешу:** Қыр басында әрқилы,<br>Сары теңіз толқиды (Егін).<br>• Балалар, диқан сөзін қалай түсінесіңдер?<br>• Диқан – егін шаруашылығымен айналысатын адам.<br>**Сергіту сәті**: Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактор мен комбайн<br>Жүргізуге мен дайын.<br>**Дәптермен жұмыс:** «Нан қайдан келеді?» ертегісін оқып беріп, түсіндіру.<br>Ертегіні бөлім-бөлімге бөліп оқып, сұрақтар қою. | Суретке қарайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Бидай туралы әңгімені тыңдайды. Өз ойларын ортаға салады.<br>Жаңа сөздермен танысып, еске сақтайды.<br>Жұмбақты шешеді.<br>-егін<br>Сұраққа жауап береді.<br>Сергіту жаттығуын қимылмен орындарынан тұрып орындайды.<br>Ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. |
| **Рефлексиялық түзетуші** | -Тышқанды қандай сұмдық мазалады?<br>- Нан қайдан келеді?<br>- Тышқан сұрағына жауап ала алды ма?<br>- «Нан – байлық, нан - береке» деп халқымыз бекер айтпаған. Қаншама адам еңбек етеді. Сондықтан олардың еңбегін құрметтеуіміз керек. | Сұрақтар мен тапсырмаларды орындайды.<br>Нан туралы білетіндерімен бөліседі. |

**Біледі:**нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын

**Игереді:**нанды қастерлеу керектігін.

**Меңгереді:**адамдардың еңбегін құрметтеуді.

Тексерілді [signature]

Күні: 25.03.2022 ж

Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың грамматикалық тілін театрланған қызмет амалымен қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлері арқылы баланың тілін,ойын дамыту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.Балаларды мейірімділікке,кішіпейілдікке,шыншыл болуға тербиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

| Іс-әрекет кезеңдері. | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Музыка «Ертегілер елінде»<br>Балалар,біз қайда келдік?Қай ертегіге келдік? | Музыканы тыңдайды. «Ертегіге енеді»<br>Біз ертегі еліне келдік. «Алтын сақа ертегісіне келдік». |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | **Ертегі тамашалау.**<br>«**Алтын сақа**» ертегісінің желісімен тапсырмалар орындау.<br>1.«Таусоғар» тапсырмасы<br>2«Саққұлақ»тапсырмасы<br>3.«Сутауысар»тапсырма-сы<br>4. «Желаяқ» тапсырмасы | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, тамашалайды.Кендебайды құтқаруға аттанады.<br>Балалар таусоғарға келеді,одан көмек сұрайды<br>Балалар рольге бөлініп шалқан ертегісін сахналайды.<br>Балалар саққұлаққа келіп, көмек сұрайды.<br>Игровизормен жұмыс:Ертегілерді сәйкестендіру<br>Сутауысардан көмек сұрайды.<br>Ертегі кейіпкерлерін құрастыру.<br>Балалар таяқшалар арқылы ертегі кейіпкерлерін құрастырады.<br>Трек схема бойынша сөйлем құрастыру.Балалар схема бойынша толық сөйлемдер құрастырады. |
| **Рефлексивті-коррекциялау** | 5.«Мыстан кемпірдің»<br>тапсырмасы.Қорытынды | Ертегі кейіпкерлерін сол ертегіде кездесетін заттармен сәйкестендіру.(мысалы:Мынау тауық,Мынау етеш.Бұл « Шұбар тауық» ертегісі т.б.) Балалар осылайша досын құтқарады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: Ертегі мазмұнын,оның мағынасын

Игереді: Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсіз мінездерін
Меңгереді: Сұраққа толық жауап беріп, схемаларды еркін қолданадуды

Тексерілді: [signature]

Күні: 1.04.2022 ж

**Тақырыбы: «Торғай мен түлкі» ертегісі**

Мақсаты: Балаларды «Торғай мен түлкі» ертегісін айтып беру.. Үлкендердің сөзін тыңдай білуге, түсінуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға әдеттендіру. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту.

Көрнекіліктер: Торғай, түлкінің кейіпкерлері – үстел үсті театры. Үлестірмелі суреттер: қоян, аю

| Іс-әрекет кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық,<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн. | Шаттық шеңберін қайталап, тәрбиешімен бірге қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | -Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?<br>«Торғай мен түлкі» ертегісі<br>Баяғыда торғай мен түлкі дос болыпты. Түлкі:<br>-Торғай бауырым, екеуміз бірлесіп егін ексек қайтеді?- депті. Сөйтіп екеуі егін егіпті. Егіндері жайқалып, жақсы шығыпты. Бір күні екендерін орып, жинап алу үшін екеуі таңсәріден тұрып егістікке келеді.<br>Түлкі:<br>-Торғай бауырым, сен астықты ора бер. Мен сонау төбеге шығып, аспанды тіреп, ұстай тұрайын. Әйтпесе төбемізге құлап кетіп жүрер, - деп қорқытады.<br>Жарайды, - дейді торғай егінді оруға кіріседі. Түлкі төбеге шығады. Аспанды ұстап тұрған секілденіп, алдыңғы екі аяғын жоғары көтеріп, шоңқиып отырып қалады.<br>Торғай: - Түлкі, түлкі қане бері кел, енді астық басайық, - дейді.<br>-Торғай, мен тұра бермесем болмас. Аспан құлап кетіп, бидайымызды басып қалар. Астықты өзің баса берсеңші, - дейді түлкі.<br>Торғай астық басып, содан соң бидайды тазалап болып:<br>-Түлкі бері кел, бидайды бөлісіп алайық, - дейді.<br>Мұны естіген түлкі жетіп келеді. Ол хепе шелекті алып:<br>-Міне саған бір шелек, ал маған екі шелек. Өйткені мен аспанды ұстап тұрдым емес пе? Бұл әлдеқайда ауыр жұмыс қой, - дейді.<br>Торғай үн қатпайды. Өз еншісіне тиген бидайды алады да, басы ауған жаққа кете барады. Жолда оған бір ит жолығып:<br>-Сен неге көңілсізсің? – деп сұрайды. | Балалар ертегіні тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Торғай өзінің түлкіден көрген қорлығын айтып береді.<br>Құдың мына қулығына ызаланған ит:<br>-Жүр мені, астық қоймасына ертіп апар, - дейді. Торғай итті түлкінің қоймасына алып келеді. Ит қоймаға кіріп, бидайға көміліп, түлкіні аңдып жатады. Келесі күні түлкі де келіп, диірменге тарттырып алмақ болып, бидайып қаптай бастайды. Бір кезде астық арасынан иттің құлағы көрінеді. Түлкі: «Мұны жеуге болатын нәрсе екен» деп ойлайды да, қауып кеп қалады. Осы кезде ит арс етіп шығып, түлкінің өзіне тап береді. Зәресі ұшқан түлкі әзер дегенде қашып құтылады.<br>-Балалар біз бүгін «Торғай мен түлкі» ертегісімен таныстық. Ендеше ертегі кейіпкерлерін қайталап айтайық.<br>-Түл-кі<br>-Тор-ғай<br>-Балалар, білесіңдер ме, түлкі өте қу аң. Ал торғай момын, тез алданып қалатын | |

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Торғай мен түлкі ертегісі..

Нені игерді:Жаңа сөздердің мағынасын игеру.

Нені біледі:Ертегіні толық түсіну.

Тексерілді: [signature]

8.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

**Мақсаты:** Халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылады таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>-Сендер ертегі елін ұнатасыңдар ма?<br>-Олай болса сендермен сиқырлы сандықтағы суреттермен танысайық.<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Күзде қандай өзгерістер болады екен? | Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Ұнататындарын айтады.<br>Қызығушылық танытады.<br>Суретте күз мезгілі бейнеленген<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін атайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденістіру** | **Жұмбақ** жасырады.<br>1.Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>Ол не?<br>2. Өзі айлакер қу,<br>Жүрген жері айқай шу.<br>3. Қанды сорып алады,<br>Лезде тойып қалады.<br>Ол не?<br>4. Аузынан от шашады,<br>Сумаңдаған тілі бар.<br>Бұраңдаған ізі бар,<br>Тіл ұшында уы бар.<br>Ол не?<br>Әр жауапқа сиқырлы сандықтан тақтаға суреттерді қойып отырады.<br>-Құстар туралы қандай әңгімелер, ертегілер білесіңдер?<br>-Қарлығаш қай кезде ұшып келеді? | Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Қарлығаш, -деп жауап береді.<br>Түлкі екенін айтады.<br>Маса<br>Айдаһар, деп жауап береді.<br>Қызығушылықпен қарайды.<br>Балалардың еркін жауабы.<br>Қарлығаш көктем мезгілінде ұшып келеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қарлығаштың құйрығы неге айыр, білесің-<br>дер ме?<br>Қарлығаш туралы аңыз ертегіні тыңдауды сұрайды.<br>Ертегінің аты «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?». Ерегіні оқып береді, мазмұнын түсіндіреді.<br>**Ертегі бойынша сұрақтар қояды:**<br>-Ертегіде не жайында айтылған?<br>-Балалар, ертегі қалай басталады?(білмесе өзі айтады)<br>-Түлкі не деп айтты?<br>-Маса не істеді?<br>-Адамдарға не көмектесті<br>-Ендеше балалар адамның досы айдаһар ма, әлде қарлығаш па?<br>**Сергіту сәті**<br>-Қазақ халқында қарлығашты қандай құс деп<br>есептеген?<br>-Дұрыс, сондықтан оған жамандық жасамайды, ұясын бұзбайды.<br>-Ертегіде қандай оқиғаны жақсы іске, қандай оқиғаны жаман іске жатқызар едіңдер<br>- | Қызығушылық танытады.<br>Мұқият тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Қарлығаш пен айдаһар туралы.<br>«Бұлт шалған биік бастарын, таулардың жайрап тастарын, айдаһар өмір сүріпті, патша боп көп жыл тұрыпты».<br>-Адамның қанын ішсең жазыласың,- деді.<br>Баланы шағып алады.<br>Адамдарға қарлығаш көмектесті.<br>Адамның досы қарлығаш.<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тікке ұшады,<br>Қарлығаштар қанатын<br>Самғап-самғап ұшады.<br>Қасиетті құс деп санаған<br>Қарлығаш адамдарға көмектесіп, жақсы іс жасады, маса баланы шағып қанын айдаһарға апармақшы болды, ол жаман іс. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Бүгін қандай ертегі оқыдық?<br>-Ертегі сендерге ұнады ма??<br>**Тыйым сөз:**<br>-Көк шөпті жұлма.<br>-Құстың ұясын бұзба.<br>- Жұмыртқасын жарма<br>Өсіп тұрған ағаштарға гүлдер жапсыру (Ақ гүлдерді-қарлығашқа, қара гүлді айдаһарға) | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқыдық<br>Балалардың еркін жауабы.<br>Тыйым сөздерді жаттауға тырысты. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегі мен әңгімені ажыратуды.

**Болу керек:** Ертегіні тыңдай білу дағдылары, достық, мейірімділік қасиеттері.

**Істей білу керек:** Тәрбиешінің сұрағына толық жауап беруді, ертегіні есте сақтап мазмұндауды.

Тексерілді

Күні: 15.04.2022ж

**Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегі**

**Мақсаты:** 1. Ертегі мазмұнын түсіндіру. 2. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. .

**Көрнекіліктері:** ертегі мазмұнына сәйкес салынған сурет.

•

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **I. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Шаттық шеңберін ұйымдастыру.** Өтті қызық көп күндер, Алты жасқа жеткендер. Өсті ақыл ойларың<br><br>Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. | |
| Ұйымдастыру-іздестіру | **2) Тыныштық сәті. -** Ертегі – бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам үшін түрлі нәрселер істей алуы мүмкін. Ертегіде сиқырлы құралдар бар. Жануарлар, аңдар туралы қандай ертегі тыңдадыңдар? Естеріңе түсіріңдер. (Балалар көздерін жұмып, ата-аналарынан немесе басқа ересектерден тыңдаған ертегілерін естеріне түсіреді. Бір-екі бала естеріне түсірген ертегілерінің мазмұнын қысқаша айтып береді).<br>**2. Негізгі бөлім. «Қасқыр, түлкі және қоян» ертегісі.**<br>**а) Тәрбиеші дауыс интонациясын дұрыс қойып, мәнерлеп оқиды,** мазмұнын дәптердегі сурет арқылы түсіндіреді.<br>**ә) Сөздік жұмысы:** Шаһар – қала. Мұржа – пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік. Күлтеле – шоқтау, шоғырлау. **Түлкінің күлтеленген құйрығы.**<br>**б) Сұрақтарға жауап беру.** 1. Ертегі кейіпкерлерін атаңдар. 2. Қасқыр, Түлкі және Әтеш не салмақ болды? 3. Түлкі Қасқыр мен Әтешке қандай тапсырма берді? 4. Түлкі өзі не істеді?<br>**5. Ертегі қалай аяқталды? в) Балалардың пікірлерін тыңдау. -** Балалар, сендерге ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнады, қайсысы ұнамады? Шаһар салу үшін не істеу керек еді? Балалардың үлгі жауабы: - Маған Қасқыр мен Әтеш ұнады. Өйткені екеуі де Түлкінің айтқан тапсырмасын орындады. Екеуі де еңбеккор екен. Ал Түлкі ұнамады. Өйткені Қасқырды орманға жұмсап жіберіп, Әтешті жеп қойғысы келді. - Шаһар салу үшін үшеуі де тату-тәтті болу керек еді. Бірігіп еңбектенсе, шаһарды салып шығатын еді.<br>**г) «Қасқыр, Түлкі және Әтештің жолын тап» ойыны.**<br>Дәптерге ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолды сызып көрсету.<br><br>**ғ) Жұмбақ шешу.** Жұмбақтың шешулері: әтеш, түлкі.<br>Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мысалы: әлемі әтеш, қу түлкі. Әтеш шақырады. Түлкінің құйрығы ұзын. Ол күлтеленіп тұрады. | Кіріспе әңгімені тыңдайды<br><br>Сурет бойынша әңгімелейді.<br><br>Сөздік жұмыс жасайд<br><br>Балалар дидактикалық ойынды ойнайды.<br><br>Жұмбақ шешеді. |
| Рефлексивті-түзетушілік | **II. Оқу іс-әрекетін қорыту. Ертегі мазмұнын мазмұндау.**<br>- Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, әділ, адал болуға үйретті. Бірлік болған жерде кез-келген жұмысты да аяқтауға болады. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** сурет бойынша ертегі мазмұнын түсіндіру.

**Қандай түсініктерді игерді:** сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.

Тексерілді: [signature]

Күні: 22.04.2022ж

Тақырыбы: «Жалқау мысық» ертегі оқу

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектермен қарым-қатынастың ережелерін сақтауға үйрету, жалқаулық жаман әдет екенін кішкентай көздерінен ұғындыру, жануарлық қатынасты білдіруді әлеттеуді жалғастыру.

Көрнекі құралдар: слайд, саусақ театры.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық-қозғаушылық | Тілек шеңбері:<br>Тілек шеңбері арқылы балалар бір– біріне жылы лебіздерін білдіріп, жарқын көңіл – күй, достық сезім сыйлайды | Жарты шеңбер болып отырады.<br>Бір– біріне жылы лебіздерін білдіреді |
| Іздену - ұйымдастырушы | Балалар, кәне назар салып тыңдаңдар!<br>Ерте, ерте, ертеде. Ешкі жүні бөртеде<br>Қырғауыл жүні қызыл еді....– деп неге бастаймыз?<br>Жұмбақ:<br>Өзі жап жас мұрты бар,<br>Ет пен сүтке құмарлар.<br>Тастомайды жақсы ұғы,<br>Түгі тоны шұп- шұбар. Бұл не?(Мысық)<br>«Жалқау мысық» ертегісін айтып береді<br>- Мені мұқият тыңдаңдар.<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Қожайын үйге не әкелді?<br>- Тышқандар қап толы бидайды не істеді?<br>- Бидайды жеп жатқан тышқандарды көргенде мысық не істеді?<br>- Қожайын мысығына не істеді?<br>Сергіту сәті:<br>Ай шымшық, ай шымшық,<br>Мысық қалай жүреді?<br>Мысық былай, мысық былай.<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ай шымшық, ай шымшық.<br>Тышқан былай, тышқан былай.<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ай шымшық, ай шымшық.<br>- Сауысқан қалай ұшады?<br>- Дәл осылай ұшады. | Назары тәрбиешіде.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>- Ертегіні бастаймыз<br>Жұмбақты шешеді<br>Ертегіні тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Сергіту сәтін орындайды<br>Балалар шеңберде айнала жүріп әр жануарлардың, құстың қимыл-қозғалыстарын келтіреді |
| Рефлексті - түзетуші | Оқу іс-әрекеті бойынша сұрақтар қойылады. | Сұрақтарға жауап береді |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:«Жалқау мысық» ертегісін білу керек.

Болуы керек:Қызығушылығы болу керек.

Қолынан келуі керек:Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек.

Тексерілді

Күні: 28.04.2022ж.

Тақырыбы: Буынға бөлу .Күшік пен мысық (ертегі)

Мақсаты: балаларды ертегіні рөлге бөліп айтуға,сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын,дауыс көркемділігін дамыту; балаларды үй жануарларды қорғай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** күшік пен мысықтың үлгі суреті,жұмыс дәптері,атрибуттар..

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар бүгін бізге мысық пен күшік қонаққа келіпті. Екі қонағымызға үстел басына отырғызайық.<br><br>Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?<br><br>Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер,олар қандай тамақ жейді?<br><br>Мысықтың дауысын кім салып береді? | Балалар келген қонақтарға назар аударады.<br><br>Үйінде бар балалар айтады.<br><br>Мен мысығыма сүт беремін.Ал күшігім етті жақсы көреді.Мен өзімнің мысығымның дауысын саламын.Ол «мияу-мияу» -деп миялайды.<br><br>Менің күшігім «әуп-әуп» деп үреді. |
| Іздену-ұйымдастырушы | Тәрбиеші күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды .<br><br>Балалар сендер кімнің суретін көріп отырсыңдар?<br><br>Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br><br>«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br><br>Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br><br>Ал мысықтың баласын «марғау» деп атаймыз?<br><br>Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?<br><br>Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы?<br><br>«Ақтөс»пен «Мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br><br>Қазір «Күшік пен мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Керіледі мысық<br><br>Көзін жайлап қысып<br><br>Жүгіреді күшік<br><br>Аула ішін кезіп<br><br>Дидактикалық ойын:<br><br>«Ертегі кейіпкерлерін тауып,олардың жүрісін сал»<br><br>Ойын шарты:ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | Күшік пен мысықтың суретін көрсетіп отырмыз.<br><br>Күшіктің анасы ит.<br><br>Ит сөзі бір буыннан тұрады<br><br>Марғаудеп ат қояды<br><br>Ақ тө-с, ма-мық<br><br>Балалар ертегіні мұқия қйылып тыңдайды.<br><br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл қозғалыстар жасайды.<br><br>Ертегі кейіпкерлерінің<br><br>жүрісін салады |
| Рефлексті коррекциялаушы | Балалар сендер қандай ертегіні сахналадыңдар?<br><br>Ертегідегі кейіпкерлерді атаңдаршы? | «Күшік пен мысық» ертегісін<br><br>Қасқыр,күшік,мысық,түйе,сиыр |

Күтілетін нәтиже:

**Орындайды:** ертегіні сахналап,ертегі кейіпкерлері атауларын буынға бөлуді.

**Түсінеді:**ертегі мазмұнын.Бір буында бір дауысты дыбыс болатын.

**Қолданылады:** жануарлардың дауыс ырғағын келтіріп,олардың жүрістерін сала білу дағдыларын.

Тексерілді: [signature]

Күні: *6.05.2022ж*

**Тақырыбы: «Түлкі мен тырна»** ертегісі.
**Мақсаты:** ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық,қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажырату.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің оқу қызметі | Балалардың оқу қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Біз әдепті баламыз<br>Біз ерекше баламыз<br>Үйге қонақ келгенде<br>«Сәлеметсіз бе!» -деп<br>Амандасып аламыз. | Балалар шеңбер бойына тұрып шаттық шеңберін орындайды. |
| **Ұйымдастырушы іздену** | - Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Сендер менімен бірге саяхатқа шыққыларың келе ме?<br>Олай болса мен сендерді ертегілер еліне саяхатқа шақырамын(балаларды әуен ырғағымен поезд тәріздес етіп жүргіземін)<br>**Таңғажайып сәт.**<br>Балалардың алдынан ертегілер елінің ханшайымы шығады.<br>**Ханшайым:**<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар?Мен сендерді көріп қуанып тұрмын.Сендер қандай мақсатпен ертегілер еліне келдіңдер?Сендердің келгендерің өте жақсы болды.Маған сендердің көмектерің өте қажет болып тұр. Олардың кім екенін жұмбақтар шешу арқылы біле аламыз.Сендер көмектесесіңдер ме балалар?<br>**Жұмбақтар шешу:**<br>1 Өзі айлакер, өзі қу.<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>2 Көкте ұшады тізіліп,<br>Біз қараймыз қызығып.<br>Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді.<br>-Балалар бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар.<br>«Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.<br>**Ханшайым:**<br>Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна өмір сүріпті. Бір күні олар орманда кездесіпті. Екі дос бірін-бірі қонаққа шақырыпты.<br>-Досым тырна маған қонаққа кел, сен үшін бәрін дайындап қоямын -деді түлкі.<br>Тырна түлкіге қонаққа келді.Түлкі ботқа пісіріпті Ботқаны тарелкеге салып тырнаға берді.<br>**Ханшайым:**<br>Тырна тарелкені тырс-тырс еткізіп ботқаны жей алмады.<br>**Түлкі:**<br>-Менде басқа ештеңе жоқ,тамақтан досым.<br>**Тырна:**<br>-Рахмет, досым енді мен сені қонаққа шақырамын.<br>**Ханшайым:** | Балалардың жауабы.<br>-Сәлеметсіз бе, ханшайым.<br>-Иә, көмектесеміз.<br>Балалар жұмбақты шешеді.<br>-түлкі<br>-тырна |

| | | |
|---|---|---|
| | Ертесіне тырна түлкіні қонаққа шақырады.Етті картоппен қуырып, құмыраға тамақты салып береді.<br><br>**Тырна:**<br>-Тамақтан сүйікті досым -деді.<br><br>**Ханшайым**: түлкі құмыраға басын былай салып, былай салып бірақ жей алмайды.<br>**Түлкі:**<br>-Сен қонақты қалай қарсы алуды білмейсің ба?- деп ашуланып кетіп қалады.<br><br>**Ханшайым:**<br>Содан бері екі дос бір-біріне ренжіпті.Осымен ертегіміз аяқталды<br><br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?<br><br>-Бұл жерде қандай кейіпкерлер бар?<br><br>-Түлкі тырнаны қонаққа шақырғанда қандай ыдыспен тамақ берді?<br><br>-Тырна іше алды ма?<br><br>-Ал тырна түлкіге не істеді?<br><br>-Ертегі кейіпкерлері бір-біріне ренжіп қалды.Оларға достық жетіспейді<br><br>-Балалар біз тырнаны достастырсақ қайтеді.<br><br>Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Саусақтар шыншыр болады,<br><br>Үзілмейді тартсаңда.<br><br>Ал,піл келіп шыққырды,<br><br>Үзіп кетті басқанда<br><br>Тұмсығымен доп іздеп,<br><br>Ойнағысы келіп тұр.<br><br>Достық үшін пілге мен,<br><br>Гүл сыйлағым келіп тұр<br><br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Не артық?»*<br>:<br>түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді қосу арқылы көрсету.<br><br>Ханшайым балаларға рахметін айтып оларға өз сыйлығын табыс етеді.музыка әуенімен балабақшаға оралу. | Балалар ертегіні түсініп тыңдайды.<br><br>Балалардың қызығушылық<br><br>сезімдері оянады.<br><br>-Иә, ұнады, өте қызықты болды.<br><br>-Тәрелкемен тамақ берді<br><br>-Тырна іше алмады<br><br>-Тырна түлкіге құмырамен тамақ<br><br>берді.<br><br>Балалар қимыл-қозғалыс<br><br>арқылы өлең<br><br>жолдарын қайталап айтад<br><br>-Иә, дайынбыз.<br><br>Балалар сұрақтарға толық<br><br>жауап береді.<br><br>Балалар берілген тапсырманы<br><br>орындайды. |
| **Рефлексивті түзетуші** | -Бүгін біз не істедік? Не көрдік? қайда бардық?<br><br>-Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар.<br><br>Мадақтау! | -ертегілер еліне саяхатқа бардық.<br><br>-түлкі мен тырнаны көрдік.<br><br>- берген тапсырмаларын орындадық. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені біледі:** жасайды, ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.
**Түсінеді**: кейіпкерлердің дұрыс еместігін.
**Қолданады:** достық сезін түсініп, бір-біріне қамқор болуды.

Тексерілді

Күні: 13.05.2022ж.

**Тақырыбы:** Ертегілер еліне саяхат

**Мақсаты** Ертегі, ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру;

**Қолданылатын көрнекіліктер, құрал-жабдықтар:** Слайд, ертегі кейіпкерлерінің муляждары, суреттер, ермексаз, тақтайша, пластик қасықтардың бастары.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Күн шығыпты, алақай<br>Қуанатын күн бүгін<br>Қайырлы таң, қайырлы күн<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Бәріміз күндей жарқырайық<br>Бәріміз тату болайық! | Балалар шеңберге тұрып, бірге қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | Балалар бүгін бізде өзгеше сабақ болады. Осы уақытқа дейін көп ертегілермен танысып, естіп білдік. Енді біз сиқырлы поезға отырып барлығымыз «Ертегілер еліне» аттанайық.<br>• І-ші аялдамаға да келдік, балалар, қане, тақтадағы суретке қарап қандай аялдама екенін тауып көрейікші.<br>• Қане, балалар, «Шалқан» ертегісін есімізге түсірейік.<br>**Дидактикалық ойын «Шалқан»**<br>Фетрға ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді жапсыру.<br>• Ал, балалар, енді саяхатымызды жалғастырайық.<br>*Поезбен саяхатқа аттанады.*<br>**Сұрақ-жауап:**<br>1. Үйшікке бірінші болып кім келеді?<br>2. Тағы кімдер келеді?<br>3. Соңынан кім келеді?<br>Аю топқа көңілсіз, жылап келеді.<br>• Аютай-ағатай, саған не болды, неге көңілсізсің?<br>Аю: - Мен үйшікті бұзып алдым. Соған көңіл күйім болмай, мазам қашып тұр. Сендер маған | Балалар бір-бірінің иығынан ұстап поездың дыбысымен саяхатқа аттанады.<br>Тақтадағы ертегі суреттеріне қарап балалар «Шалқан» ертегісі деп жауап береді.<br>Нұрай «Шалқан» ертегісін айтады. Топ балалары «Шалқан» ертегісін ретімен жапсыру ойынын ойнайды.<br>• «Үйшік» ертегісі<br>• Тышқан.<br>Балалардың жауабы.<br>• Аю.<br>• Әрине көмектесеміз.<br>Балалар аюмен бірге тақтаға қарап сергіту сәтін орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | көмектесесіңдер ме, балалар?<br>• Олай болса алдымен аюды көңілдендіріп алайық.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ырғақты әуенмен тақтаға қарап балалар сергіту сәтін жасайды<br>• Ал, балалар, енді аюдың үйін құрастыруға көмектесейік.<br>Аю: - Балалар, мен сендерге ризамын. Рахмет сендерге. Алғысым шексіз. Балалар сендерге келе жатып терген алмаларым бар еді, соны өздеріңе алғысым деп білерсіздер. Сау болыңдар.<br>*Балалар иықтарынан ұстап саяхатқа қайта шығады.*<br>• . *Тауқтың дауысы шығады. Әуенмен залға тауық келеді.*<br>• Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен өзімнің балапандарымды жоғалтып алдым. Сендер маған балапандарымды табуға көмектесіңдерші.<br>Балалар шығармашылық саласы бойынша дәстүрден тыс әдіспен тауықтың балапандарын жасауға кіріседі. | Балалар аюдың үйшігін құрастырып береді.<br>Балалар аюмен қоштасады. Шығарып салады.<br>• «Шұбар тауық»<br>Балалар тауықпен амандасып, балапандарын табуға көмектеседі.<br>Балалар балапандарды ермексаз бен пластик қасықтың бастарын қолдану арқылы жасайды.<br>Балалар тауықпен қоштасады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | • Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма?<br>• Біз бүгін қайда саяхатқа шықтық?<br>• Қандай аялдамаларға тоқтадық<br>• Аюға қалай көмектестік?<br>• Ал тауыққа ше? | • Иә<br>• Ертегілер еліне<br>• «Шалқан», «Үйшік», «Шұбар тауық»<br>• Үйшігін тұрғызып бердік.<br>• Балапандарын тауып бердік. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегілерді өз беттерімен айта алады.

**Игереді:** Қолданбалы материалдардан балапан мүсінін жасауды игерді.

**Меңгереді:** Үш тілде ертегі кейіпкерлерін атай білуді меңгерді.

Тексерілді [signature]

Күні: 20.05.2022ж

**Тақырыбы:** Шаруа мен аю

**Мақсаты:** ертегі мазмұнын жеке түсіндіріп,оны тыңдауға деген қызығушылығын арттыру, өз ойын қиялмен ұштастыру.

**Көрнекілік.**ертегі желісі бойынша шаруа мен аюдың суреті,жұмыс дәптері,түрлі-түсті қарындаш.

| Оқу іс-әрекеті | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі ақ тілек. | Балалар, қамшыны бір-біріне бере отырып жылы лебіздер айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Кіріспе әңгіме.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. Ол не?<br>«Шаруа мен аю» туралы ертегімен таныстырады.<br>Сұрақ жауап.<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?т.б.<br>Ертегіні рөлге бөліп ойнау.<br>Сергіту сәті:<br>Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. | -Аю<br>Балалар ертегіні тыңдайды.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Сергілу сәтін орындады.<br>Дәптермен жұмыс жасады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Шалқан жердің астында жатады. Жапырақтар жердің бетіне шығады. Бидай дәні масақта болады. Сабағын жемейді.Бидайдан ұн жасап ,түрлі тағамдар жасайды. | Балалар,ертегімен танысып,мазмұнын айтып бере алады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Орындайды:** ертегіні тыңдай отырып,еске түсіреді,ертегіні рөлге бөліп орындайды.

**Түсінеді:** шаруаның ақылды,аюдың аңқау екенін түсінеді

**Меңгереді**:Ертегі желісі бойынша сахналауды

Тексерілді

«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Балдәурен» ересектер тобы

# Вариативтік журналы

Тәрбиешілер: Адишева З.

Байзақова Л.

2021-2022ж

«Ойнайық та, ойлайық» Вариативтік компонентінің жылдық жоспары

| Р/с | Сағат саны | Мерзімі | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 7.09.2021ж | «Ойлаймыз да,ойнаймыз» | Балаларға жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту |
| 2 | 1 | 14.09.2021ж | «Тиісті торға орналастыр» | Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау |
| 3 | 1 | 21.09.2021ж | «Ойнайықта ойлайық» | Заттардың құрылысын салыстырып айтып беруге үйрету |
| 4 | 1 | 28.09.2021ж | «Бастырғыш» | Балалардың ойлау қабілетін дамыту |
| 5 | 1 | 05.10.2021ж | «Қоянды тап» | Қоянның суретін салу арқылы,түрлі сызықтар,пішін салу |
| 6 | 1 | 12.10.2021ж | «Біздің көңіл күйіміз» | Смайликтер арқылы көңіл-күйлерін орнына қою |
| 7 | 1 | 19.10.2021ж | «Үй құстары» | Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату. |
| 8 | 1 | 26.10.2021ж | «Қарама- қарсы» | Ой-өрісін кеңейту,ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | 1 | 02.11.2021ж | «Жеке атауын ата» | Ойлау қабілетін дамыту және қызығушылықтарын арттыру. |
| 10 | 1. | 09.11.2021ж | «Геометриялық пішіндерді тап» | Бірдей геометриялық пішіндерді тауып ,орнына қою. |
| 11 | 1 | 16.11.2021ж | «Өз үйіңді тап» | Пішіндердің көмегімен жануарларға үй құрастыру |
| 12 | 1 | 23.11.2021ж | «Қарап алда есіңде сақта» | Ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту,тапсырманы бұлжытпай орындауды үйрету. |
| 13 | 1 | 30.11.2021ж | «Әдемі суреттер» | Балаларды шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету,суреттерді дұрыс құрастыру. |
| 14 | 1 | 7.12.2021ж | «Сыңарын тап» | Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу,тапсырманы орындау,шатасқан суреттерді орнына қоюды қадағалау. |
| 15 | 1. | 14.12.2021ж | «Ғажайып орман» | Орманның құпияларымен таныстыру,суретке қарап талдау жасау. |
| 16 | 1 | 21.12.2021ж | «Бұл киімдерді қай кезде киеді?» | Киім түрлерімен таныстыру.сұлулыққа. ұйымшылдыққа баулу. |
| 17 | 1. | 28.12.2021ж | «Кім көңілді» | Адамгершілік.мейірімділікке баулу.жан-жағындағы тіршілікті тану. |
| 18 | 1 | 11.01.22ж | «Заттың атын ата» | Заттардың түрлерін танып,оның қолдану,оларға талдау жасау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 1. | 18.01.2022 | «Дастархан мәзірі» | Адамдар еңбегін бағалау.нанның дастарханға қалай келетінін білу,дәстүрді сақтауға тәрбиелеу. |
| 20 | 1 | 25.01.2022ж | «Жайлауда» | Танымдық қызығушылықтарын арттыру,сурет бойынша әңгіме құрастыру |
| 21 | 1. | 1.02.2022ж | «Мамандықтың бәрі жақсы» | Үлкендердің еңбегін бағалау,мамандық таңдауға қызығушылығын тудыру |
| 22 | 1. | 8.02.2022ж | «Сөйлемді аяқта» | Ойлау қабілеттерін арттыру,сөздік қорларын молайту,суретпен жұмыс жасай білуді үйрету. |
| 23 | 1 | 15.02.2022ж | «Нан қалай жасалынады» | Нанды қадірлеуге үйрету,адам еңбектерін бағалау, ұннан жасалатын тағам түрлерін біліге үйрету. |
| 24 | 1 | 22.02.2022ж | « Бұл қай мезгіл» | Табиғат сұлулығын сезіне білу,қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. |
| 25 | 1. | 1.03.2022ж. | «Орнын тап» | Балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып,ойлау арқылы құрастырып,мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. |
| 26 | 1 | 15.03.2022ж | «Бізде де ойын» | Баланың ой-өрісін кеңійту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. |
| 27 | 1. | 28.03.2022ж | «Бірге ойлап табайық» | Балалардың ойлау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру,табиғат мезгілінің ерекшеліктерін қимылмен білдіруге үйрету. |
| 28 | 1 | 5.04.2022ж | «Кім жылдам» | Отбасы туралы әңгімелеу,ұқыптылыққа,ұйымшылдыққа,мейірімділікке баулу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | 1 | 12.04.2022ж | «Жалпы атауын ата» | Өз бетінше жұмыс жасай білуге,санау,салыстыру дағдыларын қолдана білуге баулу. |
| 30 | 1 | 19.04.2022ж | «Дәмін ажырат» | Балаларды сезімталдылыққа тәрбиелеу,жемістер мен көкеністерді ажыратуға үйрету. |
| 31 | 1 | 26.04.2022ж | «Суретті таңдап ал» | Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету. |
| 32 | 1 | 3.05.2022ж | «Телефон» | Телефон түрлерін ажырыта білуге,ойлау қабілеттерін арттыру,телефон арқылы ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. |
| 33 | 1 | 10.05.2022ж | «Сөйлемді аяқта» | Оқу құралдарын атау,сөздік қорын арттыру,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| 34 | 1 | 17.05.2022ж | «Жеке атау» | Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістермен,табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы түсінігін молайту,ойлау қабілеттерін нығайту. |
| 35 | 1 | 24.05.2022ж | « Қарама-қарсы сөздер» | Балалардың ой-өрісін кеңейту,ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. |
| 36 | 1 | 31.05.2022ж | «Тиісті торға орналастыр» | Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау, ойлау,есте сақтау қабілеттерін ояту. |
| | Барлығы | | | |

Тексерілді

«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Балдәурен» ересектер тобы

# Вариативтік компонент

## Тақырыбы: «Ойнайықта ойлайық»

Тәрбиешілер: Адишева З.

Байзақова Л.

2021-2022ж

Күні: 7.09.2021ж

Тақырыбы: «Ойлаймыз да, ойнаймыз»
Мақсаты: Балаларға жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде. Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық-іздеhistік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Балалар суретке қараңдаршы, қане боялған қанша сурет бар, боялмаған қанша сурет бар? Ойланып көрейік және санайық. Мына жердегі суреттер ұлу, құлпынай, бұлт, жыланның суреттері боялған екен. Түстеріне назар аударайық. Ал мына суреттер машина, бағдаршам, терезе боялмаған екен. Ал енді осы суреттерді санына қарай топтастырып көреміз. Ойланайық және санайық. -Дұрыс айтасыңдар балалар, санды жақсы біледі екенсіңдер. Сергіту сәті. Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға адамға, Тек мейірім сыйлаймыз. «Ойлан тап» ойыны. Шарты: Тәрбиеші балаларға қорапшадағы ойыншықты жұмбақ жасыру арқылы айтады. Балалар ойыншықты ойланып атауын тауып береді. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Балалар боялған және боялмаған суреттерді көрсетіп атауын атап, олардың құрылымы мен түр-түсін атап береді. Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті орындалады. Балалар ойынды қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Балалар ойлау арқылы ойын ойнауды.
Игереді: Жұмбақ шешуді.
Меңгереді: Ойыншықтарды санауды және топтастыруды.

Тексерді [signature]

Күні. 14.09.2021ж

**Тақырыбы:** «Тиісті торға орналастыр»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін ояту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау.
**Көрнекі құралдар:** Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері.<br><br>Арайлап таң атты,<br><br>Алтын арай таратты.<br><br>Жарырасын қаламыз,<br><br>Жарырасын бақшамыз.<br><br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br><br>Сәлеметсіңдер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындарында тұрып орындайды. |
| **Ұйымдастырушылық-іздеуістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br><br>-Бір айда неше апта бар?<br><br>-Бір аптада неше күн бар?<br><br>-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі жексенбі.<br><br>-Бүгін аптаның қай күні?<br><br>-Балалар мына қараңдаршы, Ас бөлмесінің заттары шашылып жатыр екен. Осы заттарды тиісті торға орналастырсақ ас бөлмесі жиналып қалады. Ол үшін үлгіге қарап, қандай зат қай жерде тұрады, көріп алайық.<br><br>Мына қазан газ плитасының үстінде тұрады.<br><br>Ал мына кесе үстелдің үстінде тұрады екен. Ал жастық болса төсектің үстінде жиналып тұрады екен. Көрдіңдер ме, балалар барлық заттарды тиісті торға орналастыру арқылы ас бөлмесін жинап алдық.<br><br>Ал мына суретте қоянның үйінде шашылып жатыр екен. Қане, бәріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.<br><br>Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.<br><br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br><br>Қолды белге қоямыз<br><br>Бір отырып, бір тұрып,<br><br>Шыр көбелек айналып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз. | -Қыс.<br><br>-Үш ай бар.<br><br>-Төрт апта бар.<br><br>- Жеті күн бар.<br><br>-<br><br>-Сәрсенбі.<br><br>Балалар берілген тапсырманы орындап, тиісті орынға қоюды үйренеді.<br><br>Сергіту сәтін орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар біз бүгін қандай заттарды тиісті торға орналастырдық.<br><br>Қоянға тордың ішінен несін тауып бердік? | • Қазан, жастық, кесе.<br><br>• Сәбізін. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Заттарды тиісті орынға орналастыруды.

**Нені игерді:** Ұқыпты жұмыс істеуді.

**Нені біледі:** Артық заттарды торға орналастыруд

Тыкс! [signature]

Күні: 21.03.2021ж

**Бөлімі:** Ойлайық та ойнайық

**Тақырыбы:**«Суретті таңдап ал»
**Мақсаты:**Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету.Байқағыштықпен дәлдікке тәрбиелеу.
**Құрал- жабдықтар:** Көрнекіліктер мен суреттер.

| Оқу іс- әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеттері | Балалардың іс- әрекеттері |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері: | Шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын қайталайды.<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашанда, қайдада!<br>Дос болып бәріміз<br>Сенімді боламыз! |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір қай мезгіл?<br>-Көктем мезгілінде қандай айлар бар?<br>Балалар тақтаға қараңдаршы қандай суреттер көріп тұрсыңдар?<br>Суретші әртүрлі суреттер таңдапты соның ішінде табиғаттың суретіне қараңдаршы тауды қоңыр түспен, күнді сары түспен, шөптерді , талдарды жасыл түспен, суды көк түспен бояпты. Суреттерді дұрыс таңдай білу керек.<br>**Сергіту сәті** | -көктем<br>-наурыз, сәуір, мамыр айлары бар.<br>Балалар суретке қарап жауап береді.<br>Лағым, лағым,<br>Тентек болма шырағым,<br>Секеңдемей тілінді ал,<br>Селтеңдемей құлағың<br>(Өлең шумағына қарай қимылдар жасайды) |
| **Рефексиялық- түзетушілік** | **Қорытындылау**<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** суретті дұрыс таңдай білуді

**Игереді:** байқағыштықпен , дәлдікті

**Меңгереді:** контурлық бейнемен суреттерді салыстыра білуді

Тексерілді

Күні: 18. 05 2021ж

**Тақырыбы:** «Басқатырғыш»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көрнекіліктер мен суреттер.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>-Қайырлы таң балалар!Бүгін күн қандай керемет! Қане барлығымыз бірбірімізге жылы,көтеріңкі көңіл сыйлайық.<br>Дос болайық,бәріміз<br>Жарасып тұр әніміз<br>Тыныштықты сақтаймыз<br>Атсын күліп таңымыз | Шеңбер бойында тұрып өлеңді қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Сұрақ-жауап арқылы балалардан сұрау,жауаптарын тыңдау.<br>-Жылдың неше мезгілі бар?<br>-Қандай мезгілдері бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі<br>**Суретпен жұмыс жүргізу:**<br>-Балалар,тақтадан не көріп тұрсыңдар?<br>-Суреттер араласып кетіпті ия балалар, қане бәріміз бірге топтастырайық.<br>-Бірінші суретте жемістердің ішінде қандай сурет кіріп кетіпті?<br>-Ал екінші суретте?<br>-Ия дұрыс балалар . Сендерге әдейі шатастырып берген суреттерді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Қолды белге қоямыз<br>Бұрыламыз оңға бір<br>Бұрыламыз солға бір<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз<br>Жаттығулар жасасақ<br>Жақсы сергіп қаламыз. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Суреттер<br>Суреттердің араласып кеткенін ажыратады.<br>-Сандар<br>-Аңдардың ішінде киімдер артық.<br>Барлығы қимылмен орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Суретте көрсете отырып,сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылайды.Балаларды мадақтайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

Күтілген нәтиже:

Нені білу керек: суреттерді топқа ажырата .

Нені игереді: ойлау қабілеті арқылы ой өрісін дамыту.

Нені біледі:Басқатырғыштың не екенін білу.

Текс:

Күні: 05.10.2021ж

Тақырыбы: «Қоянды тап»
Мақсаты: Балаларға қоянның сурет арқылы әңгіме құрауға дағдылау. Сызық сызу арқылы ой өрісін дамыту.
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Балалар суретке қараңдаршы, нелер адасып жүр екен?<br><br>-Қанеки бәріміз осы қоянға өз үйін тауып жол көрсетейік.<br><br>Ол үшін алдымыздағы қағаздан қоянды тауып алайық.<br><br>-Жарайсыңдар, балалар. Енді нүктелерді бір – біріне қосу арқылы қоянды үйіне жеткіземіз. Қане, балалар бұл жерде шапшаң қимылдайық.<br><br>Әйтпесе қояндар секіріп қашып кетуі мүмкін.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Ұзын құлақ сұр қоян<br><br>Естіп қалып сыбдырды.<br><br>Ойлы қырлы жерлермен,<br><br>Ытқып, ытқып жүгірді.<br><br>Қарап еді артына,<br><br>Қиылып сап көзінің,<br><br>Келе жатқан томпаңдап,<br><br>Көжегі екен өзінің.<br><br>Ал енде балалар үйіне жеткен қоянмен қоштасамы | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Қоянға көмектесейік.<br><br>Балалар нүктені бір-біріне сызық сызу арқылы қосады.<br><br>Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті орындалады.<br><br>Қимыл-қозғалыстар жасайды |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>Нүктені бір-біріне қостыңдар ма?<br><br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Қоянды өз үйіне апаруды.
Игереді: Нүктені бір-біріне қосуды.
Меңгереді :Қоянға қамқорлық жасауды

Күні: 12.10.2021ж

Тақырыбы: «Біздің көңіл күйіміз»
Мақсаты: Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, смайликтер.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз.<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br>-Балалар мына суреттегі балалардың көңіл күйлері өте көтеріңкі екен. Бұл балалар қармен ойнап, аққала тұрғызып, шаңғы тебін жүр. Бір-бірлерімен тату-тәтті ойнап, қыс қызығын тамашалап жүр.<br>-Балалар үйде ата-аналарың қастарында болса, сендерге сыйлық жасаса көңіл күйлерің көтеріліп, мәз боласыңдар, иә?<br>-Ал топта бір-біріңмен ойнап, тәрбиешілеріңді тыңдап жүрсеңдер де көңілдерің көтеріліп жүреді.<br>-Балалар көңілсіз жүрсең мазаларың болмай, тырысып, бүрісіп, бір-біріңмен ойнамай жүресіңдер. Сол үшін әрқашан көңіліміз көтеріңкі болсын.<br>Көңіл күйлер түрлі смайликпен де бейнеленеді.<br>Мысалы: Көңілі көтеріңкі смайлик күліп тұрады.<br>Көңілі көңілсіз смайлик бұртиып тұрады.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жаттығуды жасаймыз.<br>«Көңілін тап» ойыны.<br>Шарты: Балалардың алдында суреттерде қоянның көңілін табу үшін сәбізді сыйға беру керек. Сол кезде қоянның көңілі көтеріледі. | -Қыс.<br>-Қар жауады.<br>Балалар тақтадағы суретке назар аударады. Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br>-иә қуанып қаламыз<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Балалар қоянға сәбізін тауып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен?<br>-Ойында қоянның көңілін қалай көтердік? | -Анамыз қасымызда болғанда.<br>-Сәбізін тауып бердік. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.
Игереді: Балалардың қызығушылығын арту.
Меңгереді: Смайликті көңіл күйге сәйкес орынынан қоюды меңгеред

Күні: 26.10.2021ж

**Тақырыбы:** «Қарама-қарсы сөздер»

**Мақсаты:**Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардыңой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама- қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.

**Көрнекіліктер:** доп, карточкалар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** -Құдыретті Күн, мен сені жақсы көремін!-Құдыретті Күн, мен сенен өтінемін.-Құдыретті Күн, маған тыныштық бер, қайырымдылық бере гөр.-Құдыретті Күн, маған денсаулық пен жылылық бере гөр! | Шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Қарама – қарсы сөздер антоним деп аталады. Мысалы, үлкен – кіші, көп – аз, артық – кем.**Ойын «Қарама – қарсы сөздер».**Шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады, допты ұстап алған бала кері лақтырып, айтылған сөзге қарама – қарсы сөзді айту керек.**Ойын «Кім жылдам?»**Шарты: Тақтаға қарама – қарсы суреттер ілінеді, балалар тез жауап беру керек.<br><br>**Ойын «Ащы - тәтті».**Шарты: Суреттерде әртүрлі көкөністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы – тәтті екенін айту керек.<br><br>**Сергіту сәті**Қолды күнге созайық, Күннен қуат алайық.Құстар қалай ұшады,Қанаттарын қағады,1-2-3 құс аспанға ұш,1-2-3 құс аспаннан түс.**Суретпен жұмыс:**Суреттерден қарама – қарсы суреттерді тауып, оларға сөйлем құрату. | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Алма – тәтті, бұрыш – ащы.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br><br>Балалар тапсырманы жылдам орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Сұрақ – жауап әдісі арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: суреттермен жұмыс жасауды;

Нені игерді: қарама – қарсы сөздерді айтуды;

Нені біледі:суреттерге қарап әңгіме құрауды.

Тексерілді

Күні: 09.11.2021ж

**Тақырыбы:** «Бірдей геометриялық пішіндерді тап?»
**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Бірдей геометриялық пішіндерді тауып, орнына қою.Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету. .
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br><br>-Балалар мына суреттерде геометриялық пішіндерден құралған неше түрлі қыс мезгілінің қызықтары бейнеленген. Шеңбердің көмегімен аққала жасалған. Үшбұрыштың көмегімен шырша, тертбұрыштың көмегімен сыйлықтар бейнеленген. Осы геометриялық пішіндерден тағы да неше түрлі бейнелер құрастыруға болады екен. Енді мына геометриялық пішіндердің бірдейін табыңдаршы?<br><br>Мысалы мына суреттегі шыршаның ойыншығы дөңгелек болса, аққала да дөңгелек. Шырша үшбұрышты болса, аққаланың мұрныда және түймелеріде үшбұрышты екен. Сыйлық тертбұрышты болса, аққаланың шелегіде тертбұрышты екен.<br><br>-Көрдіңдер ме балалар, геометриялық пішіндердің бәрі күнделікті өмірде қолданылады екен.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Қолды белге қоямыз,<br><br>Оңға, солға шайқалып,<br><br>Бір отырып, бір тұрып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз.<br><br>«Геометриялық пішіндерді тап?»<br><br>Ойыны.<br><br>Шарты: Балалар алдарындағы бірдей геометриялық пішіндерді тауып, санына қарай санап, орнына қояды. | -Қыс.<br><br>-Аққала, шырша, сыйлық.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.<br><br>ойланады<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды.Пішіндердің атауын айтады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | -Бірдей геометриялық пішіндерді. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қоюды.
Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.
Меңгереді :бірдей геометриялық пішіндерді табу

Тексе: [signature]

Күні: 16.11.2024ж

Тақырыбы: «Өз үйіңді тап» Өткенді пысықтау
Мақсаты: Балаларға адамдар мен жан-жануарлар және құстардың да өз үйлеру болатыны туралы мағлұмат беру. Пішіндердің көмегімен үй құрастыруға үйрету
Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Балалар сендер қайда және неде тұрасыңдар?<br><br>-Дұрыс айтасыңдар.<br><br>-Балалар біріміздің өз үйіміз бар. Үйімізде әкеміз, анамыз, ағамыз, тәтеміз, атамыз, әжеміз тұрады. Баріміз бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреміз. Үйімізді жыл мезгілдеріне сай әрлейміз.<br><br>Жиһаздар мен төсектермен жабдықтаймыз.<br><br>Ал енді балалар<br><br>Мына суреттегі үйлердің иесін тауып көріңдерші. Аң құстардыңда өз үйлеру бар. Қоянның, пілдің құмырсқаныңда өз үйі бар<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br><br>Қолды белге қоямыз.<br><br>Оңға бір бұрылып, солға бір бұрылып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз.<br><br>Геометриялық пішіндер беріледі. Балалар сол пішіндердің көмегімен үй құрастырып, сол үйде кім тұратыны жайлы әңгіме құрау керек.<br><br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Үйіміз бар.<br><br>-Мынау қоянның үйі, аюдың үйі, құстардың үйлері деп жауап береді.<br><br>Балалар орындарынан тұрып өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Пішіндердің көмегімен үй құрастырады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Балалар сендер қайда тұрасыңдар?<br><br>-Геометриялық пішіндерден не құрастырдыңдар?<br><br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар. | -Үй құрауды.<br><br>-Үйде.<br><br>-Өз үйімізді. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Әр адамның жан-жануарлар мен құстардың үйі болатынын біледі
Игереді: Пішіндердің көмегімен үй құрастыруды
Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды

Тексерілді [signature]

Күні: 23.11.2021ж.

Тақырыбы: «Қарап алда есіңе сақта»
Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қаҡсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар<br><br>-Балалар біз жан-жаққа қарап көрген заттарымызды суретіміз есімеге тез сақтап қаламыз. Сол суреттер мен заттардың түр-түсіне де қатты назар аударып, көрген заттарымызды алуға асығамыз.<br><br>Суретпен жұмыс:<br><br>Осы суреттің түсіне де назар аударыңдар.<br><br>Біздің айналамыз қоршаған ортамызда да түрлі әлем бар. Біз балабақшаға келер жолды да есімізге жақсы сақтап алғанбыз. Қандай кедергілер бар екенін де білеміз<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br><br>Қолды белге қоямыз.<br><br>Оңға бір бұрылып, солға бір бұрылып,<br><br>Біз жаттығу жасаймыз.<br><br>«Қарап алда есіңе сақта» ойыны.<br><br>Шарты: Балаларға белгілі уақытта сурет беріледі. Сол суретті есте сақтап, орнына қойып, түр –түсіне назар аудар | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Суретке назар аударады.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | -Түлкіні, саңырауқұлақты, алмына. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қояды.
Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.
Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Тексе.[illegible]

Күні: 30.11.2021ж.

Тақырыбы: «Әдемі суреттер»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету. .

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br><br>-Балалар мына суреттер өте әдемі екен.<br><br>Қыздардың шашы өте әсем сәнделген, киімдері жинақы киілген, киімдерінің түстері бір-бірімен үйлесіп тұр екен.<br><br>Ал ұлдардың киімдері де әдемі екен. Жейделерінің түстері шалбардың түсіне үйлесіп тұр екен.<br><br>Балалар ал мына суреттегі торғайларға қарандаршы, жап-жасыл ағашқа қонақтап отыр. Ал мына суретте балалар ойын алаңында ойнап жүр. Осы суреттердің бәрі әдемі суреттерге жатады. Адамдар суретке түсу үшінде әдемі киімдер киіп сәнделеді. Қазір жаңа технологиялардың көмегімен де әдемі суреттер бар.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Біз кішкентай балдырған,<br><br>Сескенбейміз жаңбырдан.<br><br>Табанымізде қолшатыр,<br><br>Алдымызда жол жатыр.<br><br>«Әдемі суретте тап» ойыны.<br><br>Шарты: Балалар көп суреттің ішінен өте әдемі, бояуы қанық суретті табу керек. | -Күз.<br><br>-Жаңбыр жауады, жапырақтар түседі.<br><br>Балалар суреттерге қарап талдау жасайды.<br><br>Тәрбиешінің түсіндірмесін мұқият тыңдайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Қандай суретті орнына қойдыңдар? | Әдемі суреттер таңдауды.<br><br>Бояуы қанық суреттерді орнына қойдық. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қояды.
Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.
Меңгереді: Берілген тапсырманы бұлжытпай орындауды

Тексерілді

Күні: 7.12.21ж

**Тақырыбы:** «Сынарын тап» Өткенді пысықтау
**Мақсаты:** Балаларға суреттен сыңарын табуға үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде.<br><br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде. Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br><br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br><br>-Апта күндерін атап көріңдер ші?<br><br>-Балалар суретке қараңдаршы мына доптың бірдей түсті сыңарын тап. Саны қанша санаймыз. Оларды топтастырамыз және түр түсіне назар аударамыз. Ал мына суреттегі құстың сыңарын табыңдаршы.<br><br>Балалар бірдей етіп боялған суретті табады.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Күшік мысық, балапан,<br><br>Қуыршағым балақан.<br><br>Қане, барің тұрыңдар,<br><br>Ойынсауық құрыңдар.<br><br>«Сыңарын тап» ойыны.<br><br>Шарты: Балаларға суреттер шатастырылып беріледі.<br><br>Балалар бірдей суретті белгілеріне қарап, салыстырып сыңарын тауып, орнына қояды.<br><br>Мақсаты: Балалардың қызығушылығын ояту, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Сенсорлық танымын ояту. | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>-Доп.<br><br>-3.<br><br>-2қызыл,1сары.<br><br>-Құс.<br><br>Сергіту сәтін іс қимылмен қайталайды.<br><br>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br><br>-Балалар қандай заттардың сыңарын таптыңдар?<br><br>Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар. | Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Тапсырма бойынша сыңарын табуды
.Игереді: Шатасқан суреттен табуды игереді.
Меңгереді: Шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға үйрене

Текс[signature]

Күні: 19.12.21ж

**Тақырыбы:** «Ғажайып орман»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетіндамыту. Суретке қарап талдау жасауға тәрбиелеу. Орманның құпияларымен таныстыру. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, үлестермелі материалдар.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері** Күлімде, күн, күлімде,<br>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін.<br>Күлімде, күн, күлімде,<br>Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай<br>Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды. |
| **Ұйымдастырушылық- ізденістік** | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br>Суреттен ғажайып орманды көреді.<br>-Балалар сендер ғажайып орманға саяхатқа шыққыларың келеме?<br>Ғажайып орманға барар жолымызда көптеген кедергілер бар. Кәне, баріміз сол кедергілерден құламай өтіп барайық.<br>-Балалар қараңдаршы айнала аппақ ақ мамықпен оралған орманымыз та әдемі көрік беріп тұр. Орманның өз сырлары құпиялары да бар екен.<br>Тып-тыныш орманда аюлар ұйықтап, тиіндер ағаштан ағашқа секіріп бүрлерін жеп ойнап жүреді. Тоқылдақ діңдерді тоқылдатып, азық іздейді екен.<br>-Көрдіңдер ме, балалар орманның іші тыныш болғанмен бұл жерде де тіршілік бар екен. Енді сендер орманды білесіңдер, өз қиялдарыңмен орманға саяхатқа шығыңдар,- жарай ма. Сендердің қиялдарыңдағы орман қандай екен?<br>Сергіту сәті:<br>Ормандағы жидың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қаптамаға салайық.<br>«Ғажайып орман» ойыны.<br>Шарты: Балалар орман тіршілігін және кейіпкерлерін өз қиялдарымен іс қимылдарын жасау керек. | -Қыс.<br>-Аққала, шырша.<br>-Иә.<br>Балалар кедергілерден сүрінбей өтеді.<br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Балалар іс-қимыл жасау арқылы ойынды ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Ғажайып орманның қандай сырлары бар ?<br>-Аңдар не істеп жатыр екен? | -Орманға бардық.<br>-Көп екен.<br>-Ұйықтап, секіріп, азық аулап жүр екен. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Суретке қарап, талдау жасауды.
**Игереді:** Балалардың қызығушылығын ояту
**Меңгереді:** Орман кейіпкерлерін сомдауды

Күні: 21.12.22ж.

**Тақырыбы:**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»
**Мақсаты**: киім туралы білімдерін кеңейту, киім түрлерімен таныстыру, сөздік қорларын толықтыру, сұлулыққа, ұйымшылдыққа баулу.
.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.**Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде. | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, тақтаға назар аударайықшы, ненің суреті бейнеленген?-Жарайсыңдар, балалар. Киім туралы түсінік беру.Әр жыл мезгілінде әртүрлі киенеміз. Қыста – қалың, көктемде – жылы, жазда – жұқа, күзде – жылы.Қыста киетін киімдер: Бас киім, малақай, шәлі, күртеше, бәтеңке, қолғап, қалың жейделер. Көктемде, күзде – жылы сыртқы киім, жылы аяқ киім, көйлектер, шалбарлар, туфли.Жазда – көйлектер, футболка, жеңі қысқа киімдер, сүйретпе аяқ киімдер, бас киім (жаздық)<br>**Сөздік жұмыс**Малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын.Туфли – жылы ауа райы кезінде киетін сәнді аяқ киім.**Сергіту сәті:**<br>Тоңса біздің қолымыз<br>Қолғапты киіп аламыз<br>Сарт - сарт - сарт<br>Шапалақты соғамыз<br>Тоңса біздің аяғымыз<br>Етікті киіп аламыз<br>Топ - топ - топ<br>Топылдатып билейміз<br>Д/о: **«Қуыршаққа киім кигізу»** | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br>-Киімдердің суретін көріп тұрмыз.<br>Балалар сөздерді қайталайды.<br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br>Балалар ойындықызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу қызметін қорыту:**<br>Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау. | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: әр жыл мезгіліне қарай киімдердің ерекшелігін;

Нені игерді ;байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі: сұраққа толық жауап бере біледі.

Текс: [signature]

Күні: 28.12.21ж

**Тақырыбы:** «Кім көңілді?»
**Мақсаты:** Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** суреттер, смайликтер.

| Оқу іс – әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады.<br>-Балалар қоянның, арыстанның көңіл күйі неге жоқ?<br>-Олар несін жоғалтып алды?<br>-Оларға кім көмектесті?<br>-Тиін не үшін көмектесті?<br>-Көрдіңдер ме, балалар тиін орман аңдарына көмектесіп беріне көтеріңкі көңіл күй сыйлауды біледі екен.<br>Балалар бәріміз бір-бірімізге қамқорлық жасап, көмек көрсету керекпіз. Жақсы көңіл күйде болу үшін әрқашан жақсы бала болуымыз керекпіз.<br>Сергіту сәті:<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды қолына допты,<br>Қойды жолына допты,<br>Оңға қарады, солға қарады.<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>«Кім көңілді» ойыны.<br>Шарты: Балалар суреттегі балалардың көңіл күйін анықтап смайлик арқылы белгілеп қою керек. | -Қыс.<br>-Қар жауады.<br>-Олар сәбіз бен етін жоғалтып алған.<br>-Иә.<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Смайлик қою арқылы ойынды ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?<br>-Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен?<br>-Ойында қоянның көңілін қалай көтердік? | -Анамыз қасымызда болғанда.<br>-Сәбізін тауып бердік. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.
**Игереді:** Балалардың қызығушылығын ояту.
**Меңгереді:** Смайликті көңіл күйге сәйкес орнынан қоюды меңгере

Тексерілді

Күні: 11. 01. 22ж.

.**Тақырыбы:** «Заттың атын ата»

**Мақсаты:** Балаларға ұлттық ыдыстардың түрлерімен таныстыру, ыдыстар туралы мағлұмат беру

.**Көрнекіліктер:** ұлттық ыдыстардың суреттері

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шуғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Суретпен жұмыс.-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?-Бұл ыдыстарды қалай атаймыз?-Ұлттық ыдыстарды не үшін қолданамыз?-Ұлттық ыдыстарды неден жасайды?-Ұзақ жолға шыққанда жолаушы торсыққа қымыз немесе сусын толтырып алып шығады.-Ұлттық ыдыстар ұлттық ою-өрнектермен безендірілген?-Ою-өрнек элементтерін естеріңе түсіріңдерші?<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жаздық, жаздық, көп жаздық,<br>Шаршады біздің саусақтар.<br>Бір, екі, үш<br>Демаламыз, жинап күш. | -Қазан, ожау, тостақ, торсық,т.б.<br>-Қазақтың ұлттық ыдыстары деп атаймыз.<br>-Ағаштан.<br><br>Құсқанаты, қошқармүйіз, бұғымүйіз, қызғалдақ.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>-Қазақтың қандай ұлттық ыдыстарын білесіңдер?-Қазақ халқы ыдыстарды неден жасайды? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: ұлттық ыдыстардың атауын;

Нені игерді: ыдыстардың аттарын жазып, оған дыбыстық талдау жасауды;

Нені біледі:дәптермен жұмыс жасай біледі.

Знаком

Күні: *18.01.22ж*

**Тақырыбы:**«Дастархан мәзірі»
**Мақсаты**: Асты қадірлеп, қастерлеуге үйрету.
Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру, балаларды дәстүрді сақтауға, нанды қастерлеуге ас ішу тәртібін есте сақтауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, аудиотаспалар..

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері** Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауадан салайық,<br>Жүрек жылуын салайық<br>Мейірім шоғын салайық.<br>Жиналған осы шуақты,<br>Достарыма шашайық. | Балалар дөңгелене тұрып шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.**Дастархан туралы түсінік беру**Үстел үстіне алдымен дастархан жайылады. Қазір сауда орындарында дастархандардың түр-түрі бар. Жаялықтардың әдемі безендірілген әр түрлі матадан болғаны дұрыс. Дастарханның негізгі маталары — зығыр (лен) мен мақта-мата болып табылады. Ең дұрыс шешім – ақ матадан тігілген дастархан. Егер тым қысқа болса, үстелдің аяқтары сырт көзге оттай басылып, дөрекі көрінеді, тым ұзын болса да, қонақтарға жайсыздық тудырады | Балалар мұқият тыңдайды. |
| | **Дастархан жабдықталуына арнайы тәртіп белгіленген:**— Алдымен фаянс ыдыс пен фарфор ыдыстар қойылады;— Келесі ретте ас ішу аспаптары қойылады;— Соңынан барып сусын ішетін шыны стақандар қойылады;— Майлық төселеді.Дастарханды жабдықтау әр түрлі болады. Ол күн мезгілі мен астың құрамына байланысты— *Таңғы ас— Түскі ас— Кешкі ас.* **Сергіту жаттығуы.**<br>Күнде аспанға қараймыз,<br>Қайтқан құсты санаймыз.<br>Үшбұрыш боп тырналар,<br>Көк жүзінде сырғанар.<br>**«Асхана»сюжетті – рөлді ойыны.** | Балалар айтылған ескертулерді зейін қойып тыңдайды.<br><br>Балалар сергіту жаттығуларын қимылмен орындайды.<br><br>Ойынды аса қызығушылықпен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту.«Не білдік, не білгіміз келеді?»**Сұрақтар қою арқылы алған білімдерін тексеру | Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. |

Күтілетін нәтиже
Нені білу керек: дастарханның мәзірін;
Нені игерді:дастарханда өзін ұстау ережелерін;
Нені біледі: байланыстырып сөйлеуді.

*Текс: [signature]*

Күні: 25.01.22ж

**Тақырыбы:** «Жайлауда»

**Мақсаты:** Жайлау және оның орналасқан жері, ағаш үйдің құрылысымен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрап өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйрету.

**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, аудиотаспалар..

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз,Шұғылалы таңдаймыз.Жарқыраған күндейміз,Ренжісуді білмейміз! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, таңертең ұйқыдан тұрғанда ең алдымен нені көреміз?<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар?<br>- Күн бізге жылуын шашады ма, әлде суығын төгеді ме?<br>- Олай болса, алақанымызды жылытайықшы,<br>Алақанымыздағы жылуымызды жүрегіміздің, тұсына әкеліп, күннен алған күш қуатымызды бойымызға таратайық,<br>Балаларға слайд арқылы жайлау туралы көрсетеді,<br>Көрсете отырып, балалармен; жайлау табиғаты, тау, өзен, ағаш, шөп, гүлдер, жайлаудағы киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар, жан - жануарлар гүлдер, жайлаудағы киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар жан - жануарлар жайында әңгімелеседі,<br>Балалар атаны жайлау көрінісін елестете отырып М.Хамзиннің,»Жайлау» күйін тыңдатады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бүкпе бойды тік ұста<br>Еркін тұрып тыныста<br>Жәй оң қолды сол жаққа<br>Жәй сол қолды оң жаққа<br>Балалар атаға арнап тақпақ айтып береді.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Мына саусағым атам,<br>Мына саусағым әжем,<br>Мына саусағым әкем,<br>Мына саусағым анам,<br>Мына саусағым мен,<br>Бәріміз біз жанұя,<br>Дидактикалық ойын; **«Өрнектерді құрастыр»** | - Күнді<br>-Алақай! Шапалақ ұру.<br>-Жылуын<br>-қолдарын күнге созады.<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>«Жайлау» күйін тыңдайды.<br>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br>Балалар саусақ жаттығуларын орындайды.<br>Балалар ойынға қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Тәрбиеші атаға балалардың жұмыстарын көрсетіп мадақтайды. | Балалар қуанады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жайлаудағы тіршілікті;

Нені игерді:табиғат ерекшеліктерін меңгерді;

Нені біледі:ауызекі сөйлеу дағдысын

Тексерілді [signature]

Күні: 1.02.22ж

**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы»

**Мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру, сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылықтарын тудыру.

.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Балалар дөңгелене тұрып, бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді. -Сен ақылдысың! Біздің денсаулығымыз мықты. Біз ойнап күлеміз, айналадағы дүниені танып білеміз | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Міне, көрдіңдер ме?балалар, болашақта әртүрлі мамандық иесі болу үшін ақылды, білімді, тәрбиелі болу керек.А) Жұмбақ шешкізу.Кірпіштен сарай үй салады,Ол адам кім болады? Құрылысшы да мамандық иесі. Біздің ақ сарайдай балабақшамызды аспанмен таласқан зәулім ғимараттардың барлығын құрылысшылар салуда.Негізгі бөлімД/о «Мамандықты ата».Дәптердегі мамандық иедлері бейнеленген суреттерге қарап, мамандық иелерін айту. Сұрақ – жауап.-Дәрігер не істейді?-Ғарышкер ше?-Полиция қызметкері не іс тейді?-Тағы қандай мамандықты білесіңдер? «Кімге, не керек?».Сұраққа ауызша жауап беріңдер. Дәптердегі аспан әлемі бейнеленген суретті аяқтаңдар. Осы суретті әңгімелеңдер. Ғарышкер мамандығы туралы түсіндіре кетейін. Ғарышкер – ғарышта аспан денелерін зерттейтін адам. Ұшқыш мамандығы туралы әңгімелеу.-Ұшқыш ұшақты жүргізеді. Жолаушыларды тасымалдайтын ұшқыш, әскри ұшқыш болады.-Полиция қызметкері елдің тыныштығын қадағалап жүреді.**Сергіту сәті:** Көтереміз, қолымыздыСозыламыз жоғары.Бір, екі, үш.Денеңді солға бұр.Қолыңмен көмектес.Беліңді шынықтыр. | -Құрылысшы.<br><br>Дәптердегі тапсырмаларды орындайды.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді. -ұшақ. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:** -Мамандық түрлерін атаңдаршы?-Бізге әріп үйрететін, тақпақ жаттататын қай мамандық иесі? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: мамандық иелерінің атауларын

;Нені игерді: мамандық иелерінің қызметін;

Нені біледі: дәптермен жұмыс жасай біледі

Тексерді

Күні: 8.02.22ж

. **Тақырыбы:**«Сөйлемді аяқта»

**Мақсаты**: Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын арттыру.

. **Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Ненің суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. -Оқу құралдарын айтайықшы?**Суретпен жұмыс** Суреттегі іс – әрекетті баяндау. **«Жоғалған әріптер»** ойыны **Шарты:** тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді. Мысалы, Көктем...... жылынды. Құстар ........ келді. Балалар құстарға ....<br>Жоғалған сөздерді тауып, сөйлем құрайды.<br><br>**Сергіту сәті** Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық<br>Басты солға бұрайық<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық.<br>Д/о «Сөз ойла, тез ойла» | -Оқу құралдарының суреті. -Кітап, қалам, қаламсап, түрлі – түсті қарындаштар, боямақтар, түрлі түсті қағаздар<br>Суретке қарап әңгіме құрайды.<br><br>Сөйлемді толықтырып құрайды.<br><br>Балалар өлең мазмұнына қарай қимыл көрсетеді.<br><br>Балалар ойынға қызыға атсалысады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -оқу құралдары туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: сөздерден сөйлем құрауды

Нені игерді:байланыстырып ауызекі сөйлеу дағдыларын;

Нені біледі:оқу құралдарының атауын.

Тексер

Күні: 15.02.22 ж

. **Тақырыбы:** «Нан қалай жасалынады?»

**Мақсаты**:Нанды қадірлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған келтеген адамдардың еңбегі арқылы келетіндігін түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** Нан туралы салынған суреттер, ұннан жасалған тағамдар түрлері.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбер -Балалар адам жанының, жүрегінің кілті біздің өзуімізде.Егер біз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек біз мейірімді,ақылды болып өсеміз. Жан- жағымызға күлкі сыйлайық.Олай болса кел,балалар күлейік!Кел балалар күлейік,Күлкіменен түлейік. Қабақ шытқан не керек, Күліп өмір сүрейік! | Балалар шаттық шеңберін жақсы көңіл күймен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | **Ғажайып ағаштың пайда болуы.**Балалар біздің топта ғажайып ағаш пайда болды.Ғажайып ағаш туралы өтірік әңгіме оқып береді.Баяғы өткен заманда бір патшалықтағы балабақшаның тобының балалары жерге бидайдың дәнін отырғызыпты Бұл жерде көп дәндер.Ол дәнді олар терезенің алдынан тауып алыпты.Біраз уақыт өте келе ғажайып ағашта алма емес. Алмұртта емес, апелсинге де ұқсаматын.Нан, тоқаш,бауырсақ,печенье өсіпті.балалар болса, түскі асқа да,кешкі асқа да осы ағаштан жұлып жей беріпті.Ал нан қалай дастарханға келеді?Оны білу үшін балалар бүгін біз әр отлықта жұмыс істейміз.Қолымыздағы фишкалар бойынша орнымызды табамыз. Ережелерді түсіндіріп өту. Олай болса іске сәт, балалар.Суретпен жұмысНанның дастарханға қалай пайда болуы туралы әңгімелейді.-Астық жинау. Дәнді егістіктен жинау.Элеватор және қоймалар.**Дидактикалық ойын « Нан пісірейік»**Нан пісірудің ретін еске түсірейік.Қамыр илеу үшін не керек екенін өздері табады.Әр түрлі азық түліктің суреттері тұрады, балалар өздері тауып қосады.**Сергіту сәті**Жайқалады ақ бидай, басын иіп аққудай Трактор мен комбайн жүргізуге дайын..Балалар,мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер. | Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Балалар тапсырмаларды орындауға тырысады.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Бүгінгі оқу іс – әрекетінде не туралы айтылды?-Нанды кімдер пісіреді екен?-Нан қайда жасалады? | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек**: нанның жасалу жолдарын

;**Нені игерді:** адамдардың еңбегін бағалауды;

**Нені біледі:**шаттық шеңберін дөңгелене тұрып орындауды.

Текс: [signature]

Күні: 22.02.2022ж.

. **Тақырыбы:** «Бұл қай мезгіл?»

**Мақсаты**:Жыл мезгілдері туралы ұғымдарын кеңейту, ақыл - ойын, сөйлеуін тілін дамыту. Табиғат сұлулығын сезіне білу, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

.**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер.

| **Іс-әрекеткезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Алдын ала тақырыптық суреттермен жұмыс жүргізу | Қызығушылықтары артады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>-Балалар неше жыл мезгілі бар?-Қандай?<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар! Ендеше өз түстерімізге барып отыра қойыңк!<br>-Ендеше балалар көне көзімізді жұмайық (музыка естіледі)<br>(осы кезде тәрбиеші сиқыршы киімін киіп алады)<br>-Балалар, қараңдаршы мені сиқыршы сиқырлап кетті. Мен енді сиқыршымын, міне сиқырлы таяқшам бар! Мен сендерге сиқырымды көрсетпес бұрын бір жұмбақ жасырамын! Сендер мұқият тыңдап шешуін табыңдар!<br>Жұмбақ<br>Аяз қысып, өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап жастар ойнайды.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Жарайсыңдар, бұл қыс мезгілі екен!<br>Ендеше мен сиқырлы таяғыммен сиқыр жасаймын.<br>(сиқырмен «қыс» мезгілінің слайд көрсетіледі)<br>Жұмбақ<br>Қар мұз еріп, су көбейіп,<br>Сай салаға толады.<br>Бүршік жарып, жарық ашып,<br>Гүл бәйшешек басады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады?<br>-**Сергіту сәті**Жел тұрды гуілдеп,<br>Ағаш біткен уілдеп.<br>Аспанды бұлт торлады,<br>Найзағайлар ойнады.<br>Жаңбыр жауды себелеп,<br>Кемпір қосақ көрінді.<br>Жарқыраған күн шықты. | Төрт жыл мезгілі бар. Қыс, Көктем, Жаз, Күз<br><br>Қыс мезгілінде<br><br>-Көктем мезгілінде.<br><br>Балалар қимылмен көрсетеді |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>-Балалар, міне біздің бүгінгі ҰОІӘ - міз таңғажайып сиқырлы болды.<br>Сендер не көрдіңдер? Нені білдіңдер? | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарын

Нені игерді:әр жыл мезгілінің ерекшелігін;

Нені біледі:жыл мезгілдерін ажырата біледі

Күні: 1.03.2022ж

Тақырыбы: «Орнын тап»
Мақсаты: Балаға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету, өз бөлмесіндегі мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу
..Көрнекіліктер: тақырыптық суреттер.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларға балалар бөлмесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, әңгімелесу. | Қызығушылықтары артады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, таңертең ұйқыдан тұрғанда ең алдымен нені көреміз?<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар?<br>- Күн бізге жылуын шашады ма, әлде суығын төгеді ме?<br>-Олай болса, айтыңдаршы, үйдегі әркімге тиесілі не бар?-Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы.Біздің бөлмемізде қандай жиһаздар бар?-Ендеше, балалар балалар бөлмесімен танысайық, ия?Балалар бөлмесі – сәби көп уақытын өткізетін орын. Сондықтан оның интерьеріне аса жауапкершілікпен қарау қажет.Нәресте өмірінің алғашқы жылдарындағы психологиялық, дене және ой қабілетінің дамуы өз бөлмесінен басталады. Яғни, ата-ананың міндеті - бала дамуына қажетті жағдай жасау. Ал мұндай қиын мәселеде мамандардың кеңесіне жүгінген дұрыс. Сонымен, балалар бөлмесі орналасу тәртібі.<br>**Сергіту сәті**<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Он саусақтың саласындай,<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Бір адамның баласындай.<br>Дидактикалық ойын**«Не артық?»** | - Күнді<br>-Алақай! Шапалақ ұру.<br>-Жылуын<br>- Бөл<br>-Төсек, үстел, орындық, ойыншықтар<br>-Жарайды.<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br>Балалар ойынға қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы айтылды?-Бөлменің түсі қандай болуы қажет?-Бөлмеде қандай жиһаздар болады? | Балалар қуанады.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

**Нені білу керек**: бөлмедегі жиһаздардың атауын;

**Нені игерді**:жиһаздарды ұқыпты ұстауға;

**Нені біледі**:ауызекі сөйлеу дағдысын.

Тексерілді

Күні 15.03.2022ж.

**Тақырыбы:** «Бізде де» ойыны

**Мақсаты:** Баланың ой- өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру.

**Қолданылатын көрнекті құралдар:** көрнекіліктер мен суреттер.

| Оқу іс- әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеттері | Балалардың іс- әрекеттері |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалардың шеңбер құрып тұрып бір- біріне жақсы тілектерін айтады. | Бір- біріне тілектер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде қандай айлар бар?<br>-Дұрыс балалар .Балалар бізде балабақшада түрлі ойын түрлері бар ия топта ойналатын ойындар, үстел үсті ойындары және сыртта ойналатын ойындар. Мысалы біз далада қандай ойын түрлерін ойнаймыз?<br>-Ия әр ойынның өз ойын шартына қарай ойнаймыз.<br>Ойын шарттарын түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті:** | Қыс мезгілі.<br>Желтоқсан,қаңтар,ақ-пан<br>Балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдайды.<br>-Мысық пен тышқан, қасқыр мен жеті лақ, ақсерек пен көксерек.<br>Топ- топ түсіп төрт тұяқ,<br>Шоқырақтап шап атым.<br>Құйрық жалың сусылдап,<br>Ұш оғындай садақтың<br>Өзен кешіп, тау асып,<br>Шабысыңнан таңбас ем,<br>Дүрсілдетіп дүниені<br>Ытқып -ытқып зула сен<br>Өлеңнің мазмұнына қарай қимылдар жасайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін сұрайды. Сонымен қатар қандай ойын ойнағандарын, не үйренгендерін сұрайды. | Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**ойын түрлерін

**Игереді:**ой өрісін дамыту арқылы ойын түрлерін ажырата білуді

**Меңгереді:** ойындарды ойнай білуді

Тексерілді [signature]

Күні: 29.03.2022ж

**Тақырыбы** «Бірге ойлап табайық»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру.

**Қолданылған көрнекілік:** Суреттер мен үлестірмелі материалдар

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жылулық шеңбері. | Күлімде,күн, күлімде,<br>Жер жасарып көгерсін.<br>Кешегідей бүгін де<br>Қанат қақсын көгершін.<br>Күлімде,күн,күлімде,<br>Жайнап түсті күнімде.<br>Жарқыраған жұлдыздай<br>Жарқ-жарқ еткен түнімде. |
| | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?<br>Тәрбиеші сурет көрсетеді<br>Суреттен ғажайып орманды көреді.<br>-Балалар сендер ғажайып орманға саяхатқа шыққыларың келеме?<br>Жұмбақты шешу:<br>Қар, мұз еріп,су кебейіп,<br>Сай -салаға толады.<br>Бүршік жарып ,жапырақ ашып,<br>Гүл- бәйшешек басады.<br>Бөбектерім айтыңдашы<br>Бұл қай кезде болады?<br>Саусақ жаттығуы: | -Қыс.<br>- Жерді аппақ қар басқан.Аққала,шырша.<br><br>-Ия.<br><br>-Көктем мезгілінде.<br>Мына саусағым атам,<br>Мына саусағым әжем,<br>Мына саусағым әкем,<br>Мына саусағым анам,<br>Мына саусағым мен,<br>Бәріміз біз жан ұя.<br>(Қимылмен орындайды). |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Жұмбақ шешу арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Байланыстыра отырып сөйлеуді.

**Нені игереді:** Мезгілінің табиғатының ерекшелігін айту.

**Нені біледі:** Жұмбақ шешу арқылы балалардың ой өрісін дамыту.

Тексерілді

Күні: 5.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Кім жылдам?»

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс айта білуге машықтандыру, ой – өрісін дамыту, ауызекі сөйлеуге, алған білімдерін шығармашылыққа қолдана білуге дағдыландыру, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа баулу..

**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | -Балалар бүгінгі күнге жақсы тілектер тілейік. | Жылулық шеңберін тілектер айта отырып, орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Ауа райын бақылау<br>Отбасы туралы әңгіме жүргізу.<br>- Мынау не?<br>- Балабақшада не бар?<br>- Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>- Ал, үйдің отбасы мүшелерін атайық?<br>- Балалар үйден әкелген суреттерімен өз отбасылары туралы әңгімелейді.<br>- Атың кім?<br>- Сенің ағаң бар ма?<br>- Сенің әпкең бар ма?<br>- Сен қай балабақшаға келесің? бала:<br>Бақшасында балалар<br>Іні, әпке, аға бар<br>Ойыншықтар көп онда<br>Машина, ат, түйе бар<br>- Өлеңде отбасы мүшелерінен кімдердің аттары бар?<br>- Әже туралы не дейді?<br>- Әжең үйге қандай көмек береді?<br>- Өзің үйде қандай жұмыстар істейсің?<br>- Анаң үйде қандай шаруамен айналысады?<br>- Сендер өз отбасыларың туралы әңгімелеп беріңдер?<br>- Әр қайсыңның отбасында неше адам бар?<br>- Әкеңнің, анаңның, әжеңнің, атаңның есімдері кім?<br>- Сендердің неше аға, әпкелерің бар?<br>- Сендердің қайсыларың үлкен, ал қайсыларың кіші?<br>**Сергіту сәті:** Бас бармақ –әкем<br>Балаң үйрек-шешем<br>Ортан терек-апам<br>Шылдыр шүмек-әпкем<br>Кішкене бөбек-мен<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Бір үйде бесеуміз | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Ағам,әпкем,інім бар<br>-Әже туралы тақпақ<br>-Әжемізге көмектесеміз.<br>-Тамақ әзірлейді, кір жуады, үй жинайды, балаларға қамқорлық жасайды.<br>Қимылмен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау. | Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Отбасына деген жылы сөздер айтуды, мейірімді, адал болуды

Нені игерді: байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі:Отбасы мүшелерін ажыратуды және олармен дұрыс қарым қатынас жасауды біледі.

Текс. [signature]

Күні: 12.04.2022ж

Тақырыбы: «Жалпы атауын ата»
**Мақсаты**:Балалардың ойлау қабілетін арттыру, жалпы және жалқы атауларды ажырата білуге үйрету.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үлестірмелі материалдар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-Қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашан да , қайда да!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз ! | Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады. |
| Ұйымдастырушылық-Ізденістік | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады?<br>-Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыңдар?<br>Бұларды жалпылай қалай атаймыз?<br>-Жалпы атаулары қандай?<br>-Жарайсыңдар,балалар,бұлардың жалпы атаулары болады.Бұлардың жалпы атауларын жабайы аңдар дейміз.<br>Тәрбиеші әңгімелесу,сұрақ-жауап әдістерімен тақырыпты ашады.<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Алақанды ұрамыз<br>Оңға қарай иіліп,солға қарай иіліп<br>Бір отырып,бір тұрып<br>Біз шынығып аламыз. | -Күз<br>-Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады.<br>Балалар жауап беруге тырысады.<br>Түлкі,аю,қасқыр.<br>-Жабайы аңдар<br>Балалар суретке қарап,<br>сұрақтарға жауап береді.<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балаларды соңынан оқу іс-әрекетке белсенділік танытқаны үшін мақтап,мадақтау. | Балалар қуанышты сезімде болады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:Бірінің сөзін бірі тыңдай білу;жалпы атауларын біледі.
**Игереді**:Аңдардың жалпы атауын және жалқы атауын игереді;
**Меңгереді:** әңгімелей білуді; Технологиялық картаны толтырған:

Күні: 19.04.2022 ж

**Тақырыбы:** «Дәмін ажырат»

**Мақсаты:** Балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу, жемістер мен көкөністердің дәмін ажырата білуге үйрету. . **Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Ненің суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қандай жемістердің суреті?-Алманың дәмі қандай?-Ал, лимонның дәмі қандай?**Суретпен жұмыс**Көкөністердің сипаттау. Дәмін, пішінін айту.Жемістер туралы тақпақтарӨрік, алма, шие, алша:<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз,<br>Дүкендерге түседі.Мен шиемін, шиемін,<br>Күннің көзін сүйемін.<br>Қышқыл шырын менде бар,<br>Төмен басты иемін.Жапырақта тасалап,<br>Өскен жері бақша – бақ.<br>Күрең қызыл шіркін –ай,<br>Оның аты- құлпынай.Жүзім пісті бір-бірлеп,<br>Үзіп мезбіз біз енді.<br>Қоңырауы күмбірлеп,<br>Қыркүйекте күз келді.**Сергіту сәті**Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық.<br>Басты солға бұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық. Д/о «Танып алда, дәмін ажырат»<br>**Мақсаты:** Балалар жемістің дәмін татып ажырату керек.<br>- Балалар жемісімізді жеместен бұрын жақсылап жуып жеуіміз керек, әйтпесе балалар ішіміз ауырады.<br>Балаларға жемісті кесіп, жегізіп дәмін ажыратады. | -Жемістердің суреті.<br>-Алма, лимон<br>-Тәтті болады.<br>- Қышқыл болады.<br><br>Балалар тақпақты қайталайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін орындайды.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -жемістердің дәмі туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жемістердің дәмін ажырата білуі керек;

Нені игерді:ащы мен тұщы дәмді сезінуді;

Нені біледі:ауызекі сөйлеу дағдысын.

Текс. [signature]

Күні: 26.04.2022ж

**Тақырыбы:**«Суретті таңдап ал»
**Мақсаты:**Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету.Байқағыштықпен дәлдікке тәрбиелеу.
**Құрал- жабдықтар:** Көрнекіліктер мен суреттер.

| **Оқу іс- әрекетінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеттері** | **Балалардың іс-әрекеттері** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашанда, қайдада!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз! | Шаттық шеңберін құрып өлең жолдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | -Балалар қазір қай мезгіл?<br>-Көктем мезгілінде қандай айлар бар?<br>Балалар тақтаға қарандаршы қандай суреттер көріп тұрсыңдар?<br>Суретші әртүрлі суреттер таңдапты соның ішінде табиғаттың суретіне қарандаршы тауды қоңыр түспен, күнді сары түспен, шөптерді , талдарды жасыл түспен, суды көк түспен бояпты. Суреттерді дұрыс таңдай білу керек.<br>**Сергіту сәті**<br>Лағым, лағым,<br>Тентек болма шырағым,<br>Секеңдемей тілінді ал,<br>Селтеңдемей құлағын | -көктем<br>-наурыз, сәуір, мамыр айлары бар.<br>Балалар суретке қарап жауап береді.<br>Өлең шумағына қарай қимылдар жасайды |
| **Рефексиялық- түзетушілік** | **Қорытындылау**<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау. | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: суретті дұрыс таңдай білуді

Игереді: байқағыштықпен , дәлдікті

Меңгереді: контурлық бейнемен суреттерді салыстыра білуді

Тексерілді: [signature]

Күні: 3.05.2022 ж

Тақырыбы: «Телефон»

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін арттыру, телефон арқылы ауызекі сөйлеуге дағдылау.

Қолданылатын көрнекі құралдар:Үлестірмелі материалдар, телефон құралы.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашан да , қайда да!<br>Дос болып беріміз<br>Сенімді боламыз! | Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады. |
| Ұйымдастырушылық-іздеhistік | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады?<br>-Балалар тыңдаңдаршы ненің дауысы естіледі?<br>Ия дұрыс айтасыңдар бұл телефонның дауысы.<br>Қане балалар үйде кімде телефон бар? Айерке айтшы. Балалар сендер білесіңдерме телефонның түрлері көп: ұялы телефон,сымды телефон, радиотелефон. Біздің қазіргі қолданып жүргеніміз ұялы телефондар. -Балалар тақтаға қараңдаршы телефонның екі тетігі бар екен. Жасыл тетік жанғанда телефонды аламыз, ал қызыл тетік жанғанда телефонды қоямыз .<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Қолымызды жайық,<br>Құс боп қанақ қағайық, | -Күз<br>-Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады.<br>Телефонның дауысы<br>Анамда, әкемде, ағамда .<br>Балалар телефон түрлерін қайталайды.<br>Шеңбер болып тұрады қимыл-қозғалыстар жасайды |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балаларды соңынан оқу іс-әрекетке белсенділік танытқаны үшінмақтап,мадақтау. | Балалар қуанышты сезімде болады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Телефон түрлерін ажырата біледі.

Игереді:Телефон туралы ұғымды толықтай игереді.

Меңгереді: Телефон тетікшелерін меңгереді.

Тексерілді

Күні: 10.05.2022ж

**Тақырыбы:**«Сөйлемді аяқта»
**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын арттыру. ,
**Көрнекіліктер:** тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы күн апайлар! | Балалар шаттық шеңберін қимылмен орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау. - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?Ненің суреті бейнеленген?-Дұрыс айтасыңдар, балалар. -Оқу құралдарын айтайықшы?**Суретпен жұмыс** Суреттегі іс – әрекетті баяндау. **«Жоғалған әріптер»** ойыны **Шарты:** тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді. Мысалы, Көктем...... жылыңды. Құстар ........ келді. Балалар құстарға ....<br><br>Жоғалған сөздерді тауып, сөйлем құрайды.<br><br>**Сергіту сәті** Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық,<br>Басты солға бұрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық.<br><br>Д/о «Сөз ойла, тез ойла» | -Оқу құралдарының суреті. -Кітап, қалам, қаламсап, түрлі – түсті қарындаштар, бояқтар, түрлі түсті қағаздар<br><br>Суретке қарап әңгіме құрайды.<br><br>Сөйлемді толықтырып құрайды.<br><br>Балалар өлең мазмұнына қарай қимыл көрсетеді.<br><br>Балалар ойынға қызыға атсалысады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Қорытындылау: -Балалар бүгін оқу іс – әрекетінде не туралы әңгімеледік?<br>-Оқу іс – әрекеті ұнады ма? | -оқу құралдары туралы айтылды.<br>-Иә, ұнады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: сөздерден сөйлем құрауды

Нені игерді:байланыстырып ауызекі сөйлеу дағдыларын;

Нені біледі:оқу құралдарының атауын.

Тексерілді: [signature]

Күні: 17.05.2022ж

**Тақырыбы** «Жеке атауын ата»

**Мақсаты**: Балалардың ойлау қабілетін дамыту және қызығушылығын арттыру.

**Қолданылған көрнекілік**: Суреттер мен үлестірмелі материалдар.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көкөністердің аттарын жеке- жеке атап түстерін,пішіндерін ажырата білу.<br>Жалпы мен жеке атаудың мағынасын түсіндіру. | Балалардың шеңбер бойына тұрып,өлең жолдарын сай қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Сұрақ-жауап арқылы алалардан сұрау жауаптрынан тыңдау.<br>-Жылдың неше мезгілі бар?<br>-Қандай мезгілдері бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Бүгін аптаның кай күні?<br>-Бір аптады неше күн бар?<br>Ойын»-Ащы тәтті».<br>Шарты:Суреттерде әртүрлі көкөністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы-тәтті екенін айту керек.<br>Сергіту сәті.<br>Қолды күнге созайық.<br>Күннен қуат алайық.<br>Құстар қалай ұшады.<br>Қанаттарын қағады.<br>1-2-3 құс аспанға ұш.<br>1-2-3 құс аспаннан түс.<br>Көрдіңдер ме ,балалар жеке,жеке атауын атау керек.Қане беріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді. | Алма-тәтті,бұрыш-ащы.<br>Барлығы қимылмен орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгінгі ауа-райында далада серуендеген ұнады ма?<br>Жарайсыңдар,балалар. | -Иә.<br>-Асланда. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек**: Ойлау кабілеті арқылы ой өрісін дамыту.

Нені игереді: Мезгілінің табиғатының ерекшелігін айту.

Нені біледі:Әңгіме құрауды үйрету

Тексерілді!

Күні: 24.05.2022ж

**Тақырыбы:** «Қарама-қарсы сөздер»
**Мақсаты:**Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама- қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.
**Көрнекіліктер:** доп, карточкалар.

| Іс-әрекеткезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | **Шаттық шеңбері.** -Құдыретті Күн, мен сені жақсы көремін!-Құдыретті Күн, мен сенен өтінемін.-Құдыретті Күн, маған тыныштық бер, қайырымдылық бере гөр.-Құдыретті Күн, маған денсаулық пен жылылық бере гөр! | Шаттық шеңберін орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Қарама – қарсы сөздер антоним деп аталады. Мысалы, үлкен – кіші, көп – аз, артық – кем.**Ойын «Қарама – қарсы сөздер».**Шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады, допты ұстап алған бала кері лақтырып, айтылған сөзге қарама – қарсы сөзді айту керек.**Ойын «Кім жылдам?»**Шарты: Тақтаға қарама – қарсы суреттер ілінеді, балалар тез жауап беру керек.<br><br>**Ойын «Ащы - тәтті».**Шарты: Суреттерде әртүрлі көкеністер мен жемістер берілген, суретке қарап қайсысы ащы – тәтті екенін айту керек.<br><br>**Сергіту сәті**Қолды күнге созайық, Күннен қуат алайық,Құстар қалай ұшады,Қанаттарын қағады,1-2-3 құс аспанға ұш,1-2-3 құс аспаннан түс.**Суретпен жұмыс:**Суреттерден қарама – қарсы суреттерді тауып, оларға сөйлем құрату. | Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Алма – тәтті, бұрыш – ащы.<br><br>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.<br><br>Балалар тапсырманы жылдам орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Сұрақ – жауап әдісі арқылы балалардың білімдері бекітіледі. | Балалардың жауаптары тыңдалады. |

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: суреттермен жұмыс жасауды;

Нені игерді: қарама – қарсы сөздерді айтуды;

Нені біледі:суреттерге қарап әңгіме құрауды.

Тексерілді [signature]

Күні. 31.05.2022ж

Тақырыбы: «Тиісті торға орналастыр»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін ояту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау.
Көрнекі құралдар: Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын арай таратты.<br>Жарқырасын қаламыз,<br>Жарқырасын бақшамыз.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, қонақтар! | Балалар шаттық шеңберін орындарында тұрып орындайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Балалар қазір бізде қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Бір айда неше апта бар?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі жексенбі.<br>-Бүгін аптаның қай күні?<br>-Балалар мына қараңдаршы, Ас бөлмесінің заттары шашылып жатыр екен. Осы заттарды тиісті торға орналастырсақ ас бөлмесі жиналып қалады. Ол үшін үлгіге қарап, қандай зат қай жерде тұрады, көріп алайық.<br>Мына қазан газ плитасының үстінде тұрады.<br>Ал мына кесе үстелдің үстінде тұрады екен. Ал жастық болса төсектің үстінде жиналып тұрады екен. Көрдіңдер ме, балалар барлық заттарды тиісті торға орналастыру арқылы ас бөлмесін жинап алдық.<br>Ал мына суретте қоянның үйінде шашылып жатыр екен. Қане, бәріміз қоянға көмек көрсетейік. Ол шашылып жатқан заттардың ішінен сәбізін жоғалтып, алыпты.<br>Мына заттарды тиісті торға қойып берсек сәбізін тауып аламыз.<br>Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Біз жаттығу жасаймыз. | -Қыс.<br>-Үш ай бар.<br>-Төрт апта бар.<br>- Жеті күн бар.<br>-Сәрсенбі.<br>Балалар берілген тапсырманы орындап, тиісті орынға қоюды үйренеді.<br>Сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар біз бүгін қандай заттарды тиісті торға орналастырдық.<br>Қоянға тордың ішінен несін тауып бердік? | • Қазан, жастық, кесе.<br>• Сәбізін. |

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Заттарды тиісті орынға орналастыруды.

Нені үйренді: Ұжымды жұмыс істеуді.

Нені біледі: Артық заттарды торға орналастыруд

Тексерілді:

«Балаби» бөбекжайы МКҚК

«Балдәурен» ересектер тобы

Вариативтік компонент

# «Қызықты логика әлемі»

Тәрбиешілер: Адишева З.

Байзақова Л.

2021-2022ж

**«Ертегілер еліне саяхат» Вариативтік компонентінің жылдық жоспары**

| Р/с | Сағат саны | Мерзімі | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 03.09.21ж | «Бақша ағаштары» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету |
| 2 | 1 | 10.09.2021ж | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 3 | 1 | 17.09.2021ж | «Күшік пен мысық» ертегісі. | Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. |
| 4 | 1 | 24.09.2021ж | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. |
| 5 | 1 | 01.10.2021ж | «Алтын балта» ертегісі. | Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру.Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-әимылдарын, көрсете алуға үйроету.Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 6 | 1 | 08.10.2021 | «Дос іздеген бота» ертегісі. | Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. |
| 7 | 1 | 15.10.2021ж | «Мақтаншақ қоян» ертегісі. | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. |
| 8 | 1 | 22.10.2021ж | «Түлкі мен ешкі» ертегісі. | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | 1 | 29.10.2021ж | «Әдеп» ертегісі. | Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөйлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету. |
| 10 | 1 | 05.11.2021ж | «Тышқанның өсиеті» ертегісі. | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| 11 | 1 | 12.11.2021ж | «Мақтаншақ бақа» ертегісі. | Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту.Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| 12 | 1 | 19.11.2021ж | «Бір уыс мақта»ертегісі. | Мақта туралы білімін арттыру Есте сақтау қаблетін дамыту Көз келген затты ысырап жасамай пайдаға жарту,әрқашанда көмектесе білуді. |
| 13 | 1 | 26.11.2021ж | «Күн, ай және өтеш» ертегісі. | Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. |
| 14 | 1 | 3.12.2021ж | «Құмырсқаның серуені» ертегісі | Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.Балалардың ойлау қабілетін,есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке,үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу. |
| 15 | 1 | 10.12.2021ж | «Үш торай»ертегісі. | Үш торай туралы білімдерін толықтыру,ой-өрісін, есте сақтау қабілетіндамыту.адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу |
| 16 | 1 | 24.12.2021ж | «Жеті лақ» ертегісі. | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.<br>Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. |
| 17 | 1 | 31.12.2021ж | «Бауырсақ»ертегісі | Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме беру,қызығушылықтарын дамыту. |
| 18 | 1 | 14.01.2022ж | «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі. | Ертегінің мазмұнын түсіндіру.Ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке,адал достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 1. | 21.01.2022ж | «Жеті қазынаның бірі»ертегісі. | Балаларға «Жеті қазынаның бірі» ертегісінің мазмұнын түсіндіру.Жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға жататынын түсіндіру арқылы халқымыздың осындай таным-түсініктері көптігін айтып,олардың тәрбиелік мәнін ұғындыру. |
| 20 | 1. | 28.01.2022ж | «Алтын сақа» ертегісі. | Бойларындағы икемділік,сымбаттылық,қабілеттілік,инабаттылық,әзеттілік, біліктілік қасиеттерін дәріптеп дамытуға баулу.Жаңашырлыққа,әдемілікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| 21 | 1. | 4.02.2022ж | «Қаңбақ шал» ертегісі. | «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыр:есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. |
| 22 | 1 | 11.02.2022ж | «Үш дос» әңгімесі. | Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.Сыйластық туралы түсінік беру.Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу.Білімдерін кеңейте отырып,әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету. |
| 23 | 1 | 18.02.2022ж | «Алма» ертегісі. | «Алма» ертегісін түсіндіру.Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.Ертегі желісі арқылы балалар өз көзқарастарын білдіруге,әңгімелесуге баулу.Эмоцияларын білуге үйрету.Сахналауда кейіпкерлерді дұрыс қолдануды үйрету. |
| 24 | 1 | 25.02.2022ж | «Маша мен аю» орыс халық ертегісі. | Балалардың зейінін аударып,ертегіге деген қызығушылығын арттыру.Оның мазмұнын,мағынасын түсініп,өз ойымен жеткізе білуге үйрету.Ойын қиялымен ұштастыра білуге,кейіпкерлерді өздігімен ажырата білуге дағдыландыру.Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.Балалардың сөздік қорын молайту,жаңа сөздерді айта отырып,тіл жаттығуларын жасауға дағдыландыру.Ойындар арқылы ойлау қабілеттерін аттыру. |
| 25 | 1 | 4.03.2022ж | «Түлкі мен ешкі» ертегісі. | Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін қалыптастыру(қатты немесе жай,тез немесе ақырын).Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді қолдануға үйрету. |
| 26 | 1 | 11.03.2023ж | «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі. | 1.Ертегі мазмұнын түсіндіру.2.Сөздік қорларын толықтыру,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27 | 1. | 18.03.2022ж. | «Нан қайдан келеді?» ертегісі. | Балаларға көрнекі құралды пайдалана отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру. |
| 28 | 1. | 25.03.2022ж. | «Алтын сақа» ертегісі | Балалардың грамматикалық тілін театрланған қызмет амалымен қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлері арқылы баланың тілін,ойын дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.Балаларды мейірімділікке,кішіпейілдікке,шыншыл болуға тәрбиелеу. |
| 29 | 1 | 1.04.2022ж. | «Торғай мен түлкі» ертегісі. | «Торғай мен түлкі» ертегісін айтып беру.Үлкендердің сөзін тыңдай білуге,түсінуге,адамдармен қарым-қатынас жасауға әдеттендіру.Сөздік қорын молайту,тілін дамыту. |
| 30 | 1. | 8.04.2022ж. | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. | Халық ертегілеріне деген қызығушылықтарын арттыру.Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету. |
| 31 | 1 | 15.04.2022ж. | «Қоқыр,түлкі,өтеш» ертегісі. | 1.Ертегі мазмұнын түсіндіру.2.Сөздік қорларын толықтыру,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| 32 | 1 | 22.04.2022ж. | «Жалқау мысық» ертегісі | Балалардың сөздік қорын молайту,тіл байлығын дамыту,байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Ересектермен қарым-қатынастың ережелерін сақтауға үйрету,жалқаулық жаман әдет екенін кішкентай кездерін ұғындыру,қамқорлық қатынасты білдіруді ниеттеуді жалғастыру. |
| 33 | 1 | 29.04.2022ж. | «Күшік пен мысық» ертегісі. | Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. |
| 34 | 1 | 6.05.2022ж. | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | Ертегі тыңдап,оқиғаның әрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. |
| 35 | 1 | 13.05.2022. | «Ертегілер еліне саяхат» ертегісі. | Ертегі,ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру. |
| 36 | 1 | 20.05.2022ж. | «Шаруа мен аю»ертегісі. | Ертегі мазмұнын жеке түсіндіріп,оны тыңдауға деген қызығушылығын арттыру,өз ойын қиялмен ұштастыру. |
| | Барлығы | | | Тексерілді! |

Күні: 03.09.2021ж.

**Тақырыбы:** «Бақша ағаштары»

**Мақсаты:** ертегі тыңдап,оқиғаның ербуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлері,ағаш суреттері

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер жасап тұрады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Тәрбиеші мен сендерге өткен сабақта «Бақша ағаштары» атты ертегі айтып бергенмін.<br>Тәрбиеші балаларды ойландыру мақсатында қисық өскен ағаш<br>қасына күтуші бағбанды қояды,<br>ал түзу ағаш өзі өсіп тұрады.<br>Тәрбиеші балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын көрсете алуға үйретеді.<br>Тәрбиеші: «Мен ертегі айтамын, ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br>Тәрбиеші ертегіні оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан Әкесінің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Ертегіні ойнау барысында балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай бұталар<br>Биік болып еседі<br>Сөздік жұмыс: түп-түзу,қисық.<br>**Дидактикалық ойын «өсімдікке не қажет?»**<br>**мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту | Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді ертегі желісі бойынша<br>орналастырады.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды,мазмұнын түсінуге тырысады.<br>Балалар ертегіні ойнайды.<br>Сергіту сәтінде мәтінді қайталап,қимылын көрсетеді<br>Жаңа сөздерді қайталап айтып, мағынасын түсінеді.<br>Балалар суреттің қателігін табады.<br>Балалар ойында ағаш әдемі өсу үшін неқажет<br>қасына қояды(су күй -тыш ,күннің көзі, қай шы,тырма күрек) |
| Рефлексиялық түзетушілік | Біз бүгін не туралы айттық?<br>Ертегі қалай аталады?<br>Сендерге ертегі ұнады ма?<br>Ертегі не жайында айтылған?<br>Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен?<br>Мына ағаш түп-түзу әдемі болса,ал мына ағаш неге қисық өскен екен?<br>Балаларды мақтау. | Балалар кейіпкерлерді сипаттайды,ертегі мазмұнын айтып береді.<br>Мақтауға риза болады. |

Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Ертегі тыңдай, ондағы оқиғалардың ербуін бақылай біледі,мағынасын түсінеді.

**Түсінігі бар:** адамдардың табиғатқа әсері жайында түсінігі бар.

**Орындай алады:** ертегі мазмұнын әңгімелеп айта алады

Тексерілді

Күні: 10.09.2021ж

**Тақырыбы:** Мақта қыз бен мысық (ертегіні сахналау)

**Мақсаты:** мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

**Көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің маскалары.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңі | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездыға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлері бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен мақта қыз бен мысық ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.<br>Д/о « Таңдап ал,да атын айт »<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда мақта қыз бен мысық дос болыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын<br>дұрыс жеткізе білуге үйретеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Менің атым балапан.<br>Сенің атың балапан,<br>Балапандар шоқиды.<br>Балапандар оқиды.<br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»<br>Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырата білу. | Балалар поездыға отырып саяхатқа барады.<br><br>Балалар мақта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады.<br><br>Балалар мақта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді.<br><br>Балалар балапанның қимылдарын келтіріп жаттығуды қайталап жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалар бүгін қайда саяхатқа бардық?<br>Қандай ертегі әңгімеледік?<br>Қандай ертегі кейіпкерлері ұнады? | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлерінің қимыл –әрекеттері, мінезі жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ертегі кейіпкерлерің рөлінде ойнай алады.

Тексерілді

Күні: 17.09.2021ж

**Тақырыбы:** «Күшік пен мысық»

**Мақсаты:** Балалар ертегінің қарапайым модельдерін құруды үйренеді.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі кейіпкерлерінің суреті, шапкалары.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Тәрбиеші балаларға ойын ойнайтынын хабарлайды. | Балалар ойын ойнауға дайындалады. |
| **Ұйымдастырушылық Ізденістік** | Тәрбиеші балаларға сұрақ қоя отырып «Күшік пен мысық» ертегісінің мазмұнын сұрайды.<br>-Балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?<br>-Күшікті неге мақтаншақ деп айтты?<br>-Сендерге ертегі ұнады ма?<br>**Д/о:** «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қою арқылы ертегі мазмұнын айтуға үйрету.<br>Тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалайды. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br><br>Кейіпкерлер дауыс ырғағын сала отырып ойнайды. |
| **Рефлексиялық - түзетушілік** | Балаларға ерттегі жөнінде сұрақтар қойылады. Балалардың жетістіктерін бағалап, мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап береді.Баланың көңіл- күйі көтеріледі. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегінің мазмұнын біледі.

**Түсінігі бар:** Күшік, мысық, қасқыр, түйе жайлы түсініктері бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып , сұрақтарға жауап береді.

Тексерілді [signature]

Күні: 04.09.2024ж

**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)

**Мақсаты:** Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** түлкі, тырна, ертегі желісі бойынша суреттер.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға саяхатқа шығатындарын хабарлайды. | Балалар саяхатқа дайындалады. |
| Ұйымдастырушылық, ізденістік | Тәрбиеші балаларға ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен баратындарын айтып, кілеммен ертегілер еліне келеді.<br>Жұмбақ жасыру<br>Д/о « Кім тапқыр»<br>Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту.<br>Өзі қу, жүрген жері айғай да шу.<br>Ол не ? ( Түлкі)<br>Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады.<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп бірнеше рет оқып береді.<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Ертегі қандай сөздермен басталады?<br>- Тырна не деп айтты?<br>- Ал түлкі қалай жауып береді?<br>- Тырна құтылатын қандай амал табады?<br>-Ертегі қалай аяқталды?<br>**Сергіту сәті:**<br>"Түлкі, түлкі түлкішек"<br>Жаңа сөздер: амал-шешім, құтылу-қашып кету, шыбық салынды- соқты.<br>Балаларға сөздердің мағыналары түсіндіріледі.<br>**Мақал жаттаймыз:**<br>"Алпыс амал түлкіде, алпыс екі амал адамда"<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Әрекетерін ата»<br>Мақсаты: Балаларды суретті қарай отырып істеген әрекеттері бойынша әңгіме құрату. | Балалар ертегілер еліне кілеммен ұшатындарына қуанады.<br>Балалар тәрбиешінің айтқан жұмбағын шешеді.<br>Балалардың назары сандықтан шыққан кітапқа ауады.<br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар ертегі желісі бойынша жетектеуші сұрақтар арқылы ертегіні айтып шығады.<br>Балалар тәрбиешімен бірге қимылдарын келтіре отырып сергіту жаттығуларын жасайды.<br>Балалар қайталап айтады.<br>Балалар мақалды бірнеше рет қайталап жаттайды.<br>Балалар үстел үстіне суретті алып ондағы, қимыл әрекеттері бойынша әңгіме құрайды.<br>Мысалы: Түлкі жүгіріп келе жатыр.<br>Тырна ұшып келеді. Тырна апанға кіреді.<br>Адам інді қазады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сурет бойынша әңгіме құрастыру , оларды сипаттау.<br>Түлкі суреті қандай?<br>Тырна суреті қандай?<br>Балалардың жетістігін әңгімелеу. | Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр. Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Балалар ертегі кейіпкерлерін біледі.

**Түсінігі бар:** Түлкі , тырна, апан, амал сөздері туралы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Ойындарға қатысып, сұрақтарға жауап береді.

Тексерілді.

Күні: 01.10.2024ж

**Тақырыбы:** « Алтын балта» ертегісі

**Мақсаты:**Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-өимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Тәрбиелік:** Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

| Оқу іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Ертегілер еліне саяхатқа баратынын тәрбиеші хабарлайды. | Балалар ертегілер еліне саяхатқа дайындалады. |
| | Ендеше балалар ертегілер еліне саяхатқа шығу үшін поездьға отырайық.<br>Балалар ертегілер елінде көптеген кейіпкерлер бар екен.<br>Осы кейіпкерлердің ішінен алтын балта ертегісінің кейіпкерлерін таңдап алайық.<br>Д/о « Таңдап ал да, тап»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін таба білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады.<br>-Тәрбиеші мен ертегі айтамын, ал сендер ертегі кейіпкерлерін көрсетіңдер.<br>Тәрбиеші ертегіні айта бастайды.<br>Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.Бұл сәтте балалардың кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзінді бойынша ертегіні әңгімелейді. Балалардан кейіпкерлердің мінез-құлықын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді. | Балалар поездьға отырып саяхатқа барады.<br>Балалар алтын балта ертегі кейіпкерлерін тәрбиешімен бірігіп таңдап алады.<br>Балалар кедейдің байға барып, балтасын сұрау әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. |
| Рефлекциялық түзетуші. | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрап, кейіпкерлерді ататады. | Балалар қандай ертегімен танысқандықтары жөнінде баяндайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жайлы түсінігі бар.

**Біледі:** Балалар балта жайлы біледі.

**Орындай алады:** Сұрақтарға жауап беріп, ертегіні баяндай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 08.10.2021ж

**Тақырыбы:** «Дос іздеген бота» ертегісі

**Мақсаты:** балалардың бота мен оның достары туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** ертегі кітап, кейіпкерлердің суреттері, медальдар

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларды жылулық шеңберге шақырады | Балалар шеңбер құрып тұрады |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді.Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік.<br>-Біз өткен қандай ертегілерді тыңдадық, есімізге түсірейікші.<br>Жақсы балалар енді сендер ертегі кейіпкерлеріне бөлініп ойнайық.<br>Тәрбиеші балалардың кейіпкерлердің интонациясын,дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізуін қадағалап отырады. Мәтінді оқып кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды.<br>**"Жалғасын тап"**<br>М/ы: балалардың ойлауын,тілін дамыту.<br>Тәрбиеші ертегіден үзінді айтады балалар қай ертегіден және жалғасын айтады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br>Ертегіні сахалауға дайындалады.<br>Балалар ертегілерді атайды.<br>Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдайды.<br>Ертегіні сахналайды<br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. Жалғасын айтады |
| Рефлекциялық түзетушілік | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды<br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br>• Ертегі қызықты болдыма?<br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Бота мен оның достары жөнінде біледі

**Орындай алады:** Ертегінің кейіпкерлерін ажырата алады.

**Түсінігі бар:** Ертегіні сахналай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 15.10.2021ж.

**Тақырыбы:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі

**Мақсаты:** « Мақтаншақ қоян» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып, мазмұндай білуге үйрету, ертегі желісі бойынша сахналауға үйрету

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегісінің кітабы, ертегі кейіпкерлерінің суреттер, кейіпкердердің атрибуттары.

| Оқу іс-әрекет, кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың<br>іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға қонақ келетінін хабарлайды. Есікті қағып топқа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. | Балалар қонақты күтеді. |
| **Ұйымдастырушылық ізденістік** | Сәлеметсіңдерме балалар.<br>Менің досым қоянды жоғалтып алдым.<br>Қасқыр: Қоян менде. Сендер досын жайлы маған тақпақ, өлең, ертегі айтып берсең мен оны қайтарамын.<br>Айша қуыршақ: Балалар маған көмектесесіңдер ме?<br>Қасқыр: - Балалар қоян туралы не білісіңдер? -Ол қандай жануар?<br>-Қоян туралы тақпақ айтып беріңдер<br>Қасқыр:Қандай өлең білесіңдер?<br>Қасқыр:Қоян туралы ертегі білесіңдер ме? Айтып беріңдер.<br>Айша қуыршақ: Енді қоянымды жібер.<br>Қасқыр:<br>Маған ертегіні сахналап берсеңдер жіберемін.<br>Тәрбиеші: Балалар «Мақтаншақ қоян» ертегісін сахналап берейік.<br>Тәрбиеші көмегімен сахналайды.<br>Қасқыр: Жарайсыңдар балалар мен қоянды жіберім. (қасқыр шығып кетеді, қоян келеді)<br>Маған көмектескендеріңе көп рахмет.<br>Сергіту сәті: «Қоян түршы»<br>Д/о «Қай ертегінің кейіпкері»<br>Мақсаты: Ертегілердің кейіпкерлерін ажырата білу.<br>Айша қуыршақ пен қоян қоштасып, рахметтерін айтып кетеді. | Балдлалар амандасады. Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар білген тақпақтарын айтып береді.<br>Балалар қоян туралы тақпақ, өлеңдерін айтады.<br>Балалардын біреу ертегіні айтып, әңгімелеп береді.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын киіп, сахналай бастайды.<br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br>Балалар қызыға ойнайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | -Балалар сабаққа кім келді?<br>- Біз Айша қуыршаққа қалай көмек көрсеттік?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. | Балалар өз ойларымен сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже**

Тексерілді: [signature]

**Біледі:** Балалар ертегі мазмұның, желісін біледі.

**Түсінігі бар:** Балалардың ертегі жайлы түсінігі бар.

**Орындай алады:** Балалар кейіпкерлерді ажыратып, сұрақтарға толығымен жауап бере алады, сахналай біледі.

Күні: 22.10.2024ж

**Тақырыбы:** « Түлкі мен ешкі» ертегісі

**Мақсаты:** Ертегіні әңгімелеуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту..

**Қолданылған көрнекіліктер**:Конустық театр

| **Оқу іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Балалардың әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиешіге балаларға сиқырлы сандық тауып алғанын көрсетеді. | Балалар сиқырлы сандыққа қызыға қарайды. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Балалар егер мына жұмбақты шешсеңдер,мына сиқырлы сандық ашылады. | |
| | Балаларға жұмбақ жасырылады | Балалар жұмбақты шешеді |
| | Сыр сандық ашылып ішінен түлкі мен ешкінің суреттері шығады. | |
| | -Балалар мынау ненің суреті? | Балалар суреттерді атайды |
| | Енді қазір мен сендерге түлкі мен ешкі ертегісімен таныстырады. | |
| | Бір күні түлкі келе жатып апанға түсіп кетеді,апаннан шыға алмай тұрғанда.бұны өтіпбара жатқан ешкі көреді: «-Өй,түлкі батыр онда неғып тұрсың?» «ой, неғыласың, қырда сусып жүр едім, бұл жер салқын,суыда тып-тынық екен»бұны естіген ешкі су ішейін деп апанға секіріп түскенде түлкі ешкінің үстіне сосын мүйізіне секіріп апаннан шығып өз жөніне кетеді. | Балалар сұраққа жауап береді. Балалар ертегіні қызыға тыңдайды. |
| | Сергіту сәті: | |
| | Күн сияқты күлейік | Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы жасайды. |
| | Жел сияқты соғайық | |
| | Секіреміз асланға | |
| | Отырамыз жерге | |
| | Д/о: «Үй жануарларын ажырат» | Балалар ойынды аса қызығушылықпен ойнайды. |
| | м\ты:үй жануарларын ажырата білуге үйрету. | |
| Рефлекциялық түзетушілік | -Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық? | Балалар тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап береді. |
| | Ертегі сендерге ұнады ма? | |
| | Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтайды ,мадақтайды. | Балалар мақтауға риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі туралы біледі

**Түсінігі бар**: Түлкі мен ешкі ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады**.сұрақтарға жауап бере алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 29.10.2021ж

**Тақырыбы:** « Әдеп»

**Мақсаты:** балалардың әңгіме желісіне байланысты сөйлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету.

**Көрнекіліктер:** суреттер

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Топқа қонаққа Айша қуыршақ келеді. Балалармен амандасады | Балалар қуыршақпен амандасады |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Мұнда қандай әдемі балалар жиналған.<br>Тәрбиеші балаларға Айша қуыршақ тың әкелген қызықты әңгімелер жинағынан жақсы бір әңгімен танысқанбыз.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>• Әңгіме не туралы болып еді?<br>• Балалар әңгіме не туралы?<br>• Сендерге ұнады ма?<br>• Бай деген кім?<br>• Әдеп деген не?<br>• Әкім деген кім?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз қандаймыз<br>Шуғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндеймін<br>Еш уайымды білмеймін.<br>**Д/О «көршіңді ата»**<br>Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп ойнауды ұсынады.<br>Тәрбиеші: «Мен әңгімені айтамын , ал сендер кейіпкерлерді көрсетіңдер».<br>Тәрбиеші әңгімені оқи бастайды. Бұл сәтте тәрбиеші балалардан кейіпкерлердің іс-әрекетін көрсетулерін сұрайды.<br>Тәрбиеші келесі үзіндіні оқып оны ойнап беруін сұрайды. Әңгіме желісі барысында ойнау. балалардан кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге үйретеді, талап етеді. | Балалардың назары тәрбиеші мен қуыршаққа ауады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Әдеп дегеніміз- үлкенді үлкен деп кішіні кіші деп сыпайылық көрсету.<br>Сергіту сәтін жасайды.<br>Ойында кейіпкерлерді ретімен орналастырады.<br>Балалар рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын дұрыс жеткізе білуге тырысады.<br>Қалған балар кейіпкерлерге мұқият қарап, тыңдап отырады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | **Сұрақ- жауап:**<br>• Әңгіме не турал?<br>• Неліктен әкім кедейден төмен иіліп сәлемін қабыл алды?<br>• Әкімнің істегені дұрыс па ?<br>• Рөлдерге бөліп ойнаған ұнады<br>ма?<br>Қуыршақ балалармен қоштасады. Үздік қатысқан балалар марапатталады. | Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді<br>Айжан қуыршақпен қоштасады.<br>Балалар қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әдепті болуды біледі.

**Орындай алады:** Әңгімені рөлдерге бөліп сомдай алады.

**Түсінігі бар:** Бай , кедей, әкім, әдеп туралы түсініктері бар.

Әдіскердің ...

Күні: 05.11.2021ж

**Тақырыбы:** «Тышқанның өсиеті»жандандыру

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**Қолданылған көрнекіліктер:** тышқанның, ірішік, қақпанның суреттері.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балалардан қандай ертегімен танысқандарын сұрайды. | Балалар ертегіні естеріне түсіреді. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Бұл сабақта тәрбиеші балалармен ертегі кейіпкерлерін алмастырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне байланысты жұмыс жасалады.<br>Тәрбиеші балалрға ертегінің кейіпкерлері және олардың заттары бейнеленген карточкаларды көрсетеді.<br>Тәрбиеші әр кейіпкерге тиісті заттарды таңдап алуларын тапсырады.<br>Д/о: Қай зат дұрыс тұр?<br>Барысы: Тәрбиеші ертегіге байланысты бірнеше заттардың орнын ауыстырып қояды.<br>Тәрбиеші ертегіні үлгі бойынша меңгерген балаларға бір кейіпкер рөлін таңдап оны ойнауын ұсынады. Рөлдерді анықтау үшін кейіпкерлер бейнеленген төс белгілерді алады. (медаль)<br>Ертегіні ойнауда ең маңыздысы балалар кейіпкерлердің интонациясын, дауыс ырғағын, дауыс қаттылығын дұрыс жеткізу. Жүргізуші рөлін атқаратын тәрбиеші мәтінді оқиды және кейіпкерлердің кезекпен шығуын қадағалайды. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br>Балалар карточкаларды ертегі желісі бойынша орналастырады.<br>Балалар заттарды ертегі желісі бойынша өз орнына қояды.<br>Балалар медальдарды алып рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>Балалар ертегі кейіпкерлерін баяндап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атайды |
| Рефлекция-түзетуші | Тәрбиеші қорытындылай келе, осы сабақта балалардың өмін еркіндігін дамытады және жеке тұлға болуына жол бағыттайды. Жетекші сұрақтар қойылады<br>Тәрбиеші балалрдың ертегіні мұқият тыңдап кейіпкерлерді дұрыс орналастырғаны үшін мақтау, мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар:** Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады.** Ертегіні сахнай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні : 12.11.2021ж.

**Тақырыбы:** « Мақтаншақ бақа» ертегісі

**Мақсаты** Ертегіні толық білуге және жандандыра білуге үйрету. Актерлік шеберлік қасиеттерін, тілдерін дамыту.

**Қолданылған көрнекіліктер**: суреттер, маскалар

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Тәрбиеші балаларға қонаққа қуыршақ келетінін хабарлайды. | Балалар қуыршақтың қонаққа келетініне қуанады. |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | -Тәрбиеші балалар өткен сабақта қуыршақ өзімен бірге ертегі кітабын алып келген болатын, сендер кітаптан қандай ертегімен таныстың едіңдер?.<br>-Тәрбиеші сұрақ қоя отырып, ертегінің мазмұнын сұрайды.<br>-Біз қандай ертегімен таныстық едік?<br>-Неге бақаны мақтаншақ деп атады?<br>-Бақа кесірткеге не деп мақтанды?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>Д/о: «Ретімен орналастыр»<br>Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін рет-ретімен орналастыруға үйрету.<br>Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Сергіту сәті: «Балық»<br>Балық суда жүзеді,<br>Өте таза, тынық су.<br>Біресе ашылады,<br>Біресе керіледі,<br>Біресе құмға тығылады. | -Балалар мақтаншақ бақа ертегісімен таныстықтарын айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>балалар рөлдерді белгілеуде кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады да рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>Балалар шеңберге тұрып сергіту сәтін орындайды. |
| Рефлекция-түзету | Тәрбиеші балаларға бірнеше сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылайды.<br>Үздік қатысқан балалар марапатталады. | Балалар тәрбиеші қойған сұрақтарды айтып береді |

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлерін атай алады.

**Түсінігі бар**: бақа, инелік, жылан, бозторғай, тасбақа,кесіртке түсінігі бар.

**Орындай алады**: балалар мақтаншақ бақа ертегісін сахналай алады

Тексерілді: [signature]

Күні : 19.11.2021ж

**Тақырыбы:** « Бір уыс мақта» ертегісі

**Мақсаты:** мақта туралы білімдерін арттыру,есте сақтау қаблеттерін дамыту

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Мақта, кейіпкерлердің суреттері және торғайдың суреті.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әркеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Балалар шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастыру-ізденіс | Тәрбиеші балалармен амандсып, Бір уыс мақта ертегісін естеріне түсірулерін өтінеді.Бұл сабақта тәрбиеші балалардың ертегі кейіпкерлерін алмстырушы заттармен алмастыру қаблеттеріне жұмыс жаслады. .Онда мақтаның қажетті тұрмыстық заттарға жататынын, ондғы кейіпкерлерді сипаттап, әженің, ананың ақылын тыңдау керектігін, торғайдың іс – қимылын, блапандарына деген қамқорлығын, ұянын не әкені жөнінде айтады.<br>Балаларға «бір уыс мақта» әңгімесінің желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахнаулары ұсынылады<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға түзу тұр,<br>Солға түзу тұр.<br>Алға бір адым<br>Артқа бір адым.<br>Оңға бұрылып,<br>Солға иіліп<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>ДІО: «Қажетті кейіпкерді тап»<br>Мақсаты: басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табу | Балалар естеріне түсіріп жауап беред<br>Мақтаның қандай жағдайда қолданылатыны жөнінде білгендерін баяндайды.<br>Балалар әңгіме желісі бойынша рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің дауыс ырғақтарын келтіре отырып сахналайды.<br>Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетіп, мәтінін қайталайды.<br>Балалар дидактикалық<br>басқа ертегі кейіпкерлерінің ішінен қажетті кейіпкерлерді табады |
| Рефлекция – түзету | Тәрбиеші балаларға әңгіме желісі бойынша сұрақтар қояды<br>Үздік қатысқан балалар мадақталады | Балалар әңгіме желісі бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже.**

**Біледі:** Кейіпкерлерді біледі

**Түсінігі бар:** Мақтаның пайдасы жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Әңгіме желісі бойынша сахналай алады.

Күні : 26.11.2021ж

**Тақырыбы:** « Күн, ай және әтеш» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды ертегі желісімен толықтай таныстыру. Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін, ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Тілдерін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттері.

| Оқу іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.<br><br>Балалар, сендермен кездесуіме өте қуаныштымын. Бір-бірімізге қарайықшы. Мен сендердің көздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Бүгінгі күндерің сәтті өтсін!<br><br>Балалар бір бірімізге тек жақсылық тілейік | Балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар, сендерге ертегілер елінен сандықша жіберіпті. Ашып көрейік пе? Ішінде не бар екен?<br><br>• Ертегілер елінен «Күн, ай және әтеш» деген ертегіні жолдапты.<br><br>• Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін. Сендер мұқият тыңдаңдар<br><br>Ертеде аспанда ағайынды үш бала өмір сүріпті. Үлкені-Күн, ортаншысы-Ай, кішісі-Әтеш екен. Күн жерде тіршілік ететін адамдарға, өсімдіктер мен жануарларға жарық пен жылу таратуға кеткенде, үйдегі кіші інілері Ай мен Әтеш үнемі келіспей қала береді екен. Бір күні әбден ыза болған Ай Әтешті айдарынан ұстап алып жерге лақтырып жіберіпті. Кешке үйге келген Күн болған жағдайды естіп біледі. Ашуға булығып Айға:<br><br>-Туған ініңді кезің қиып, қалай лақтырдың? Сендей рақымсызды көргім келмейді. Бұдан былай аспанға мен күндіз, сен түнде шығатын боламыз. Ал Әтеш жақын інім болып қала береді. Ол мені ұмытпайды,-дейді.<br><br>Сол уақыттан бастап Әтеш таң атысымен, Күнді көргенде «Кукареку!» деп айғай салатын болыпты. Бұл «Амансың ба Күн-аға!» дегені екен. Ал кеш түссе, қонақтауға кетеді. Өйткені, аспанға шыққан Айды көргісі келмейтін көрінеді. **Сергіту сәті:**<br><br>Орнымыздан тұрайық<br><br>Алақанды ұрайық<br><br>Бір отырып бір тұрып<br><br>Сап демалып алайық<br><br>Д/о: Кейіпкерлерді тап<br><br>мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыт | Балалар қуана келіседі.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар мұқият тәрбиешіні тыңдайды.<br><br>Ертегі желісі бойынша көрсетілген суреттерге назарларын аударады.<br><br>Сергіту сәтінде балалар қимылмен бірге орындайды.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды |
| Рефлексиялық түзету | Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойды<br><br>• Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?<br><br>• Ертегі қызықты болдыма?<br><br>• Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.<br><br>Белсенді қатысқан балалар мадақталады | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді |

<u>Күтілетін нәтиже:</u>

Тексерілді: [signature]

**Біледі:** Ертегіні біледі

**Түсінігі бар:** Кейіпкерлер жөнінде түсініктері бар

**Орындай алады:** Ертегі желісі бойынша баяндай алады.

Күні: 3.12.21ж

**Тақырыбы:** Құмырсқаның серуені. Оқу, әңгімелеу.

**Мақсаты:** Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

**Қолданылған көрнекіліктер**: ертегі кейіпкерлерінң үстел үсті театры, муляждары. Ұшақ шапкасы.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларға жәндіктер әлеміне көрмеге баратынын айтады. | Балалар көрмеге баруға дайындалады. |
| Ұйымдастыру ізденуші | Балалар көрмеге қандай көлікпен барғыларың келеді?<br><br>Ендеше ұшаққа отырып жәндіктер әлеміне барайық.<br><br>Тәрбиші балалар біз жәндіктер көрмесіне келдік. Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?<br><br>д\о «Қандай жәндік»<br><br>Мақсаты.Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу.<br><br>Балалар жәндіктерді бақылап , тәрбиеші көмегімен әңгімелейді.<br><br>Балалар осы жәндіктер туралы ертегі тыңдағыларың келеме?<br><br>Тәрбиеші балаларды кілем үстіне шақырады. Балаларға құмырсқаның серуені ертегісін әңгімелейді.<br><br>Білесіңдер ме, балалар?Ертеде құмырсқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда –санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да еріні шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен:<br><br>-Ah, ah.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе келіпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс істемеймін.,-деп ойланған құмырсқа, ойын жүзеге асыруға кірісіпті.Құмырсқа жолға шығыпты. Бір араның үйіне келіпті . Есік қағыпты. Есіктің арғы жағынан «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде құмырсқа:<br><br>- Есігіңді аш, бауырым. Мен құмырсқа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе қарынымды тойдыруға келдім. Үйіңдегі барыңды құмырсқа бауырыңа бер депті.<br><br>Ара есігін ашып ,үйіндегі бар дәмдісін беріп, құмырсқаның көңілін көтеріпті.Кешке құмырсқа араға рахметін айтып үйіне келіпті. Төсегіне жатып.Ох мен жұмыста істеген жоқпын, шаршаған да жоқпын қарынымды тойдырдыдепті.<br><br>Құмырсқа келесі күні өрмекшіге барыпты.Өрмекшінің дәмді тамақтарын жеп, рахметірн айтып үйіне қайтыпыты. Осылай қыдырып жүріп қарынын тойдырған құмырсқаға қатты ұнапты. Үшінші күні құмырсқа көбелекке келіпті. Көбелек бар тапқан асын құмырсқаның аузына төсепті. Көбелек құмырсқаны қанатына отырғызып гүлден-гүлге қондырып ,біиктерге | Балалар ұшақпен барғылары келетінін айтады.<br><br>Балалар ұшаққа отырып музыка ырғағымен табиғат бұрышына келеді.<br><br>Құмырсқа, көбелек, өрмекші, шегіртке.<br><br>Құмырсқа еңбекқор жәндік. Көбелек өте нәзік әрі әдемі жәндік. Олар гүлдердің үстінде ұшып – қонып жүреді.<br><br>Иә. |

| | | |
|---|---|---|
| | самғап ұшып көңілін көтеріпті. Құмырсқа рахметін айтып үйіне қайтыпты. Қандай керемет .Жұмыс та істеген жоқпын, қарынымды тойдырыдым-депті. Сөйтіп жылжып күндер өтіпті. Құмырсқаның қонаққа баоратын достары таусылыпты. Енді не істесем екен?Достарыма қайтадан қонаққа барсам ба екен деп ойланыпты. Ұйқысынан тұрғанда біреулер есік қағыпты. Сөйтсе достары оған қонаққа келіп тұр екен. Құмырсқа қатты сасып, не істерін білмепті. Сонда ұялып тұрып:<br>-Сендерді қонақ қылғым келеді? Бір-ақ үйімде сендерді отырғызаитын орын жоқ, не бір тілім наным доқ –депті.<br>Достары құмырсқаға қатты ренжігені соншалық енді оған көмектеспеуге бел байлапты. Құмырсқа өзінің достарын ренжіткені үшін, әрі өзінің жалқаулығына қатты ренжіпті. Сөйтіп, балалар , құмырсқа жалқаулықтың өте жаман нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап тыным таппай еңбек ететін болыпты.<br>Сергіту сәті: «Құмырсқа»<br>Д\о «Кім не істеді»<br>Ертегі желісін балалрмен бірге әңгімелеу.<br>Балалар енді ұшағымызға отырып тобымызға оралайық. | Балалар құмырсқаның әрекеттерін келтіріп сергіту сәтін жасайды.<br>Ертегі кейіпкерлерінң қимыл әрекетін әңгімелейді.<br>Балалар ұшаққа мініп топқа келеді. |
| Рефлекция-түзету | -Балалар қайда қонаққа бардық?<br>- Қандай көлікпен бардық?<br>-Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?<br>-Қандай ертегіні әңгімеледік?<br>Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады. | Жәндіктер көрмесіне бардық.<br>Ара , құмырсқа, көбелек, шегіртке.<br>Құмырсқаның серуені. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.

**Түсінігі бар**: Ертегі туралы түсінігі бар.

**Орындай алады**.Ертегіні әңгімелей алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 10.12.21ж

**Тақырыбы:** «Үш торай»ертегісі

**Мақсат:**ертегі білімдерін кеңейту, адамгершілікке,еңбек қорлыққа,мейірімділікке тәрбиелеу.

**Қолданылған көрнекіліктер:** Үш торай,үйшік т.б

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады. | Шаттық шеңберін жасайды. |
| Ұйымдастыру<br><br>іздену | Дид/ойын: «Ертегіні құрастыр»<br><br>Мақсаты:<br><br>Ертегі кейіпкерлерін есте сақтау. Ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ертегіге деген қызығушылығын ояту.<br><br>Бұл сабақ барысында үлгі бойынша ертегіні мазмұндауды игерген балаларға тәрбиеші ертегінің бір кейіпкерінің рөлін таңдап, соны сомдап шығуға береді. Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады). Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы.<br><br>Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі.<br><br>Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. «Осал-орнықты-берік» сериясы, «сенімсіз-сенімді-өте сенімді» сериясымен байланысты, немесе «қорқынышты өте қорқынышты емес-қорқынышты емес» т.б. екендігін бала түсіне бастайды. Сонымен қатар, рөлдердің жалғасы баланың жеке тұлға болуына ықпалын тигізеді. | Балалар ойынды қызыға ойнайды Ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп, ертегідегі оқиға желісін жүйелі түрде құруға тырысады.<br><br>Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады.(Дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланады).<br>Кейіпкерлердің дауысы ырғағын салады<br><br>Ертегіні қуана сахналайды |
| Рефлекция-түзету | Тәрбиеші балаларға ертегі жөнінде бірнеше сұрақтар қояды.<br><br>Тәрбиеші жақсы жауап берген балаларды мақтау,мадақтау. | Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.<br><br>Балалар риза болады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Ертегі кейіпкерлері туралы біледі

**Түсінігі бар**: үш аю ертегісі туралы түсініктері бар.

**Орындай алады.** Ертегіні сахналай алады.

Тексерілді: [signature]

Күні: 24.12.2021ж

**Тақырыбы :** « Жеті лақ» ертегісін сахналау.

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Сахналау арқылы тіл байлығын дамыту.

**Көрнекіліктер:**Ертегі кітап , ертегі кейіпкерлерінің суреті

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Тәрбиеші балаларды шеңберге шақырып бүгінгі күнге тілектер айтуды ұсынады. | Балалар шеңберге тұрып бүгінгі күнге сәттілік тілейді. |
| **Ұйымдастыру іздену** | Тәрбиеші балаларға қонаққа Айжан қуыршақ келгенін айтады.<br><br>-тәрбиеші балалар қонағымыз сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көргісі келеді. Біз бүгін қонағымызға ертегіні сахналап берейік. Ол үшін<br><br>Үйірме барысында балалар ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйренеді.<br><br>Тәрбиеші балаларға «Мен қазір ертегіні оқимын, сендер сәйкес суреттерді көтересіңдер» дейді. Оқу барысында балалар сәйкес суреттерді көрсетеді. Ертегі кейіпкерлеріне сипаттама береді.<br><br>Егер бала қателесе, тәрбиеші оқуын тоқтатып, олар мен эпизодтың мазмұнын талдайды, сәйкес суретті көрсетеді. Одан кейін тәрбиеші балалардан суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыруларын сұрайды.<br><br>Балалар тапсырманы орындап болғаннан кейін, тәрбиеші ертегіні тағы да оқиды, балалар сәйкес суреттерді тағыда көтереді. ( және үлкендерге көрсетеді). Үйірме соңында тәрбиеші мынадай ойын ұсынады.<br><br>Ол суреттерді әдейі қате орналастырады да, балалардан «қай сурет өз орнында тұрған жоқ» - деп сұрайды. Одан кейін ойынды қиындатады.<br><br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды. Бұндай тапсырмалар балалардың сюжетті ашу тізбегін және кейіпкерлерді белгілі бір белгілеріне қарай орналастыруды түсінуіне үйретеді.<br><br>Рөлдерді белгілеуде балалар кейіпкерлердің суреті бар медальдарды алады. Ертегіні қоюда аса маңыздысы, балаларды кейіпкер дауысы ырғағын дұрыс салуы. Тәрбиеші жүргізуші рөлін ойнап, ертегі мәтінін оқып, кейіпкерлерді кезекпен сахнаға шығуын қадағалау. Үйде бүкіл ертегіні көрсету қажет емес, ертегінің бір фрагментін көрсетіп шектелуге болады. Бұл жағдайда балаға бір кейіпкердің рөлі беріледі. Бұл сабақтың нәтижесінде балалардың нақты мазмұндауда сериялық іс-әрекетті қолдану шеберлігі қалыптасады. | Балалар қонақты қарсы алады.<br><br>Ертегіні сахналауға дайындалады.<br><br>Балалар ертегілерді атайды.<br><br>Балалар сәйкес суреттерді көтереді.<br><br>Бір суретті алып тастап, балалардан «қай сурет жетіспей тұр?» - деп сұрайды.<br><br>Балалар кейіпкерлердің суреті бар дөңгелек пішінге суреттер жабыстырылып, лента байланған медальдарды алады.<br><br>кезекпен сахнаға шығып рөлдерді ойнайды. |
| **Рефлексия-түзету** | Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>Үздік қатысқан балалар мадақталады. | Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

Тексерілді! [signature]

**Білу керек:** Ертегінің мазмұнын түсіне алады.

**Түсінігі бар:** Ертегі кейіпкерлері жөнінде түсініктері бар.

**Орындай біледі:** Ертегіні сахналай алады.

Күні: 31.12.2021ж.

**Тақырыбы:** Орыс халық ертегісі «Бауырсақ»

**Мақсаты:** Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме беру, қызығушылықтарын дамыту.

**Қолданылған көрнекіліктер:** Ойыншықтар, эпаттар және қуыршақ театры.

| Әрекет кезеңдері | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Ғажайып сәт.<br><br>Балаларға бауырсақ қонаққа келеді. Ол ата мен әжеден қалай кетіп қалғаны, балалардан да қашып кететіні жайлы өзінің сүйікті әнін шырқауда. | Балалар бауырсақтың келгеніне таң қалып, амандасады. |
| Ұйымдастырушы-ізденуші | - Бауырсақ-бауырсақ, өткен жолы сен сияқты Бауырсақ ата мен әжеден қашып кетіп еді, оны түлкі жеп қойды. Одан да бізбен қалып ертегі тыңдап алайықшы.<br><br>Тәрбиеші ертегіні айтып қуыршақ театры арқылы көрсетеді.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Педагог ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын көрсетеді, ал балалар оны қайталайды.<br><br>- Қоян қалай секектеп жүгіреді?<br><br>- Қасқыр қалай қарсы алдынан кезікті?<br><br>- Бауырсақтың алдынан Аю қалай қарсы шыға келді?<br><br>- Түлкі қалай айлакерлікпен құйрығын бұлаңдатты?<br><br>- Бауырсақ қандай ән айтты?<br><br>- Ол кімнен қашып кетті?<br><br>- Тілазар болуға бола ма?<br><br>- Ал балалар Бауырсақ туралы тақпақ білеміздбе, қане айтайықшы?<br><br>Апам менің пісірген<br><br>Қызыл күрең бауырсақ<br><br>Шыңлай қояр түсіңнен<br><br>Біраз жемей сағынған | Балалар ертегіні зейін қойып тыңдап, қызығушылықпен қарайды.<br><br>Балалар іс-қимылмен көрсетіп, сұрақтарға белсене жауап береді.<br><br>Бауырсақ туралы тақпақ айтады. |
| Рефлексивті-түзетуші | Бауырсақ балалармен қоштасады.<br><br>Педагог сұрақ қоя отырып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | |

**Күтілетін нәтиже.**

**Білуі керек:** Бауырсақ туралы ертегіні

**Игеруі керек:Мазмұнын түсініп,айтуды**

**Үйренуі керек:** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру

Тексерілді: [signature]

Күні: 14.01.2022ж

**Тақырыбы: «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі**

**Мақсаты**: 1. Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу
**Көрнекі құралдар**: ертегі кейіпкерлерінің суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.<br>- Дос болайық.<br>- Бүгінгі күн сендерге сәтті күн болсын! | Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Дидактикалық ойын:** «Ойлан, тап». Шарты: балалардың білетін шығармаларынан үзінді оу. Балалар оның қай шығарма екенін тауып айтады.<br>**Дәптермен жұмыс:** «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқып беру. Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.<br>• Ертегі қалай аталады?<br>• Ертегінің басы қалай басталады?<br>• Ертегі қалай аяқталады?<br>• Жыл басы қай жануар болды?<br>• Түйе неге жыл басы бола алмады?<br>**Сөздік жұмысы.**<br>*Жусан – ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп.*<br>*Жабағы – қой мен түйенің көктемде қырқып алған қысқы жүні.*<br>*Бақташы – мал бағушы.*<br>*Өркеш – түйенің арқасында бір немесе екі айыр болып тік шанышылған қомы.*<br>**Сергіту сәті:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық.<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып.<br>**«Қайсысы қалай дыбыстайды?» ойыны.**<br>**Тыныштық сәті.** | Оқылған шығармаларды үзінді арқылы тауып ойнайды.<br>Ертегіні зейін қойып тыңдайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Сөздік жұмысын жүргізеді. Жаңа сөздермен танысады.<br>Орындарынан тұрып сергіту сәтін қимылмен орындайды.<br>Берілген ойындарды ойнап, зеректіктерін шыңдайды.<br>Тыныштық сәтін өткізеді. |
| **Рефлексиялық түзетуші** | Е. Өтетілеуұлының «Жыл аттары» өлеңін оқып беру, жаттату.<br>қазақша жыл аттарын атату: Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз жылы. | Өлеңді тыңдап, жатқа айтады.<br>Жыл аттарын жаттап келеді. |

**Біледі:** жыл басына таласқан жануарларды.

**Игереді:** әр жануарладың көреғі мен тіршілігін.

**Меңгереді:** жануарларды күтіп-баптауды, ертегінің мазмұнын.

Тексерілді! [signature]

Күні:. 21.02.2022ж.

**Тақырыбы: «Жеті қазынаның бірі» ертегісі**

**Мақсаты**: 1.Балаларға «Жеті қазынаның бірі» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға не жататынын түсіндіру арқылы халқымыздың осындай таным-түсініктері көптігін айтып, олардың тәрбиелік мәнін ұғындыру.

.**Көрнекіліктер** :ертегі кейіпкерлерінің суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация қозғаушы | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. | Бір-бірінің қоларын ұстап, жылы лебіздерін білдіреді. |
| Ізденістер. Ұйымдастырушы | Жеті саны неліктен киелі екеніндігіне түсінік беру.<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. Дәптердегі ертегі мазмұны бойынша салынған сурет арқылы мазмұнын түсіндіру.<br>**Сөздік жұмысы.**<br>*Мадақтау – біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу.*<br>*Аластау – біреуді ығыстау, қуып тастау.*<br>*Жағымпаздана – жағыну, жарамсақтану, жалбақтау.*<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу.<br>-Аң патшасы – Арыстан ормандағы аңдарға қандай сұрақ қойды?<br>- Аңдар қалай жауап береді?<br>- Аңдар неге ашуланды?<br>- Иттің жауабын кімайтады?<br>**Жеті қазына туралы мағлұмат беру.**<br>Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады.<br>1.Жүйрік ат – қанаты.<br>2. Құмай тазысы – абыройын асырар сенімді серігі.<br>3. Қыран бүркіт – қуаты.<br>4. Берен мылтық – қаһарлы оты.<br>5. Қақпан – серті.<br>6. Майланғыш ау – әдіс-айласы.<br>7. Өткір кездік – сұсы.<br>*Қазақ халқы жеті қазынаны* ***жеті ырыс*** *деп те атайды. Оларға төмендегідегі ұғымдарды жатқызады:*<br>1.Адамның ақылы, ой-санасы.<br>2. Денсаулық.<br>3. Ақ жаулық (ана). | Жеті саны туралы біледі.<br>Ертегіні зейін қойып тыңдап, мазмұнын игереді.<br>Сөздік жұмысын жүргізіп жаңа сөздермен танысады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Жеті қазынаға нелер жататындығымен танысып, жаттайды.<br>Жеті ырысты танып |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Бала.<br>5. Көңіл.<br>6. Жер.<br>7. Ит. | біледі. |
| **Рефлексия түзетуші** | Мақал –мәтел: Ақылды адам айтқызбай біледі,<br>Қыран қаққызбай іледі.<br>• Ертегі қалай аталады?<br>• Ертегі қандай сөйлемнен басталады?<br>• Арыстан өзі туралы не білгісі келеді?<br>• Түлкі Арыстанды қалай мақтады?<br>• Арыстан итке не деді?<br>• Ал сонда дүниедегі ең қайратты, ең ақылды, әділ әрі епті қайсысы екен?<br>• Ит Арыстаға қандай жауап қайтарды? (Мен үшін дүниедегі қайратты әрі ақылды, ол тек-адамзат)<br>• Неге итті «жеті қазынаның бірі» деп айтады екен? | Мақал-мәтелді тыңдайды. Мазмұнын түсінеді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |

**Біледі:**жеті санының киелі екенін және жеті қазынаға не жататынын.

**Игереді:**жеті қазынаның мағынасын.

**Меңгереді:**халқымыздың таным-түсініктерін.

Тексерілді: [signature]

Күні: 28.01.2022 ж.

**Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі.**

**Мақсаты:** 1.*Бойларындағы икемділік, сымбаттылық, қабілеттілік, инабаттылық іzеттілік, біліктілік, қасиеттерін дәріптеп дамытуға баулу. Жанашырлыққа, әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.*

**Көрнекіліктер**:Ертегі кейіпкерлерінің суреттері,үй жануарларының суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. | Бір-біріне жақсы тілектерін білдіріп сәлемдеседі. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Суретпен жұмыс:** суретке қарап «Алтын сақа» ертегісінің мазмұнына түсінік беру.<br>Сурет бойынша балаларды сөйлету.<br>Ертегіні бөлім бойынша оқып беру. Мазмұнын түсіндіру.<br>Балаларға бөлім бойынша бөліп сахналауды тапсыру.<br>**Сөздік жұмысын жүргізу.**<br>**Мақал – мәтел жаттау.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Үй жануарлары» . Шарты: балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі.әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетін немесе өз ойын, пікірін баяндайды.<br>*Сиыр, жылқы* сөздеріне дыбыстық талдау жасату.<br>Асық туралы мәлімет беру. Асықты үй жануарлары , атап, айтсақ малдарда болатыны туралы айтып түсіндіру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>**Сергіту сәті:** Құстар біздің досымыз,<br>Бау-бақшаны қорғайды.<br>Ұя жасап қарсы алсақ,<br>Құстар бізді қолдайды. | Суретке қарап ертегі туралы білімдерін ашады.<br>Балалар өздері білетін ертегі туралы әңгімелейді.<br>Сөздік жұмысына мән береді.<br>Мақалдарды жатқа айтады.<br>Шарты бойынша ойынды ойнайды.<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>Жұмбақты шешеді.<br>Сергіту сәтін орындарынан тұрып орындайды. |
| **Рефлексия қозғаушы** | Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Біледі:**ертегі кейіпкерлерін танып, біледі.

**Игереді:**ертегінің мазмұнын.

**Меңгереді:***жанашырлықты, әдемілікті, ұқыптылықты.*

Тексерілді: [signature]

Күні: 4.02.2022 ж

**Тақырыбы:** «Қаңбақ шал» ертегісі

**Мақсаты:** «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыру.есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

**Құрал-жабдық:** конверт, хат, «Қаңбақ шал» ертегісі, дәудің, Қаңбақ шалдың суреттері, түлкінің бет –пердесі.

| Іс – әрекетінің кезеңдері | Педагогтың іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Тосын сый: есік қағылып, тәрбиеші топқа хатты алып кіреді.<br>Тәрбиеші: «Бұл хат кімнен келді екен?»-деп хатты ашып оқиды.<br>«Сәлеметсіңдерме балалар! Мен ертегі періштесімін. Сендердің ертегіні жақсы көретіндеріңді білемін. Сондықтан да сендерге «Қаңбақ шал» ертегісін сыйға тартамын. Ертегі сендерге ұнайды деп ойлаймын. Сәлеммен ертегі періштесі. | Балалар «кім келді?»-деп қызығушылық танытады.<br>Балалар хат кімнен келді екен деп қызығушылық танытады.<br>Балалар қол шапалақтап қуанады.<br>Балалар хаттың мазмұнын тыңдайды. |
| **Ұйымдастырушылық - ізденістік** | *Тәрбиеші ертегіні оқиды*<br>*Тәрбиеші ертегі бойынша сұрақтар қояды.*<br>-Ертегі кім туралы?<br>-Оны неліктен Қаңбақ шал –деп атады?<br>-Қаңбақ шал дәуді қалай алдады?<br>-Жарайсыңдар балалар! Ертегіні жақсы түсініпсіңдер. Енді мен сендерге «Түлкі мен балапандар» ойынын ойнауды ұсынамын.<br>*Тәрбиеші санамақтың көмегімен түлкі* | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br>Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>-Қаңбақ шал туралы.<br>Балалардың жауабы.<br>«Түлкі мен балапандар» ойынын ойнады.<br>Түлкі ұйықтап отырады. Балапандар түлкіге жақындап, оны оятады. Түлкі балапандарды қуып |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивтік-түзетушілік** | *болатын баланы сайлап алып, қалған балаларға балапан болатындарын айтады*<br><br>-Жарайсыңдар балалар, бәрің епті екенсіңдер.<br><br>-Сендер ертегілерді білесіңдер ме?<br><br>– Мен сендерге «Ертегілер айдамасы» ойынын ойнауды ұсынамын.<br><br>-Балалар сендерге кімнен хат келді?<br>– Ертегі періштесі бізге қандай ертегі<br><br>– Қаңбақ шал қандай адам? | ұстайды. Ұсталған балапан ойыннан шығады.<br><br>-Иә, білеміз.<br><br>Балалар шеңбер бойы айналып жүреді. Егерде сездер арасында ертегілер атаулары аталса тоқтайды.<br><br>-Ертегі періштесінен<br>– Қаңбақ шал ертегісі<br><br>Жеңіл, кішкентай адам. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ертегі мазмұнын

**Игереді:** ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

**Меңгереді:**ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Тексерілді: [signature]

Күні: 11.02.2022ж

**Тақырыбы:** «Үш дос» әңгімесі

**Мақсаты:** Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Сыйластық туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу. Білімдерін кеңейте отырып, әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету.

**Қажетті көрнекі-құралдар:** Терек, жапырақтар мен гүлдер, суреттер, аудио, бейне таспалары.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық кезеңі** | **Жылулық шеңбері.**<br>Кел, балалар, күлейік.<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>- Балалар, сендер дос дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Сендердің достарың бар ма?<br>Тақтадағы суреттермен жұмыс. | Балалар шеңбер болып тұрып, бір-бірімен амандасады<br>Достар бір-бірін алдамайды, ренжітпейді, бір-біріне көмектеседі.<br>Балалар әңгіме құрап айтады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі** | - Мен сендерге қазір «Үш дос» әңгімесін оқып беремін , мұқият тыңдаңдар<br>Бір күні Серік далаға өзінің өрт сөндіретін машинасын алып шығады. Оны көрген Қанат, біз доспыз ғой, бірге ойнайық,-дейді. Серік бірге ойнауға келіседі. Қанат, машина келе жатыр, былай тұрыңдар, -деп айғайлай бастайды. Оны естіген балалар бізде бірге ойнайық деп жүгіреді. Ал, Қанат болса, мен Серіктің досымын, мен ғана ойнаймын, -деп, машинаны оларға бергісі келмейді.<br>Балалар оған ренжіп қалады. Ал екінші күні Арман далаға вагоны бар паравоз алып шығады. Қанат тағы Арманға жүгіріп келіп, Арман мен сенің досыңмын ғой, бірге ойнайықшы, - дейді. Екеуі ойнап жүргенде Серік келіп, менде ойнаймын ,- дейді. Жоқ, сен ойнамайсың ,-дейді Қанат. Кеше сен менімен дос едің ғой, - дейді Серік. Қанат болса, ол кеше болатын, ал бүгін мен Арманмен доспын, өйткені ол паравоз әкелді, -дейді.<br>**Сергіту сәті.**<br>- Шеңбер құрып тұрайық.Біз шеңберге<br>Достар бірге жүреміз.<br>Бірге ойнаймыз күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне біздер қандаймыз.<br>Орман, көлге шыңға біз<br>Саяхатқа шығамыз<br>Белінбейді іргеміз. | Балалар зейін қойып, мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әрқашан да біргеміз.<br><br>- Енді бәрің де отырып, қолдарыңа айнаны алыңдар. Айнаға қарап көңілсіз адамды көрсетеміз, енді күліп, қуанамыз. Жақсы енді достарыңды көргенде қандай көңіл-күйде болатындарыңды алдырыңдағы шарға бейнелейміз.<br><br>Сұқ саусақтарыңды суға бір малып алып сұйық бояуға маласыңдар да, шарға басып саласыңдар. Шарды сол қолдарыңмен ұстап отырасыңдар. Енді жұмысқа кірісейік.<br><br>Әр баланың қасына барып, бағыт беріп, қадағалау. | Шеңберге тұрып, қимылмен көрсетіп орындайды.<br><br>Балалар өз көңіл-күйлерін бейнелейді.<br><br>Қимылмен көрсетіп орындайды. |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | **«Достық неден басталады?»** ойынымен қорытындылайық. Мен сендерге достық туралы сөздер айтамын, сендер оған «иә» немесе «жоқ» деп шапшаң жауап бересіңдер.<br><br>(Татулықтан, сыйластықтан, алдағаннан, көмектесуден, төбелескеннен, өтірік айтқаннан, бірге ойнағаннан, шымшудан, ренжісуден, ойыншығы мен тәттілерінен бөліскеннен.)<br><br>Жиналамыз сәтті күні бәріміз де,<br>Үлкен кіші жасымыз, көріміз де.<br>Денderіңіз сау болсын, қонақтарым,<br>Гүл-гүл жайнап жүріңіздер төрімізде. | Балалар шапшаң жауап береді.<br><br>Балалар бірге қосылып айтады. |

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасай біледі: :** Әр баланың досының болуы, достықтың маңызын білу керек.

**Түсінеді:** Достық екі жақтың бір-біріне деген сенімі, көңілі, көмегі арқылы мықты болатынын түсіну.

**Қолданады:** Әр түрлі жағдайларды көрсету.

Тексерілді: [signature]

Күні: 18.02.2022ж.

**Тақырыбы:** «Алма» ертегісі.

**Мақсаты:** «Алма» ертегісін түсіндіру. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі желісі арқылы балалар өз көзқарастарын білдіруге,әңгімелесуге баулу. Эмоцияларын білуге үйрету. Сахналауда кейіпкерлерді дұрыс қолдануды үйрету.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер, алма ағашы,қарға, аю,қоян, кірпі, үстел-үсті театры.

| Әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | ***Шаттық шеңбер***<br>*Сәлем,сәлем, басым,*<br>*Сәлем,сәлем, көзім,*<br>*Сәлем,сәлем, бетім,*<br>*Сәлем,сәлем, тісім,*<br>*Сәлем,сәлем, балалар,*<br>*Сәлем,сәлем, апайлар!*<br>*- Балалар,біз ертегілер еліне саяхатты жалғастырамыз.*<br>*- Біз бірнеше ертегілерде қонақта болдық.* | Балалар шаттық шеңберге тұрып,өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Балалар өздерінің естерінде қалған ертегілердің аттарын айта түсіреді. |
| **Іздену ұйымдастырушы** | *- Бүгін де біз сендермен ертегіге қонаққа барайық. Ал,*<br>*қай ертегі екенін мынау сиқырлы қорапша арқылы білеміз.*<br>***Ғажайып сәт.***<br>*- Балалар, қараңдаршы, мына әдемі қорапты,ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?*<br>*(ашылмайды)*<br>*-Ой! Балалар, мына қорап ашылмай жатыр!*<br>*- Бұл не болғаны?*<br>*(Хат жатады)*<br>*-Қораптың үстінде хат жатады. Хаттың сыртында: «Осы жұмбақты шешсеңдер ғана қорап ашылады»,- екен.*<br>*Олай болса, балалар, жұмбақты шешеміз бе?*<br>***Жұмбақ:***<br>*Әрі қызыл, әрі тәтті,*<br>*Татқан жанды таңырқатты.*<br>*Жарайсыңдар, балалар!*<br>*Сендер жұмбақтың шешімін таба білдіңдер. Олай болса, балалар, ертегіміздің аты қандай екен, қалай ойлайсыздар?* | Балалар қызығушылықтарын білдіреді.<br><br>Балалар қызыға қорапқа назарларын аударады .<br><br>-иә<br><br>-иә<br><br>Балалар жұмбақтың шешімін табады.<br>- Алма<br><br>-«Алма» ертегісі. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық түзетушілік | *Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі ертегіміздің аты-*<br>*«Алма»ертегісі*<br>*«Алма» ертегісін тірек-сізба арқылы көрсету*<br>*Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қою*<br>*-Алма қандай ағашта өседі?*<br>*- Алмаға кімдер таласады?*<br>*-Аю алманы қалай бөліңдер деді?*<br>*Бере келді! Енді, балалар,*<br>*үстел үсті театры арқылы кім маған сахналап береді?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Музыкамен орындайды.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Төлдерін ата»*<br>***Мақсаты:****Жануарлардың төлдерін таба білу.*<br>*«Береке басы бірлікте»*<br>*деген іміз - дос болу керек. Барлығын ақылымен шешу керек.*<br>*Аю дұрыс жасады ма?*<br>*Ал кірпі, қоян, қарға қателерін түсінді ме?*<br>*Сұрақ-жауап арқылы балаларды мадақтау* | Балалар ертегіні тамашалайды<br>Балалар сұрақтарға жауап беред<br>-Алма ағашында<br>-Қоян,кірпі,қарға.<br>-Тең бөліп алыңдар деді<br>Балалар көрсетіп береді<br>сиыр-бұзау, бие-құлын, түйі-бота, мысық-марғау.<br>-Иә.<br>-Иә, түсінді. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Білуі керек:** «Алма» ертегісін, тәрбиелік мәнін.

**Түсінді:** үстел театры арқылы сахналауды.

Күні: 25.02.24ж

Тақырыбы: «Маша мен аю» орыс халық ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қимылмен ұштастыра білуге, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, жаңа сөздіктерді айта отырып, тіл жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Ойындар арқылы ойлау қабілеттерін арттыру

**Көрнекі-құралдар:** жануарлардың суреттері,аюдың үйінің суреті

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Қызығушылықты ояту** | – Бүгін – тамаша күн. Біздің көңіл-күйіміз жақсы сендерді шеңберге шақырамын.<br><br>Қонақтармен амандасып, топқа бөлу | Балалар қонақтармен амандасады.қызығушылығын көрсетеді.Топқа суреттер арқылы бөлінеді. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденушілік** | . Балалар бұл қандай ертегі<br><br>«Маша мен аю» деген орыс халқы ертегісімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп, келтіріп оқып беру. **Сергіту сәті** Қорбаңдаған аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп – теріп алайық Себетке біз салайық! Балалар енді осы ертегінің рөльге бөліп ойнап көрейікші.<br><br>**Топтық жұмыс:**<br><br>**1-топ** Машаның тобы машаның суретін бояу<br><br>**2-топ** Аюдың тобы аюдың суретін бояу<br><br>Балалар әдемі боялған суретті тақтаға ілеміз. | Қандай ертегі екенін табады.<br><br>Балалар қимылмен сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар ертегіні рөльге бөліп ойнайды<br><br>Балалар топтық жұмыс жасайды<br><br>Машаның суретін бояйды<br><br>Аюдың суретін бояйды<br><br>Әдемі боялған суретті тақтаға іледі |
| **Рефлекстік-түзету** | «Ыстық орындық»әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерді қорытындылайды. Сұрақ-жауап: Ертегі қалай аталады ? -Маша құрбыларымен қайда жиналды? - Орманда не жинады? - Адасып қайда шықты? -Аю Машаға не деді? - Маша аюдан қалай құтылды?<br><br>- Көрдіңдер ме, балалар, екеуі бір-біріне көмек көрсетіп, осындай ауыр сәтте қиындықты жеңіп шықты.<br><br>Ендеше сендер де, балалар, бір-біріңе мейірімді, қайырымды болып өсулерің керек. | Балалар ыстық орындыққа отырып сұрақтарға жауап береді.Бір-бірінің жауаптарын тыңдайды<br><br>Маша мен аю<br><br>Орманға |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ертегінің мазмұнын біледі.

**Игереді:** өз ойларын еркін айта білуді,рөльге бөлініп ойнайды.

**Меңгереді:** көмектесу арқылы бір-біріне жақсылық жасай алатынын

Тексерілді [signature]

Күні: 4.03.2022ж

**Тақырыбы**: "Түлкі мен ешкі" (ертегі сахналау)

**Мақсаты:** Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін қалыптастыру (қатты немесе жәй,тез немесе ақырын).Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді қолдануға үйрету.

**Көрнекілік:** Ертегілердің суреттері,түлкі мен ешкінің қуыршақтары,апан

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-Қозғаушы** | Балаларды шеңберге отырғызып көңіл-күйлерін сұраймын:<br>Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?<br>Тосын сәт:Ертегілердің суретін көрсету.<br>.Жаңа ертегімен таныстыру. | Балаларшеңбергеотырады<br><br>Біздіңкөңіл-күйіміжақсы<br><br>Таңғалыпқарайды,таныcертегілерін атапбереді. |
| **Ұйымдастырушы-Ізденушілік** | Балалар қазір ертегінің ішінде сендерге таныс емес сөздер кездеседі,алдымен сол сөздердің мағынасын түсініп алайық:<br>Абайсызда-байқамай.<br>Апан-ойық терең жер.<br>Сусап-шөлдеп.<br>Ырғып-тайғанап.<br>Балалар мен сендерге қазір "Түлкі мен ешкі" деген халық ертегісін оқып беремін. Сұрақтар.<br>Балалар мен қандай ертегі оқыдым,ертегі қалай аталады?<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>Түлкі қайда түсіп кетеді?<br>Ол апаннан қалай шығып кетеді?<br>Ешкі қайда бара жатыр еді?<br>Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге?<br>Ол қандай аң?Ал ешкі қандай?<br>"Өтірікке алданба басың бәлеге душар болады" дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Сергіту сәті | Балалар мұқият тыңдап отырады<br><br>Жинақталып,тыныштанып ертегіні тыңдап отырады<br><br>Түлкі мен ешкі ертегі<br><br>Ертегіде түлкі және ешкі бар<br><br>Түлкі апанға түсіп кетеді<br>Ешкіні алдап оның үстіне мініп онан соң мүйізіне табан тіреп шығып кетеді<br>Түлкі су іздеп жүрген болатын<br>Түлкінің жасағаны дұрыс емес.Өйткені өтірік айтып,алдауға болмайды.<br>Түлкі-қу,шапшаң<br>Ал ешкі-аңқа<br>Балалар өз ойларын айтады |
| **Рефлекстік-Түзету** | Бекіту сұрақтары:<br>Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?<br>Сонымен ертегіде қандай кейпкерлер бар екен?<br>Ертегі сендерге ұнады ма? | Ешкі мен түлкі ертегісімен таныстық.<br>Ертегіде түлкі мен ешкі бар.<br><br>Иә ұнады. |

**Күтілетінәтиже:**

**Ұғынады:**Кейіпкерлердің дауыс ырғағын,мимикасының көрсетілуін

**Түсінеді:**Кейіпкерлердің дауыс ырғағын,мимикасын көрсетуге

**Қолданады:**Адамдардың көңіл-күйін (көңілді,мұңды,мейірімді және т.б)білдіретін сөздерді

Тексерілді: [signature]

Күні:. 22.03.2022ж

**Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі**

**Мақсаты**: 1. Ертегі мазмұнын түсіндіру.. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту.

.**Көрнекіліктер**:ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

| **Іс-әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңберіне тұрғызу. | Шеңберге дөңгелене тұрып жылы лебіз білдіру |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Тыныштық сәті.**<br>а) «Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісін оқып, мазмұнын дәптердегі сурет арқылы түсіндіру.<br>**ә) Сөздік жұмысы:**<br>*Мұржа – пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік.*<br>*Күлтеле – шоқтау, шоғырлау. Түлкінің күлтеленген құйрығы.*<br>**б) Сұрақтарға жауап беру:**<br>1.Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>2. Қасқыр, Түлкі және Әтеш не салмақ болды?<br>3. Түлкі Қасқыр мен Әтешке қандай тапсырма берді?<br>4. Түлкі өзі не істеді?<br>5. Ертегі қалай аяқталды?<br>**в) Балалардың пікірлері тыңдалады.**<br>**г) «Қасқыр, Түлкі және Әтештің жолын тап» ойыны.** Дәптерге ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолын сызып көрсету.<br>**ғ) Жұмбақ шешу.**<br>Жұмбақтың шешуі: әтеш, түлкі.<br>Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мысалы: әдемі әтеш, қу түлкі. Әтеш шақырады. Түлкінің құйрығы ұзын. Ол күлтеленіп тұрады. | Тыныштық сәтін өткізеді.<br>Ертегіні зейін қоя тыңдайды. Сурет арқылы мазмұндайды.<br>Сөздік жұмысын жүргізіп, жаңа сөздермен танысады.<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>Дәптердегі ойынды ойнап, сызықпен қосады.<br>Жұмбақтың шешуін табады.<br>Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады. |
| **Рефлексия түзетуші** | • Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, әділ, адал болуға үйретеді. Бірлік болған жерде кез келген жұмысты да аяқтауға болады. | Ертегінің мазмұнын меңгереді. Мазмұндап айтуды үйренеді. |

**Біледі**:. ертегі мазмұнын, кейіпкерлерін.

**Игереді**:. қоршаған ортаға мейірімді болуды.

**Меңгереді**:ертегінің мазмұнын меңгереді.

Тексерілді: [signature]

Күні:. 18.03.2022ж

**Тақырыбы:** М. Етекбаевтың «Нан қайдан келеді?» ертегісі

**Мақсаты:** 1. Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып, ертегінің мазмұнын түсіндіру.

**Көрнекілік құралдар**: бидай суреті егін қырман суреті т.б.

| Іс-әрекет бөлімдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивация қозғаушы** | Шаттық шеңбері. | Жақсы тілектерін айтып, амандасады. |
| **Ізденістер. Ұйымдастырушы** | **Суретпен жұмыс:**<br>-Мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>- Нанды неден пісіреді?<br>- Ұнды қалай жасайды?<br>- Мынау бидайдың сабағы, масағы, мұртшалары. Егер бидайдың қауызын аршитын болсақ, ішінен бидайдың дәні шығады. Бидайды ұнтақтаса, ұн болады. Наубайханада осы аппақ ұнға тұз, су, ашытқы араластырып, қамыр илеп, нан пісіреді.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Наубайхана – нан пісіріп, жабатын орын.*<br>*Наубайшы – наубайханада нан пісіретін адам.*<br>*Диірмен – дәнде-дақылдарды тартып, ұн шығаратын кәсіпорын.*<br>*Комбайн – әр алуан дақылдарды жинап, бастыруға арналған машина.*<br>**Жұмбақ шешу:** Қыр басында әрқилы,<br>Сары теңіз толқиды (Егін).<br>• Балалар, диқан сөзін қалай түсінесіңдер?<br>• Диқан – егін шаруашылығымен айналысатын адам.<br>**Сергіту сәті**: Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактор мен комбайн<br>Жүргізуге мен дайын.<br>**Дәптермен жұмыс:** «Нан қайдан келеді?» ертегісін оқып беріп, түсіндіру.<br>Ертегіні бөлім-бөлімге бөліп оқып, сұрақтар қою. | Суретке қарайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Бидай туралы әңгімені тыңдайды. Өз ойларын ортаға салады.<br>Жаңа сөздермен танысып, еске сақтайды.<br>Жұмбақты шешеді.<br>-егін<br>Сұраққа жауап береді.<br>Сергіту жаттығуын қимылмен орындарынан тұрып орындайды.<br>Ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. |
| **Рефлексиялық түзетуші** | -Тышқанды қандай сұмдық мазалады?<br>- Нан қайдан келеді?<br>- Тышқан сұрағына жауап ала алды ма?<br>- «Нан – байлық, нан - береке» деп халқымыз бекер айтпаған. Қаншама адам еңбек етеді. Сондықтан олардың еңбегін құрметтеуіміз керек. | Сұрақтар мен тапсырмаларды орындайды.<br>Нан туралы білетіндерімен бөліседі. |

**Біледі:** нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын

**Игереді:** нанды қастерлеу керектігін.

**Меңгереді:** адамдардың еңбегін құрметтеуді.

Тексерілді

Күні: 25.03.2022ж

Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың грамматикалық тілін театрланған қызмет амалымен қалыптастыру.Ертегі кейіпкерлері арқылы баланың тілін,ойын дамыту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.Балаларды мейірімділікке,кішіпейілдікке,шыншыл болуға тербиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

| Іс-әрекет кезеңдері. | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Музыка «Ертегілер елінде»<br>Балалар,біз қайда келдік?Қай ертегіге келдік? | Музыканы тыңдайды. «Ертегіге енеді»<br>Біз ертегі еліне келдік. «Алтын сақа ертегісіне келдік». |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | **Ертегі тамашалау.**<br>«**Алтын сақа**» ертегісінің желісімен тапсырмалар орындау.<br>1.«Таусоғар» тапсырмасы<br>2«Саққұлақ»тапсырмасы<br>3.«Сутауысар»тапсырма-сы<br>4. «Желаяқ» тапсырмасы | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, тамашалайды.Кендебайды құтқаруға аттанады.<br>Балалар таусоғарға келеді,одан көмек сұрайды<br>Балалар рольге бөлініп шалқан ертегісін сахналайды.<br>Балалар саққұлаққа келіп, көмек сұрайды.<br>Игровизормен жұмыс:Ертегілерді сәйкестендіру<br>Сутауысардан көмек сұрайды.<br>Ертегі кейіпкерлерін құрастыру.<br>Балалар таяқшалар арқылы ертегі кейіпкерлерін құрастырады.<br>Трек схема бойынша сөйлем құрастыру.Балалар схема бойынша толық сөйлемдер құрастырады. |
| **Рефлексивті-коррекциялау** | 5.«Мыстан кемпірдің»<br>тапсырмасы.Қорытынды | Ертегі кейіпкерлерін сол ертегіде кездесетін заттармен сәйкестендіру.(мысалы:Мынау тауық.Мынау етеш.Бұл « Шұбар тауық» ертегісі т.б.) Балалар осылайша досын құтқарады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: Ертегі мазмұнын,оның мағынасын

Игереді: Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсіз мінездерін
Меңгереді: Сұраққа толық жауап беріп, схемаларды еркін қолданадуды

Тексерілді: [signature]

Күні: 1.04.2022 ж

**Тақырыбы: «Торғай мен түлкі» ертегісі**
Мақсаты: Балаларды «Торғай мен түлкі» ертегісін айтып беру.. Үлкендердің сөзін тыңдай білуге, түсінуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға әдеттендіру. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту.
Көрнекіліктер: Торғай, түлкінің кейіпкерлері – үстел үсті театры. Үлестірмелі суреттер: қоян, аю

| Іс-әрекет кезеңдері | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса, алтын күн,<br>Жаса, жаса, жарқын күн. | Шаттық шеңберін қайталап, тәрбиешімен бірге қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | -Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?<br>«Торғай мен түлкі» ертегісі<br>Баяғыда торғай мен түлкі дос болыпты. Түлкі:<br>-Торғай бауырым, екеуміз бірлесіп егін ексек қайтеді?- депті. Сөйтіп екеуі егін егіпті. Егіндері жайқалып, жақсы шығыпты. Бір күні егендерін орып, жинап алу үшін екеуі таңсәріден тұрып егістікке келеді. Түлкі:<br>-Торғай бауырым, сен астықты ора бер. Мен сонау төбеге шығып, аспанды тіреп, ұстап тұрайын. Әйтпесе төбемізге құлап кетіп жүрер, - деп қорқытады.<br>Жарайды, - дейді торғай егінді оруға кіріседі. Түлкі төбеге шығады. Аспанды ұстап тұрған секілденіп, алдыңғы екі аяғын жоғары көтеріп, шоңқиып отырып қалады.<br>Торғай: - Түлкі, түлкі қане бері кел, енді астық басайық, - дейді.<br>-Торғай, мен тұра бермесем болмас. Аспан құлап кетіп, бидайымызды басып қалар. Астықты өзің баса берсеңші, - дейді түлкі.<br>Торғай астық басып, содан соң бидайды тазалап болып:<br>-Түлкі бері кел, бидайды бөлісіп алайық, - дейді.<br>Мұны естіген түлкі жетіп келеді. Ол жеке шелекті алып:<br>-Міне саған бір шелек, ал маған екі шелек. Өйткені мен аспанды ұстап тұрдым емес пе? Бұл әлдеқайда ауыр жұмыс қой, - дейді.<br>Торғай үн қатпайды. Өз еншісіне тиген бидайды алады да, басы ауған жаққа кете барады. Жолда оған бір ит жолығып:<br>-Сен неге көңілсізсің? – деп сұрайды. | Балалар ертегіні тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Торғай өзінің түлкіден көрген қорлығын айтып береді.<br>Құдың мына қулығына ызаланған ит:<br>-Жүр мені, астық қоймасына ертіп апар, - дейді. Торғай итті түлкінің қоймасына алып келеді. Ит қоймаға кіріп, бидайға көміліп, түлкіні аңдып жатады. Келесі күні түлкі де келіп, диірменге тарттырып алмақ болып, бидайын қаптай бастайды. Бір кезде астық арасынан иттің құлағы көрінеді. Түлкі: «Мұны жеуге болатын нәрсе екен» деп ойлайды да, қауып кеп қалады. Осы кезде ит арс етіп шығып, түлкінің өзіне тап береді. Зәресі ұшқан түлкі әзер дегенде қашып құтылады.<br>-Балалар біз бүгін «Торғай мен түлкі» ертегісімен таныстық. Ендеше ертегі кейіпкерлерін қайталап айтайық.<br>-Түл-кі<br>-Тор-ғай<br>-Балалар, білесіңдер ме, түлкі өте құ аң. Ал торғай момын, тез алданып қалатын | |

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Торғай мен түлкі ертегісі..

Нені игерді:Жаңа сөздердің мағынасын игеру.

Нені біледі:Ертегіні толық түсіну.

Тексерілді: [signature]

8.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

**Мақсаты:** Халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>-Сендер ертегі елін ұнатасыңдар ма?<br>-Олай болса сендермен сиқырлы сандықтағы суреттермен танысайық.<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Күзде қандай өзгерістер болады екен? | Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Ұнататындарын айтады.<br>Қызығушылық танытады.<br>Суретте күз мезгілі бейнеленген<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін атайды. |
| **Ұйымдастыру-ізлестіру** | **Жұмбақ** жасырады.<br>1.Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>Ол не?<br>2. Өзі айлакер қу,<br>Жүрген жері айқай шу.<br>3. Қанды сорып алады,<br>Лезде тойып қалады.<br>Ол не?<br>4. Аузынан от шашады,<br>Сумаңдаған тілі бар.<br>Бұраңдаған ізі бар,<br>Тіл ұшында уы бар.<br>Ол не?<br>Әр жауапқа сиқырлы сандықтан тақтаға суреттерді қойып отырады.<br>-Құстар туралы қандай әңгімелер, ертегілер білесіңдер?<br>-Қарлығаш қай кезде ұшып келеді? | Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Қарлығаш, -деп жауап береді.<br>Түлкі екенін айтады.<br>Маса<br>Айдаһар, деп жауап береді.<br>Қызығушылықпен қарайды.<br>Балалардың еркін жауабы.<br>Қарлығаш көктем мезгілінде ұшып келеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қарлығаштың құйрығы неге айыр, білесің-<br>дер ме?<br>Қарлығаш туралы аңыз ертегіні тыңдауды сұрайды.<br>Ертегінің аты «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?». Ерегіні оқып береді, мазмұнын түсіндіреді.<br>**Ертегі бойынша сұрақтар қояды:**<br>-Ертегіде не жайында айтылған?<br>-Балалар, ертегі қалай басталады?(білмесе өзі айтады)<br>-Түлкі не деп айтты?<br>-Маса не істеді?<br>-Адамдарға не көмектесті<br>-Ендеше балалар адамның досы айдаһар ма, әлде қарлығаш па?<br>**Сергіту сәті**<br>-Қазақ халқында қарлығашты қандай құс деп<br>есептеген?<br>-Дұрыс, сондықтан оған жамандық жасамайды, ұясын бұзбайды.<br>-Ертегіде қандай оқиғаны жақсы іске, қандай оқиғаны жаман іске жатқызар едіңдер<br>- | Қызығушылық танытады.<br>Мұқият тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Қарлығаш пен айдаһар туралы.<br>«Бұлт шалған биік бастарын, таулардың жайрап тастарын, айдаһар өмір сүріпті, патша боп көп жыл тұрыпты».<br>-Адамның қанын ішсең жазыласың,- деді.<br>Баланы шағып алады.<br>Адамдарға қарлығаш көмектесті.<br>Адамның досы қарлығаш.<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тікке ұшады,<br>Қарлығаштар қанатын<br>Самғап-самғап ұшады.<br>Қасиетті құс деп санаған<br>Қарлығаш адамдарға көмектесіп, жақсы іс жасады, маса баланы шағып қанын айдаһарға апармақшы болды, ол жаман іс. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Бүгін қандай ертегі оқыдық?<br>-Ертегі сендерге ұнады ма??<br>**Тыйым сөз:**<br>-Көк шөпті жұлма.<br>-Құстың ұясын бұзба.<br>- Жұмыртқасын жарма<br>Өсіп тұрған ағаштарға гүлдер жапсыру (Ақ гүлдерді-қарлығашқа, қара гүлді айдаһарға) | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқыдық<br>Балалардың еркін жауабы.<br>Тыйым сөздерді жаттауға тырысты. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** Ертегі мен әңгімені ажыратуды.

**Болу керек:** Ертегіні тыңдай білу дағдылары, достық, мейірімділік қасиеттері.

**Істей білу керек:** Тәрбиешінің сұрағына толық жауап беруді, ертегіні есте сақтап мазмұндауды.

Тексерілді

Күні: 15.04.2022ж

**Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегі**
**Мақсаты:** 1. Ертегі мазмұнын түсіндіру. 2. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. .
**Көрнекіліктері:** ертегі мазмұнына сәйкес салынған сурет.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиеші әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **І. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Шаттық шеңберін ұйымдастыру.**<br>Өтті қызық көп күндер, Алты жасқа жеткендер. Өсті ақыл ойларың<br><br>Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. | |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **2) Тыныштық сәті.** - Ертегі – бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам үшін түрлі нәрселер істей алуы мүмкін. Ертегі де сиқырлы құралдар бар. Жануарлар, аңдар туралы қандай ертегі тыңдадыңдар? Естеріңе түсіріңдер. (Балалар көздерін жұмып, ата-аналарынан немесе басқа ересектерден тыңдаған ертегілерін естеріне түсіреді. Бір-екі бала естеріне түсірген ертегілерінің мазмұнын қысқаша айтып береді).<br>**2. Негізгі бөлім. «Қасқыр, түлкі және қоян» ертегісі.**<br>**а) Тәрбиеші дауыс интонациясын дұрыс қойып, мәнерлеп оқиды,** мазмұнын дәптердегі сурет арқылы түсіндіреді.<br>**ә) Сөздік жұмысы:** Шаһар – қала. Мұржа – пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік. Күлтеле – шоқтау, шоғырлау. **Түлкінің күлтеленген құйрығы.**<br>**б) Сұрақтарға жауап беру.** 1. Ертегі кейіпкерлерін атаңдар. 2. Қасқыр, Түлкі және Әтеш не салмақ болды? 3. Түлкі Қасқыр мен Әтешке қандай тапсырма берді? 4. Түлкі өзі не істеді?<br>**5. Ертегі қалай аяқталды? в) Балалардың пікірлерін тыңдау.** - Балалар, сендерге ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнады, қайсысы ұнамады? Шаһар салу үшін не істеу керек еді? Балалардың үлгі жауабы: - Маған Қасқыр мен Әтеш ұнады. Өйткені екеуі де Түлкінің айтқан тапсырмасын орындады. Екеуі де еңбекқор екен. Ал Түлкі ұнамады. Өйткені Қасқырды орманға жұмсап жіберіп, Әтешті жеп қойғысы келді. - Шаһар салу үшін үшеуі де тату-тәтті болу керек еді. Бірігіп еңбектенсе, шаһарды салып шығатын еді.<br>**г) «Қасқыр, Түлкі және Әтештің жолын тап» ойыны.**<br>Дәптерге ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолды сызып көрсету.<br><br>**ғ) Жұмбақ шешу.** Жұмбақтың шешулері: әтеш, түлкі.<br>Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату. Мысалы: әдемі әтеш, қу түлкі. Әтеш шақырады. Түлкінің құйрығы ұзын. Ол күлтеленіп тұрады. | Кіріспе әңгімені тыңдайды<br><br>Сурет бойынша әңгімелейді.<br><br>Сөздік<br><br>жұмыс жасайд<br><br>Балалар дидактикалық<br><br>ойынды ойнайды.<br><br>Жұмбақ шешеді. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | **ІІ. Оқу іс-әрекетін қорыту. Ертегі мазмұнын мазмұндау.**<br>- Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, әділ, адал болуға үйретті. Бірлік болған жерде кез-келген жұмысты да аяқтауға болады. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені біледі:** сурет бойынша ертегі мазмұнын түсіндіру.
**Қандай түсініктерді игерді:** сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.

Тексерілді: [signature]

**Күні:** 22.04.2022ж

**Тақырыбы:** «Жалқау мысық» ертегі оқу

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ересектермен қарым-қатынастың ережелерін сақтауға үйрету, жалқаулық жаман әдет екенін кішкентай кездерінен ұғындыру, жанұрлық қатынасты білдіруді иметтуді жалғастыру.

**Көрнекі құралдар:** слайд, саусақ театры.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс- әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Тілек шеңбері:<br>Тілек шеңбері арқылы балалар бір– біріне жылы лебіздерін білдіріп, жарқын көңіл – күй, достық сезім сыйлайды | Жарты шеңбер болып отырады.<br>Бір– біріне жылы лебіздерін білдіреді |
| Ізденү - ұйымдастырушы | Балалар, кане назар салып тыңдаңдар!<br>Ерте, ерте, ертеде. Ешкі жүні бортада<br>Қырғауыл жүні қызыл еді....– деп неңі бастаймыз?<br>Жұмбақ:<br>Өзі жап жас мұрты бар,<br>Ет пен сүтке құмтылар.<br>Тастопайды жылы үйді,<br>Түкті тоны шұп- шұбар. Бұл не?(Мысық)<br>«Жалқау мысық» ертегісін айтып береді<br>- Мені мұқият тыңдаңдар.<br>- Ертегі қалай аталады?<br>- Қожайын үйге не әкелді?<br>- Тышқандар қап толы бидайды не істеді?<br>- Бидайды жеп жатқан тышқандарды көргенде мысық не істеді?<br>- Қожайын мысығына не істеді?<br>**Сергіту сәті:**<br>Ай шыңшық, ай шыңшық,<br>Мысық қалай жүреді?<br>Мысық былай, мысық былай.<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ай шыңшық, ай шыңшық,<br>Тышқан былай, тышқан былай.<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ай шыңшық, ай шыңшық,<br>- Сауысқан қалай ұшады?<br>- Дәл осылай ұшады. | Назары тәрбиешіде.<br>Тәрбиешіні мұқият тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>- Ертегіні бастаймыз.<br>Жұмбақты шешеді<br>Ертегіні тыңдайды<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Сергіту сәтін орындайды<br>Балалар шеңберді айнала жүріп әр жануарлардың, құстың қимыл-қозғалыстарын келтіреді |
| Рефлексті - түзетуші | Оқу іс-әрекеті бойынша сұрақтар қойылады. | Сұрақтарға жауап береді |

Күтілетін нәтиже:

**Білуі керек:** «Жалқау мысық» ертегісін білу керек.

**Болуы керек:** Қамқоршылығы болу керек.

**Қолынан келуі керек:** Тыңдап және сұрақтарға толық жауап беру керек.

Тексерілді.

Күні: *29.04.2022ж.*

**Тақырыбы:** Буынға бөлу .Күшік пен мысық (ертегі)

**Мақсаты:** балаларды ертегіні рөлге бөліп айтуға,сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын,дауыс көркемділігін дамыту; балаларды үй жануарларды қорғай білуге үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** күшік пен мысықтың үлгі суреті,жұмыс дәптері,атрибуттар..

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар бүгін бізге мысық пен күшік қонаққа келіпті. Ері қонағымызға үстел басына отырғызайық.<br><br>Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?<br><br>Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер,олар қандай тамақ жейді?<br><br>Мысықтың дауысын кім салып береді? | Балалар келген қонақтарға назар аударады.<br><br>Үйінде бар балалар айтады.<br><br>Мен мысығыма сүт беремін.Ал күшігім етті жақсы көреді.Мен өзімнің мысығымның дауысын саламын.Ол «мияу-мияу» деп миялайды.<br><br>Менің күшігім «вуп-вуп» деп үреді. |
| **Іздену-ұйымдастырушы** | Тәрбиеші күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.<br><br>Балалар сендер нені суретін көріп отырсыңдар?<br><br>Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br><br>«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br><br>Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br><br>Ал мысықтың баласын «марғау» деп атаймыз?<br><br>Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?<br><br>Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы?<br><br>«Ақтос»пен «Мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br><br>Қазір «Күшік пен мысық» ертегісінмәнерлеп оқып беремін.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Керіледі мысық<br><br>Көзін жаймен қысып<br><br>Жүгіреді күшік<br><br>Аула ішін кезіп<br><br>Дидактикалық ойын:<br><br>«Ертегі кейіпкерлерін тауып,олардың жүрісін сал»<br><br>Ойын шарты:ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | Күшік пен мысықтың суретін көрсетіп отырмыз.<br><br>Күшіктің анасы ит.<br><br>Ит сөзі бір буыннан тұрады<br><br>Марғаудеп ат қояды<br><br>Ақ тос, ма-мық<br><br>Балалар ертегіні мұқия қойып тыңдады.<br><br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл қозғалыстар жасайды.<br><br>Ертегі кейіпкерлерінің<br><br>жүрісін салады |
| **Рефлексті коррекциялаушы** | Балалар сендер қандай ертегіні сахналадыңдар?<br><br>Ертегідегі кейіпкерлерді атаңдаршы? | «Күшік пен мысық» ертегісін<br><br>Қасқыр,күшік,мысық,түйе,сиыр |

**Күтілетін нәтиже:**

**Орындайды:** ертегіні сахналап,ертегі кейіпкерлері атауларын буынға бөлуді.

**Түсінеді:**ертегі мазмұнын,бір буында бір дауысты дыбыс болатын.

**Қолданылады:** жануарлардың дауыс ырғағын келтіріп,олардың жүрістерін сала білу дағдыларын.

*Тексерілді: [signature]*

Күні: 6.05.2022ж

**Тақырыбы: «Түлкі мен тырна»** ертегісі.
**Мақсаты:** ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық,қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажырату.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің оқу қызметі | Балалардың оқу қызметі | |
|---|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Біз әдепті баламыз<br>Біз ерекше баламыз<br>Үйге қонақ келгенде<br>«Сәлеметсіз бе!» -деп<br>Амандасып аламыз. | Балалар шеңбер бойына тұрып шаттық шеңберін орындайды. | |
| **Ұйымдастырушы іздену** | - Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Сендер менімен бірге саяхатқа шыққыларың келе ме?<br>Олай болса мен сендерді ертегілер еліне саяхатқа шақырамын(балаларды әуен ырғағымен поезд тәріздес етіп жүргіземін)<br>**Таңғажайып сәт.**<br>Балалардың алдынан ертегілер елінің ханшайымы шығады.<br>**Ханшайым:**<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар?Мен сендерді көріп қуанып тұрмын.Сендер қандай мақсатпен ертегілер еліне келдіңдер?Сендердің келгендерің өте жақсы болды.Маған сендердің көмектерің өте қажет болып тұр. Олардың кім екенін жұмбақтар шешу арқылы біле аламыз.Сендер көмектесесіңдер ме балалар?<br>**Жұмбақтар шешу:**<br>1 Өзі айлакер, өзі қу.<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>2 Көкте ұшады тізіліп,<br>Біз қараймыз қызығып.<br>Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді.<br>-Балалар бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар.<br>«Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.<br>**Ханшайым:**<br>Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна өмір сүріпті. Бір күні олар орманда кездесіпті. Екі дос бірін-бірі қонаққа шақырыпты.<br>-Досым тырна маған қонаққа кел, сен үшін бәрін дайындап қоямын -деді түлкі.<br>Тырна түлкіге қонаққа келді.Түлкі ботқа пісіріпті Ботқаны тарелкеге салып тырнаға берді.<br>**Ханшайым:**<br>Тырна тарелкені тырс-тырс еткізіп ботқаны жей алмады.<br>**Түлкі:**<br>-Менде басқа ештеңе жоқ,тамақтан досым.<br>**Тырна:**<br>-Рахмет, досым енді мен сені қонаққа шақырамын.<br>**Ханшайым:** | Балалардың жауабы.<br>-Сәлеметсіз бе, ханшайым.<br>-Ие, көмектесеміз.<br>Балалар жұмбақты шешеді.<br>-түлкі<br>-тырна | |

| | | |
|---|---|---|
| | Ертесіне тырна түлкіні қонаққа шақырады.Етті картоппен қуырып, құмыраға тамақты салып береді.<br>**Тырна:**<br>-Тамақтан сүйікті досым -деді.<br>**Ханшайым**: түлкі құмыраға басын былай салып, былай салып бірақ жей алмайды.<br>**Түлкі:**<br>-Сен қонақты қалай қарсы алуды білмейсің ба?- деп ашуланып кетіп қалады.<br>**Ханшайым:**<br>Содан бері екі дос бір-біріне ренжіпті.Осымен ертегіміз аяқталды<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Бұл жерде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Түлкі тырнаны қонаққа шақырғанда қандай ыдыспен тамақ берді?<br>-Тырна іше алды ма?<br>-Ал тырна түлкіге не істеді?<br>-Ертегі кейіпкерлері бір-біріне ренжіп қалды.Оларға достық жетіспейді<br>-Балалар біз тырнаны достастырсақ қайтеді.<br>Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Саусақтар шыншыр болады,<br>Үзілмейді тартсаңда.<br>Ал,піл келіп шыжыырды,<br>Үзіп кетті басқанда<br>Тұмсығымен доп іздеп,<br>Ойнағысы келіп тұр.<br>Достық үшін пілге мен,<br>Гүл сыйлағым келіп тұр<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Не артық?»*<br>:<br>түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді қосу арқылы көрсету.<br>Ханшайым балаларға рахметін айтып оларға өз сыйлығын табыс етеді.музыка әуенімен балабақшаға оралу. | Балалар ертегіні түсініп тыңдайды.<br>Балалардың қызығушылық сезімдері оянады.<br>-Иә, ұнады, өте қызықты болды.<br>-Тәрелкемен тамақ берді<br>-Тырна іше алмады<br>-Тырна түлкіге құмырамен тамақ берді.<br>Балалар қимыл-қозғалыс арқылы өлең жолдарын қайталап айтад<br>-Иә, дайынбыз.<br>Балалар суреттарға толық жауап береді.<br>Балалар берілген тапсырманы орындайды. |
| **Рефлексивті түзетуші** | -Бүгін біз не істедік? Не көрдік? қайда бардық?<br>-Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар.<br>Мадақтау! | -ертегілер еліне саяхатқа бардық.<br>-түлкі мен тырнаны көрдік.<br>- берген тапсырмаларын орындадық. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені біледі:** жасайды, ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.
**Түсінеді**: кейіпкерлердің дұрыс еместігін.
**Қолданады:** достық сезін түсініп, бір-біріне қамқор болуды.

Тексерілді

Күні: 13.05.2022ж.

**Тақырыбы:** Ертегілер еліне саяхат

**Мақсаты** Ертегі, ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру;

**Қолданылатын көрнекіліктер, құрал-жабдықтар:** Слайд, ертегі кейіпкерлерінің муляждары, суреттер, ермексаз, тақтайша, пластик қасықтардың бастары.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br><br>Күн шығыпты, алақай<br><br>Қуанатын күн бүгін<br><br>Қайырлы таң, қайырлы күн<br><br>Күліп шықты күн бүгін<br><br>Бәріміз күндей жарқырайық<br><br>Бәріміз тату болайық! | Балалар шеңберге тұрып, бірге қайталайды. |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | Балалар бүгін бізде өзгеше сабақ болады. Осы уақытқа дейін көп ертегілермен танысып, естіп білдік. Енді біз сиқырлы поезға отырып барлығымыз «Ертегілер еліне» аттанайық.<br><br>• І-ші аялдамаға да келдік, балалар, қане, тақтадағы суретке қарап қандай аялдама екенін тауып көрейікші.<br><br>• Қане, балалар, «Шалқан» ертегісін есімізге түсірейік.<br><br>**Дидактикалық ойын «Шалқан»**<br><br>Фетрға ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді жапсыру.<br><br>• Ал, балалар, енді саяхатымызды жалғастырайық.<br><br>*Поезбен саяхатқа аттанады.*<br><br>**Сұрақ-жауап:**<br><br>1. Үйшікке бірінші болып кім келеді?<br>2. Тағы кімдер келеді?<br>3. Соңынан кім келеді?<br><br>Аю топқа көңілсіз, жылап келеді.<br><br>• Аютай-ағатай, саған не болды, неге көңілсізсің?<br><br>Аю: - Мен үйшікті бұзып алдым. Соған көңіл күйім болмай, мазам қашып тұр. Сендер маған | Балалар бір-бірінің иығынан ұстап поездың дыбысымен саяхатқа аттанады.<br><br>Тақтадағы ертегі суреттеріне қарап балалар «Шалқан» ертегісі деп жауап береді.<br><br>Нұрай «Шалқан» ертегісін айтады. Топ балалары «Шалқан» ертегісін ретімен жапсыру ойынын ойнайды.<br><br>• «Үйшік» ертегісі<br><br>• Тышқан.<br><br>Балалардың жауабы.<br><br>• Аю.<br><br>• Әрине көмектесеміз.<br><br>Балалар аюмен бірге тақтаға қарап сергіту сәтін орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | көмектесесіңдер ме, балалар?<br>• Олай болса алдымен аюды көңілдендіріп алайық.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ырғақты әуенмен тақтаға қарап балалар сергіту сәтін жасайды<br>• Ал, балалар, енді аюдың үйін құрастыруға көмектесейік.<br>Аю: - Балалар, мен сендерге ризамын. Рахмет сендерге. Алғысым шексіз. Балалар сендерге келе жатып терген алмаларым бар еді, соны өздеріңе алғысым деп білерсіздер. Сау болыңдар.<br>*Балалар иықтарынан ұстап саяхатқа қайта шығады.*<br>• . *Тауқтың дауысы шығады. Әуенмен залға тауық келеді.*<br>• Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен өзімнің балапандарымды жоғалтып алдым. Сендер маған балапандарымды табуға көмектесіңдерші.<br>Балалар шығармашылық саласы бойынша дәстүрден тыс әдіспен тауықтың балапандарын жасауға кіріседі. | Балалар аюдың үйшігін құрастырып береді.<br>Балалар аюмен қоштасады. Шығарып салады.<br>• «Шұбар тауық»<br>Балалар тауықпен амандасып, балапандарын табуға көмектеседі.<br>Балалар балапандарды ермексаз бен пластик қасықтың бастарын қолдану арқылы жасайды.<br>Балалар тауықпен қоштасады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | • Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма?<br>• Біз бүгін қайда саяхатқа шықтық?<br>• Қандай аялдамаларға тоқтадық<br>• Аюға қалай көмектестік?<br>• Ал тауыққа ше? | • Иә<br>• Ертегілер еліне<br>• «Шалқан», «Үйшік», «Шұбар тауық»<br>• Үйшігін тұрғызып бердік.<br>• Балапандарын тауып бердік. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегілерді өз беттерімен айта алады.

**Игереді:** Қолданбалы материалдардан балапан мүсінін жасауды игерді.

**Меңгереді:** Үш тілде ертегі кейіпкерлерін атай білуді меңгерді.

Тексерілді

Күні: *20.05.2022ж*

**Тақырыбы:** Шаруа мен аю

**Мақсаты:** ертегі мазмұнын жеке түсіндіріп,оны тыңдауға деген қызығушылығын арттыру, өз ойын қиялмен ұштастыру.

**Көрнекілік.**ертегі желісі бойынша шаруа мен аюдың суреті,жұмыс дәптері,түрлі-түсті қарындаш.

| Оқу іс-әрекеті | Педагогтың іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі ақ тілек. | Балалар, қамшыны бір-біріне бере отырып жылы лебіздер айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Кіріспе әңгіме.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. Ол не?<br>«Шаруа мен аю» туралы ертегімен таныстырады.<br>Сұрақ жауап.<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?т.б.<br>Ертегіні рөлге бөліп ойнау.<br>Сергіту сәті:<br>Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. | -Аю<br>Балалар ертегіні тыңдайды.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Сергілу сәтін орындады.<br>Дәптермен жұмыс жасады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Шалқан жердің астында жатады. Жапырақтар жердің бетіне шығады. Бидай дәні масақта болады. Сабағын жемейді.Бидайдан ұн жасап ,түрлі тағамдар жасайды. | Балалар,ертегімен танысып,мазмұнын айтып бере алады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Орындайды:** ертегіні тыңдай отырып,еске түсіреді,ертегіні рөлге бөліп орындайды.

**Түсінеді:** шаруаның ақылды,аюдың аңқау екенін түсінеді

**Меңгереді**:Ертегі желісі бойынша сахналауды

*Тексерілді.*

**«Балаби» бөбекжайы МКҚК**

**«Балапан» ортаңғы тобы**

# «Ойнайық та ойлайық»

**Вариативтік компонентінің перспективалық тақырыптық жоспары**

**2021-2022 жыл**

Scanned with ACE Scanner

**Бекітемін:**
**Төлеби ауданының адами**
**Әлеуетті дамыту бөлімінің**
**«Балаби» бөбекжай»**
**МКҚК меңгерушісі**
**Л.А. Ахметова**

## «Ойнайық та, ойлайық

## Вариативтік компонентінің преспиктивтік тақырыптық жоспары

| Р/с | Тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Ойлаймыз да, ойнаймыз» | Балалар ойын түрлерін атап көрсетіп, жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. | 1 |
| 2 | «Ойлаймыз да, ойнаймыз» | Балалар ойын түрлерін атап көрсетіп, жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. | 1 |
| 3 | «Қоянды тап» | Балаларға суреттің ішінен қоянды тауып қоршап сызуға баулу. | 1 |
| 4 | «Қоянды тап» | Балаларға суреттің ішінен қоянды тауып қоршап сызуға баулу. | 1 |
| 5 | «Өз үйіңді тап» | Балаларға өз үйлері туралы мағлұмат беру. Пілге үйін тауып беруге көмектесу. Ойлау қабілетін дамыту. | 1 |
| 6 | «Өз үйіңді тап» | Балаларға өз үйлері туралы мағлұмат беру. Пілге үйін тауып беруге көмектесу. Ойлау қабілетін дамыту. | 1 |
| 7 | «Сыңарын тап» | Балаларға суреттердің ішінен сыңарын табуға үйрету. Сенсорлық қабілетін дамыту. | 1 |
| 8 | «Сыңарын тап» | Балаларға суреттердің ішінен сыңарын табуға үйрету. Сенсорлық қабілетін дамыту. | 1 |
| 9 | «Үй құстары» | Балаларды үй құстары мен балапандарын ажыратуға, олардың қалай дыбыстайтынын, олардың қайда тіршілік ететінін айтқызу. Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | «Қарап ал да, есіңе сақта?» | Балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. | 1 |

Scanned with ACE Scanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | «Телефон» | Естіген сөзді екінші, бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту. | 1 |
| 13 | «Жалпы атауын ата?» | Балаларға заттарды жеке – жеке таныта келе соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа баулу. | 1 |
| 14 | «Жеке атауын ата?» | Көкөністердің аттарын жеке – жеке атап түстерін, пішіндерін ажырата білу. Жалпы мен жеке атаудың мағынасын түсіндіру. | 1 |
| 15 | «Бірдей геометриялық пішіндерді тап» | Балаларға геометриялық пішіннің қасиетін білуді жаттықтыру. Берілген затты геометриялық пішіндер арқылы цифр жасап салыстыра құрастыруға үйрету. | 1 |
| 16 | «Біздің көңіл күйіміз» | Балаларды суреттегі бет – әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 17 | «Кім көңілді?» | Балаларды берілген заттарды реттеп тізбектеп қоюға үйрету. | 1 |
| 18 | «Заттың атын ата» | Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. | 1 |
| 19 | «Қарама -қарсы сөздер» | Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын қарама – қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. | 1 |
| 20 | «Орнын тап» | Балаларға берілген заттардың жетіспейтін бөліктерін тез табуға үйрете отырып, байқағыштық қабілеттерін дамыту. | 1 |
| 21 | «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» | Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі сөйлеуге баулу. | 1 |
| 22 | «Біз де» ойыны | Баланың ой – өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру. | 1 |
| 23 | «Жасырын жауабын шеш» | Балаларға жасырылған заттың ерекшелігі туралы ұғымды тез түсінуді үйрету. | 1 |
| 24 | «Мамандықтың бәрі жақсы» | Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру. Еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | «Ғажайып орман»<br>а)Суретті анықтау<br>ә) Әңгімелеу | Балаларға үлгі бойынша өз ойларын әртүрлі ғажайып оқиғалар ойлап шығаруға үйрету. | 1 |
| 26 | «Кім жылдам?» | Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс айта білуге машықтандыру. Балалардың сөздік қорын байыту. | 1 |
| 27 | «Бірге ойлап | Сөзге берілген сандарды білуге, қандай сөзді | 1 |

Scanned with ACE Scanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | табайық» | белгілегенімізді үйрету. | |
| **28** | «Суретті таңдап ал» | Балаларды контурлық бейнемен заттардың құрылысын дәл біліп салыстырып айтып беруге үйрету. Байқағыштық пен дәлдікке тәрбиелеу. | 1 |
| **29** | «Нан қалай жасалады?» | Балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру. Нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлеуге тәрбиелеу. Нанды құрметтеуге үйрету. | 1 |
| **30** | «Бұл қай мезгіл?» | Күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын дамыту. | 1 |
| **31** | «Тиісті торға орналастыр» | Антоним сөздер туралы түсінік қалаптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. | 1 |
| **32** | «Дастархан мәзірі» | Балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауын ажыратып атай білуге үйрету. Дастархан мәзірін жасауда қажетті заттарды айтқызу арқылы сөздік қорын байыту. | 1 |
| **33** | «Сөйлемді аяқта» | Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын арттыру. | 1 |
| **34** | «Басқатырғыш» | Балалардың ақыл – ой дамуын жоғарылатып тапқырлық пен ақылдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| **35** | «Дәмін ажырат ? » | Балалдарды сезімталдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| **36** | «Жайлауда» | Балаларды жайлаудағы тіршілікпен таныстыру. Жайлаудағы табиғат ерекшеліктерін әңгімелеп айтқызу. | 1 |
| | **Барлығы** | | **36сағат** |

22 апр 2024 г., 09:24

Scanned with ACE Scanner

## Түсіндірме хат

Ойын дегеніміз — жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Соның ішіде логикалық ойын-төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Сондықтан, логикалық ойынды оқу іс-әрекетінен тыс уақытта пайдалану — үлкен нәтиже берері анық. Дидактикалық ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Себебі, бар өнердің бастауы деп білеміз. Дидактикалық ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық, қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады .Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен, табиғатпен таныстыруда танымдық-шығармашылық ойындар өте маңызды орын алады. Танымдық-шығармашылық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың таным мүшелерін (есту, көру, ойлау, сөйлеу), сонымен бірге, шығармашылық қабілетін дамытуда таптырмас ойын болып табылады. Танымдық-шығармашылық логикалық ойындарды ойлап тауып, оны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді пайдалану тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балаларды жан-жақты дамытуда қатып қалған әдіс-тәсіл жоқ.Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда көбіне танымдық ойындар қолданылады. Танымдық ойындар баршамызға белгілі таным мүшелерін дамытуда, қоршаған ортаны, айналадағы дүниені таныстыруда мақсатты түрде пайдаланылады.Дидактикалық ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады.Белгілі психолог Е. А. Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық балалар өмірін сипаттайтын бірден - бір жалпы ұғым: «Балақай өсімдік сияқты өз ішінен өсіп жетіледі. Және бұл үрдіс қатал түрде әр жеке баланың өзіне ғана тән. Бала тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай».Кезінде К. Д. Ушинский, В. А. Сухомлинскийлер балабақша тәрбиеленушісі – балалық үшін оларды тәрбиелейтіндей орта туғызу, жағдай жасау керектігін атап көрсеткен болатын.

«Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады? Бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады?» деген сұрақтарына жауап іздеп көрелік. Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде жасөспірім деп қарап, баланың мінез құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау,сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек.Балалардың таным мүшелерін және де шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында танымдық-шығармашылық ойындарды қолданудың маңызы зор.

**Мақсаты:**

-Балалардың дидактикалық білім қабілеттерін тексеру, алған білімдерін пысықтау.

-Мұндағы өлең - есептер, ертегі есептер, сөзжұмбақты шешу арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту.

-Пәнге қызығушылығын арттыру. Балалардың өз ойын еркін айта білуге қалыптастыру.

-Балаларды ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

- Туған жерінің табиғатын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

-Балалардың алған білімдерін тиянақтап, одан әрі жетілдіру.

-Балаларға мақалдар, жаңылтпаштар, тақпақтар айтқызу арқылы қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру.

-Дидактикалық ойын арқылы балаларды сергіте отырып, ой - өрістерін дамыту. Қойылған сұрақтарға толық жауап алу арқылы сөздік қорларын байыту.

-Балалардың туған жеріне, еліне деген патриоттық сезімдерін ояту.

**Міндеттері:**

Scanned with ACE Scanner

- Дидактикалық ойындарды қалыптаструда математикалық ұғымдарды, зандылықтарды негізгі тірек ретінде пайдалана білу;
- математикалық дидактикалық материалды түсіндіру кезінде күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, тақырыпқа сай тәрбиелеу;
- шығармашылықпен байланысты практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, есептеу мәдениетін дамыту

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Бағдарламаның ерекшелігі оқу нәтижесінде балалар өтілген материал мен логикалық ойындар шеңберінде тәрбиешінің басшылығымен білім, білік икемділік дағдыларын қалыптастыру.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады.
3. Дидактикалық ойлау және дидактикалық материал қолдану барысында балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, ақыл – ойын дамытады.
4. Балалар өздерін дидактикалық ойындарды ойнау барысында бақылайды, салыстырады, зеректік танытады.

Scanned with ACE Scanner

**Бекітемін:**
**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балаби» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын меңгерушісі ________ Л.А.Ахметова**

# «Балауса» ересек тобы «Сурет саламыз»

## вариативтік компоненті

***2021-2022 оқу жылы***

**Ересек тобына арналған "Сурет саламыз" вариативтік компонент**

**Түсінік хат**

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы,бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды. Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен , оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.
Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. II кішкентайлар тобында сезімдік және құрастыру жұмыстарын орындау барысында баланың математикалық қарапайым ұғымдар жөніндегі түсініктері қалыптасады.Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс –әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.
Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.
**Міндеттері:** -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;
Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;
Қандай түсініктерді игерді: Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б ) толық меңгеру:
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

# "Сурет саламыз" вариативтік жоспар

| Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары | Мақсаттары | Сағат саны |
|---|---|---|
| | **Қыркүйек** | 1 |
| **«Алтын күз»** | Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру. | 03.09 |
| **«Түрлі түсті таспалар»** | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1<br>10.09 |
| **«Түлі түсті орамал»** | Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 1<br>17.09 |
| **« Бұлт күнді жапты»** | Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1<br>24.09 |
| | **Қазан** | 1 |
| **« Кілемше»** | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 01.10.21 |
| **«Кесені әшекелейміз»** | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1<br>8.10.21 |
| **«Сүлгіні әшекейлеу»** | Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. | 1<br>15.10.21 |
| **«Тікенекті кірпі»** | Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1<br>22.10.21 |
| | **Қараша** | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| «Тәрелкені әшекейлеу» | Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жқмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. | 29.10.21 |
| «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік) | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына | 1 05.11.21 |
| «Құстар» | Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап | 1 12.11.21 |
| «Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр» | Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | 1 19.11.21 |
| **Желтоқсан** | | 1 |
| «Қыстағы шуақты күн.» | балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу. | 26.11.21 |
| «Түзу жолда, мен жүремін тура» | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 03.12.21 |
| «Мерекелік отшашу» | Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру,отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу,Бала қиялын дамыту ,әдемілікке ,әсемдікке тәрбиелеу. | 1 10.12.21 |
| «Ұзын құлақ сұр қоян» | Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту | 1 24.12.21 |
| **Қаңтар** | | 1 |
| «Аққала» | Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту. | 31.12.21 |
| «Қысқы шыршалар» | Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге,ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу | 1 14.01.22 |
| «Сиқырлы | Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| **таякшалар»** | таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, карындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таякшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | 21.01.22 |
| **«Қар кесегі»** | Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.Қарды орналастыра білу,түсті сезіне білуге баулу | 1<br>28.01.22 |
| **Ақпан** | | 1 |
| **«Атама арналған тымақ»** | Балаларға киім туралы түсінік бере отырып,тымақпен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | 04.02.22 |
| **«Әдемі көйлек»** | Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөртаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу. | 1<br>11.02.22 |
| **«Саты»** | Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көңіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | 1<br>18.02.22 |
| **«Қуыршақтың мойынорағышы»** | Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. | 1<br>25.02.22 |
| **Наурыз** | | 1 |
| **«Анама арналған моншақтар »** | Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңлелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 04.03.22 |
| **«Кесені әшекелейміз»** | Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1<br>11.03.22 |
| **« Алжапқышты әшекейлейміз ( киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»** | Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту. | 1<br>15.03.22 |
| **«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»** | анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлың басқа да аналардықұрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1<br>25.03.22 |

| | | |
|---|---|---|
| **Сәуір** | | **1** |
| **«Күн жарқырап, шөп өсті»** | Балаларды боямен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекітк. Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу. | 01.04.22 |
| **«Бақбақ»** | Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу. | **1** 08.04.22 |
| **« Балапандар көк шалғында»** | Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқыламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту. | **1** 15.04.22 |
| **«Машина»** | Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс әрекетінде бере білуге жаттықтыру. Тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерін тұратын заттық сурст салу дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету. | **1** 22.04.22 |
| **Мамыр** | | **1** |
| **« Кілемше»** | Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | 6.05.22 |
| **Атама арналған тымақ.** | балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу. | **1** 13.05.22 |
| **«Сылдырмақ»** | Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік өорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту. | **1** 20.05.22 |
| **«Қуыршаққа арналған сақина»** | Балаларды сақинанаң дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **1** 27.05.22 |
| **Барлық сағат саны:** | | **36** |

Бекітемін:
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту
басқармасының Төлеби аудандық адами әлеуетті
дамыту бөлімінің «Балаби» бөбекжайы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
меңгерушісі ________ Л.А.Ахметова

# «Балауса» ересек тобы «Ойнайықта ойлайық»

## вариативтік компоненті

*2021-2022 оқу жылы*

**КІРІСПЕ**

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Ойнайықта ойлайық» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Ойнайықта ойлайық» вариативтік компонент мектепке дейінгі (4-5 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС- ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған «Ойнайықта ойлайық» вариативтік компонент 4-5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар , қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім , білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОІӘ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр, «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін , көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яицо»,«Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

| | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Кәне, кім тапқыр!» | Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау ,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру. | 1 | 7.09 |
| 2 | «Хайуанаттар бағындағы қызықтар» | Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | 1 | 14. 09. |
| 3 | «Кішкентай математиктер» | Балаларды жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес,ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру. | 1 | 21. 09 |
| 4 | «Ойнайық,та ойлайық» | Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету, ой-өрісін кеңейту. | 1 | 28. 09 |
| 5 | «Үздік логиктар» | Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру. | 1 | 05. 10 |
| 6 | «Пішіндер сыры» | Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.Тапқырлыққа, ептілікке,жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу. | 1 | 12. 10 |
| 7 | «Ғажайып тапсырмаларға саяхат» | Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу. | 1 | 19. 10 |
| 8 | «Ғажайып тапсырма әлемі» | Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру , білімдерін жан жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу | 1 | 26. 10 |
| 9 | *«Тапқыр болсаң, тауып көр»* | Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту. | 1 | 02. 11 |
| 10 | «Логика сыры» | санау ұғымдарын одан әрі жалғастыру, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау,белсенділікке баулу. | 1 | 09 11 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ойна да ойлан! | Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын,қысқа,биік,аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту. | 1 | 16. 11. |
| 12 | Ойна,ойла,жікте ! | Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 1 | 23. 11 |
| 13 | Зейінді бол | Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету | 1 | 30. 11 |
| 14 | «Жүзден жүйрік» | сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру. | 1 | 07. 12. 21 |
| 15 | «Сиқырлы қораптың қызықтары» | заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиінін дамыту. | 1 | 14. 12. 21. |
| 16 | «Кішкентай тапқырлар» | Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру.Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету | 1 | 21.12.21 |
| 17 | «Логиктарға тапсырма» | Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру. | 1 | 28. 12. 21 |
| 18 | «Көңілді логиктар» | Балалардың ойлау қабілеттерін, зеинін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу. | 1 | 11. 01. 22 |
| 19 | « Бақаның қызықты тапсырмалар» | Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру,кеңістікте орналасу қалпын анықтау.Топтастырыл-ған бейнені таба білуге машықтандыру. | 1 | 18.01.22. |
| 20 | Логика сыры | Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту. | 1 | 25.01.22 |
| 21 | «Ұлудың көңілді тапсырмасы» | Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру. | 1 | 01.02.22 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ойнап жүріп, ойлайық! | Балалардың зиінін қызықты тапсырмалар арқылы жетілдіру, логикалық есептерді орындай білуге дағдыландыру. | 1 | 08. 02 |
| 23 | «Ойлан тап» | Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру. | 1 | 15. 02 |
| 24 | «Ойнайық, шешпей оны қоймайық» | Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру. | 1 | 22. 02 |
| 25 | «Тез ойла,ойна!» | Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | 1 | 01. 03 |
| 26 | « Математика әлемінде» | Геометриалық денелерді атау,ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды ,кейін тура санау қабілеттерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін,тапқырлықтарын дамыту,достыққа тәрбиелеуге, ойын түрде білімдерін тиянақтау. | 1 | 15. 03 |
| 27 | Кім жылдам? | Балаларды санау дағдыланрын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін бекіту. | 1 | 29 03 |
| 28 | «Пысықтаушы логика жаттығулары» | Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері;ақыл-ой белсенділігін күшейту,шапшандылыққа,дәлдікке тәрбиелеу. | 1 | 05. 04 |
| 29 | ««Бауырсақтың тапсырмалары» » | сандар , пішіндер туралы білімдерін жетілдіру.Логикалық есептерді шығару дағдыларын дамыту. | 1 | 12. 04 |
| 30 | «Логикалық жаттығулардың сиқыры» | кеңістікте бағдарлай алуға , зейіндерін, қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы дамытуға,белсенділікке,тапқырлыққа үйрету. | 1 | 19. 04 |
| 31 | «Пішіндер тапсырмалары» | Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру,логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру. | 1 | 26.04 |
| 32 | Қызықты тапсырмалар | заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | 1 | 03.05 |
| 33 | «Тапқыр болсаң,тауып көр» | Пішіндер жайлы білімдерін бекіту,логикалық ойлауларын,қиялдарын дамыту. | 1 | 10.05 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34 | «Қызықты математика» | логикалық ойлаул қабілеттерін, қиялдарын дамыту.ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту | 1 | 17.05 |
| 35 | «Сандықтағы қызықты тапсырмалар» | логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту. | 1 | 24.05 |
| 36 | Не білдім,не үйрендім | Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау; есептеу дағдыларын жаттықтыру; геометриалық пішіндер және геометриялық денелер туралы білімдерін бекіту; баланың тілін, ойын танымдық қабілетін дамыту. | 1 | 31.05 |
| | Барлығы | | 36 сағат | |